

**Б 67(5К)
А94**

Г. Б. Ахмеджанова, С. К. Бастемиев

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ – АТҚАРУ
ҚҰҚЫҒЫ**

TORAIKHUROV UNIVERSITY
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫҚ БІЛІМ АЛМАНЫ»

Павлодар

867(5K)
A94

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Г. Б. Ахмеджанова, С. К. Бастемиев

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ – АТҚАРУ
ҚҰҚЫҒЫ**

5В030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша оқитын
студенттерге арналған оқу құралы
(Жалпы бөлім)

Павлодар
Toraighyrov University
2019

ӘОЖ 340.1 (075.8)
КБЖ 67.408 (5каз) я.73
А94

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесі баспадан шығаруға ұсынған

Пікір сарапшылар:

Б. Х. Олжабаев – заң ғылымдарының кандидаты, С. Торайғыров атындағы ПМУ «Құқықтану» кафедрасының доценті;

В. Н. Жамулдинов – заң ғылымдарының кандидаты, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті;

С. Қ. Жетпісов – заң ғылымдарының кандидаты, Инновациялық Еуразиялық университетінің әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры.

Ахмеджанова Г. Б., Бастемиев С. К.

А94 Қазақстан Республикасының қылмыстық – атқару құқығы : 5В030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған оқу құралы (Жалпы бөлім) / Г. Б. Ахмеджанова, С. К. Бастемиев. – Павлодар : Toraihyrov University, 2019. – 103 б.

ISBN 978-601-238-941-8

«Қылмыстық – атқару құқығы» курсының жалпы бөлімін қамтитын оқу құралында аталған курстың оқу бағдарламасында көрсетілген негізгі тақырыптар және Қазақстанның пенитенциарлық жүйесінің тарихи – құқықтық негіздері қарастырылған.

Оқу құралы еліміздің жоғарғы оқу орындарында 5В030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған.

С. Торайғыров
атындағы ПМУ-дің
академик С. Бейсем
атындағы ғылым

ӘОЖ 340.1 (075.8)
КБЖ 67.408 (5каз) я.73

ISBN 978-601-238-941-8 © Ахмеджанова Г. Б., Бастемиев С. К., 2019
© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019

Материалдардың дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателерге авторлар мен құрастырушылар жауапты

Кіріспе

Қазақстан Республикасында жүріп жатқан демократияландыру және ізгілендіру үрдістері қарастырылып отырған қылмыстық-атқару саласындағы мемлекеттік қызметінің саясатын ары қарай жетілдіруді және қылмыстық жазалауларды орындауды дүниежүзілік қауымдастық стандарттарына, қағидаларына сәйкестендіруді талап етеді.

Жаза – қажетті объектілерлі, жеке тұлғаны, оның құқықтарын, заңды мүдделерін, мүліктерін, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, конституциялық құрылым мен еліміздің аумақтық бүтіндігін қорғау үшін арналған мемлекеттің маңызды құралы. Ол қылмыстық жазаны реттеудің негізгі нысаны және қылмыстың алдын алудың бір шарасы болып табылады. Қылмыстық жазаны нақты және нәтижелі ұйымдастырып орындау, ақыр аяғында әлеуметтік әділеттіктің орындауына, сотталғанның түзу жолға түсуіне, сотталғандармен және басқа тұлғалармен жасалатын жаңа қылмыстардың алдын алуға әкелуі тиіс.

Бұл оқу құралының мақсаты – «Қылмыстық – атқару құқығын» жаңа Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық – атқару кодекстерін қабылдаумен байланысты қазіргі уақыттағы Қазақстан Республикасындағы қалыптасқан әлеуметтік-құқықтық жағдайда оқытуды қамтамасыз ету.

Беріліш отырған оқу құралында «Қылмыстық – атқару құқығы» курсы жалиы бөлімінің негізгі тақырыптары қарастырылған, олар осы аталған курстың бағдарламасы негізінде дайындалған.

Бұл оқу құралында сондай-ақ жаңа тақырып «Қылмыстық – атқару заңнамасы мен Қазақстанның пенитенциарлық жүйесінің тарихи-құқықтық негіздері» қарастырылған. Авторлардың ойынша қылмыстық жазаны атқарушы мекемелер жүйесінің қалыптасуын тарихи-құқықтық аспектіде оқын білудің маңызды ғылыми мәні бар. Ол бүгінгі түзеу мекемелерінің қызмет ерекшеліктерін талдап білуге, бұл мекемелердің даму бағытын анықтауға, осылардың негізінде жалпы көлемде оларды одан әрі жетілдірудің жолдарын атап көрсетуге көмектеседі.

Бұл оқу құралы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық – атқару заңнамаларына, адам мен азамат құқықтары және сотталғандармен айналысудың халықаралық актілеріне, сондай-ақ қылмыстық-атқару ғылымымен айналысатын отандық, шетел ғалым заңгерлердің еңбектеріне және мұражай деректеріне сүйеніп жазылған.

1 Қазақстан Республикасының қылмыстық – атқару құқығының ұғымы мен міндеттері

1.1 Қылмыстық – атқару құқығының түсінігі

Қылмыстық жаза дегеніміз қылмыс жасаған кінәлі адамға сот үкімімен тағайындалатын қылмыстық заңмен бекітілген мемлекеттік күштеудің ерекше шарасы. Сот қылмыстық жаза тағайындағанда заңда көрсетілген қылмыстық жаза мақсатына жету жолдарын қарастырады. Қылмыстық жаза мақсаты ҚР Қылмыстық кодексінің 38-бабында, ҚР Қылмыстық – атқару кодексінің 2-бабында көрсетілген. Қылмыстық жазаның мақсаты болып саналатындар:

- әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру;
- сотталғандарды түзеу;
- сотталғандардың жаңа қылмыстар жасауының алдын алу;
- өзге адамдардың жаңа қылмыстар жасауының алдын алу.

Сот тағайындаған қылмыстық жазаны орындаған кезде әр алуан қоғамдық қатынастар туындайды. Қылмыстық – атқару құқығы сол қоғамдық қатынастарды реттейді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық – атқару құқығының өзіне тән пәні, әдістері мен тәсілдері және норма жүйесі бар болғандықтан бұл құқық саласы өз алдына дербес құқық саласы болып саналады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық – атқару құқығының өзіне тән пәні бар. Қылмыстық – атқару құқығының пәні осы құқық саласы қандай қоғамдық қатынастарды реттейді деген сұраққа жауап береді. Олай болса Қылмыстық – атқару құқығының пәні деп барлық барлық қылмыстық жазалар түрлерін атқару кезінде пайда болатын және осы құқық саласының нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастарды айтамыз.

Қылмыстық – атқару құқығының пәні болып заң нормаларымен реттелетін қылмыстық жазаларды орындаушы мекемелер мен органдардың қызмет тәртібі саналады. Әр түрлі жазаларды атқаратын мекемелер, органдар және сотталғандар арасында пайда болатын қатынастар да қылмыстық – атқару құқығының пәні болып есептеледі. Осы құқық саласының пәніне сотталғандардың түзеу үрдісіне қатысатын жұртшылықтың, жеке тұлғалардың, мекемелер мен кәсіпорын және қоғамдық ұйымдар арасындағы құқық нормаларымен реттелетін қатынастар да кіреді. Жазыларын өтеп шыққандарға көмек көрсету, олардың әлеуметтік жағдайларға бейімделуі кезінде пайда болатын қоғамдық қатынастар да осы құқықтың пәні болып саналады.

Қылмыстық – атқару құқығының пәніне сотталғандарды түзету үрдісі кезінде қолданылатын түзету құралдарын қолдану тәртібі де жатады.

Қылмыстық – атқару құқығының құқықты реттеу әдістері мен тәсілдері бар. Қылмыстық – атқару құқығының әдісі дегеніміз қоғамдық қатынастарды реттеуде қолданылатын әдістер мен тәсілдердің жиынтығы.

Қылмыстық – атқару құқығының пәні мен әдістерінің айырмашылығы сонда, қылмыстық-атқару құқығы қандай қоғамдық қатынастарды реттейді деген сұраққа қылмыстық – атқару құқығының пәні жауап берсе, ал сол қоғамдық қатынастарды құқық нормаларымен қалай реттейді деген сұраққа қылмыстық – атқару құқығының әдістері жауап береді. Олай болса, қолданылатын әдістер мен тәсілдердің түрлері қоғамдық қатынастардың ерекшеліктеріне байланысты болады.

Қылмыстық – атқару құқығында мынадай әдіс түрлері қолданылады: императивті әдіс, диспозитивті әдіс, ұсыныстық әдіс, мадақтау әдісі және тағы басқалары.

Қылмыстық – атқару құқығында құқықтық реттеудің негізгі әдісі императивті әдіс (биліктің бұйырық әдісі) болып табылады.

Диспозитивті әдіс дегеніміз субъектілерге белгілі бір шекте өз арақатынастарын өздері шешуге мүмкіндік беретін әдіс.

Мадақтау әдісі дегеніміз қоғамға пайдалы мақсатқа жету жолдарын мадақтау арқылы субъектілердің шешім қабылдауларына әсер ететін әдіс. Ұсыныстық әдіс дегеніміз құқық субъектілеріне мақсатты тәртіп нұсқамасын ұсыну арқылы әсер ету әдісі. Басқа құқық салалары сияқты қылмыстық – атқару құқығының да нормалар жүйесі бар. Нормалар жүйесі деп заң нормаларының белгілі бір тәртіппен орналасқан құрылымын айтамыз.

Қылмыстық – атқару құқығы жеке сала болса да ол өзіне басқа да салалардан мысалы, қылмыстық құқық, азаматтық құқық салаларынан кірген кейбір нормаларды қабылдайды. Керісінше қылмыстық- атқару құқығының кейбір нормалары басқа құқық салаларына кіреді. Бұл нормалардың құқықтық жаратылысына байланысты басқадай қарым-қатынасты да реттейтіндігін еске сақтау қажет, солай болғандықтан, ол өзінің маңызын өзгертеді. Сол себептен оларды таза күйінде құқықтың басқа салаларының нормалары деп есептемеу керек.

Қорыта айтқанда қылмыстық – атқару құқығы дегеніміз Қазақстан Республикасының заң шығару органы қабылдаған қылмыстық жазаларды атқару кезінде пайла болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін заң нормаларының жиынтығы.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық – атқару құқығының өзіне тән пәні, құқықты реттеу әдістері мен тәсілдері және құқықтық нормалар жүйесі бар. Осы үш элементтің бар болу себебінен қылмыстық – атқару құқығы өз алдына жеке құқық саласы болып есептеледі.

1.2 Қылмыстық – атқару құқығының қағидаттары

Қылмыспен күресу саласында мемлекет белгілі бір саясат жүргізеді. Қылмыспен күрес әр алуан бағыттарда жүретіндіктен жүргізілетін саясатта бірнеше түрге бөлінеді: қылмыстық – құқықтық саясат; қылмыстық іс жүргізу саясаты; қылмыстық – атқару саясаты; постпенитенциарлық саясат.

Қылмыстық – атқару саясаты – бұл мемлекеттің қылмыстық жазаларды орындау саласындағы саясаты, ол осы саладағы мемлекеттік органдар мен қоғам қызметінің негізгі нысандарын, мақсаттарын, мазмұнын анықтайды және де қылмыстық жазаларды атқаруға шақырған мемлекеттік органдардың құқық қолдану қызметі мен қылмыстық – атқару заңнамасында жүзеге асырылады.

Мемлекет өзінің қылмыстық – атқару саясатына сүйеніп және оны көрсете отырып қылмыстық – атқару заңнамасын құрастырады, қылмыстық жазаны атқаратын мемлекеттік мекемелер мен органдар жүйесін құрады.

Қылмыстық – атқару саясатының стратегиясы, негізгі нысандары, заңнамалары қоғамда қалыптасқан экономикалық жағдайға, қоғамның адамгершілік жағдайына, оның құқықтық санасы деңгейіне, адам құқықтары бойынша халықаралық актілерге тағы да басқа жағдайларға байланысты болады.

Сонымен қатар қылмыстық – атқару саясатының бағыты, қабылданатын заңдар мен заң нормалары белгілі бір қағидаттарға негізделуі тиіс. Олар барлық қылмыстық – атқарудың заң шығаруы арқылы өтеді және міндетті түрде мыналарды көрсетеді:

- қылмыстық – атқару саясатының жалпы бағытын көрсетеді;
- қылмыстық – атқару заңын жетілдіруді және негізгі даму бағытын айқындайды;
- жалпы құқық қағидаларымен ара қатынаста және іштей келісімде болады;
- тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Қылмыстық – атқару құқығының қағидаттарына жалпы құқықтық, салалық (арнайы) және салааралық қағидаттар кіреді.

Жалпықұқықтық (Конституциялық) қағидаттар: заң алдында баршаның теңдігі, демократизм, жариялық, кінәсіздік презумпциясы т.б.

Заң алдындағы баршаның теңдік қағидаты сотталған адамдардың құқықтық мәртебелері олардың ұлтына, ана тіліне, жынысына, дініне, әлеуметтік және басқада жағдайына байланысты болмауын талап етеді. Адам мен азаматтар заң алдында тең құқықты. Бұл қағидат Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 1-тармағында бекітілген [1].

Демократизм қағидатының мағынасы біріншіден, қылмыстық атқару заңын, оның нормалары тек қана заңды жолмен және халық атынан заң шығарушы органдар қабылдауын қажет етеді. Екіншіден, демократизм дегеніміз заңмен белгіленген құқықтар мен бостандықтарға иелік етіп, сонымен қатар заңға бағыну, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбау болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс екені бекітілген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық – атқару кодексінің 5-бабында мынадай арнайы қағидаттар көрсетілген:

- 1) адам және азамат құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау;
- 2) заңдылық;
- 3) ізгілік;
- 4) жазаларды орындау шарттарын саралау;
- 5) жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындауды даралау;
- 6) мәжбүрлеу шараларын ұтымды қолдану;
- 7) түзелуге ықпал етумен жазаны сабақтастыру;
- 8) сотталғандардың құқыққа бағынушылық және белсенді, қоғамға пайдалы мінез-құлқын ынталандыру қағидаттарына негізделеді.

Біздің ойымызша заңдылық қағидатының мағынасына мыналар кіреді: қылмыстық жазалардың орындалу тәртібі мен шарттары тек қана заңмен белгіленуі тиіс; сотталғандар қылмыстық жазаны өтеген уақытта заңмен бекітілген міндеттерді ғана орындап және заңда көрсетілген құқықтарға ғана иелік етулері қажет; қылмыстық жазаны орындаушы субъектілердің қызметтері тек қана заң негізінде жүргізілуі керек; қылмыстық – атқару заңын, оның нормаларын тек қана заңды жолмен қабылдау қажет. Ізгілік қағидаты сотталғандарға кішіпейілділік білдіру, олардың мұқтажына ықыласпен қарау, дер кезінде медициналық, әлеуметтік көмек көрсету, жазаны өтегеннен кейін оларды еңбекке орналасуға, күнделікті тұрмысына көмектесу,

сотталғандардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету т.с.с. талап етеді.

Қылмыстық – атқару құқығының ізгілік қағидаты тек қана мемлекеттердің шығарған заңдарында ғана емес, адам құқығы және сотталғандармен айналасу туралы көптеген Халықаралық актілерде бекітілген.

Жариялық қағидаты сотталғандарды тәрбиелеу жұмысына жұртшылықты, азаматтарды, басқа да мекемелер мен кәсіпорын әкімшіліктеріп тартуға, олардың жазаны атқару органдарының қызметіне бақылау жүргізуін талап етеді. Жариялық қағидаты қылмыстық жазаны атқаруға, сотталғандарды түзеу жұмыстарына байланысты ақпараттарды құпия ұстамай, керісінше оларды жұртшылыққа жеткізіп отыруды талап етеді. Жазаларды атқарудың саралау қағидаты сотталғандарды жастарына, жыныстарына, соттылықтарына байланысты топтарға бөліп, оларды жекелеп ұстау талабын қояды. Жазаларды атқарудың жеке дара қағидаты тәрбие жұмысын жүргізгенде сотталғандарды түзеудің негізгі құралдарын қолданған кезде әрбір сотталған адамның педагогикалық, психологиялық, физиологиялық т.с.с. тек қана сол жеке тұлғаға тән ерекшеліктерді ескертуді талап етеді. Жазаны түзеу ықпалымен біріктіруді қамтамасыз ету принципі қылмыстық жазаны өтеу кезінде сотталғандармен тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыруды, сотталғандарды түзеудің негізгі құралдарын қолдануды талап етеді.

Жоғарыда аталған қылмыстық – атқару құқығының қағидаттары бір – бірімен өзара тығыз байланысты. Осы қағидаттардың талаптарын қылмыстық – атқару саясатының бағытын белгілегенде, қылмыстық – атқару заң нормаларын қабылдағанда, жазаны орындаушы мекемелер мен органдардың күнделікті қызметтеріне ескерту керек.

Біздің ойымызша қылмыстық – атқару заңдарының қағидаттары көрсетілген Қазақстан Республикасының ҚАК 5-бабына мына қағидаттарды қосса дұрыс болар еді: прогрессивтік жүйені дамыту; жабық түзеу мекемелері (колония) жатақханаларынан түрме камераларына біртіндеп көшу; жабық түзеу мекемелерінен (колония) біртіндеп колония – қоныстарға көшу; жазалау шараларын үнемдеу; сотталғандарға постпенитенциарлық көмек көрсету.

1.3 Қылмыстық – атқару құқығы ғылымы

Қылмыстық – атқару құқығы ғылымы бұл қылмыстық жазаларды атқару мекемелері мен органдардың даму тенденциялары мен заңдылықтарын зерттеуге, қылмыстық – атқару заңының

институттары мен нормаларын жетілдіруге, жаза максатына жету әдістері мен құралдарын дамытуға бағытталған білім саласы. Қылмыстық – атқару құқығы ғылымы зерттейтін қоғамдық – құқықтық құбылыстар осы ғылымның пәні болып саналады.

Қылмыстық – атқару құқығы ғылымы құқық саласына сәйкес келгенімен, оның пәні қылмыстық – атқару құқығының пәнінен едәуір кен. Қылмыстық – атқару құқығы ғылымының пәні ретінде мыналар зерттеледі:

- қылмыстық – атқару құқығының негізгі құрамы мен заңдылығы;
- қылмыстық – атқару құқығының негіздері мен қылмыстық – атқару

- заңдарының жүйесі;

- қылмыстық жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың қызметін

- құқықтық реттеу;

- қылмыстық жазаны атқару саласындағы мемлекеттік саясат;

- қылмыстық атқару заңдары мен қылмыстық жазаны атқаратын мекемелердің даму тарихы;

- шет мемлекеттердің қылмыстық – атқару құқығы мен пенитенциарлық жүйесі;

- қылмыстық – атқару институттары мен нормалары;

- қылмыстық жазаны атқарушы мекемелер мен органдар қызметін ұйымдастыру;

- қылмыстық жазаны атқару туралы халықаралық актілер;

- қылмыстық – атқару құқықтық қатынастары;

- жазаларды орындау үрдісі және сотталғандарға әсер етуге қолданылатын түзеу шаралары;

- қылмыстық жазаларды атқару мәселелері бойынша халықаралық

- мемлекеттер бірлестігінің тарихи дамуы мен қазіргі жағдайы;

- сотталғандарды түзеу әдістері мен құралдары.

Қазақстан Республикасының қылмыстық – атқару құқығы ғылымының әдістемелік негізі жалпығылыми (философиялық) әдіспен бірге жеке ғылыми әдістерде қолданылады.

Мысалы, салыстырмалы – құқықтық әдіс, нақтылы – әлеуметтік әдіс, жүйелілік әдіс, статистикалық әдіс т.с.с.

Қазіргі кезде Қазақстанда жоғары оқу орындарының ішінде қылмыстық – атқару құқығы проблемаларын зерттеуді жетілдіруге Эль-Фараби атындағы мемлекеттік ұлттық университеті мен Абай атындағы мемлекеттік университетінің « Қылмыстық құқық және

криминология» кафедралары, ҚР ӘМ ҚАЖК Қостанай Академиясы және басқа да оқу орындары қатысуда.

1.4 Қылмыстық – атқару құқығы курсының жүйесі және оның пәні

Қылмыстық – атқару курсы үш бөлімнен тұрады: Жалпы, Ерекше және Арнаулы.

Қылмыстық – атқару құқығының жалпы бөлімінде жалпы сұрақтар: ҚР қылмыстық – атқару заңдары; сотталғандардың құқықтық жағдайы; жазаны орындайтын мемлекеттік мекемелер мен органдардың жүйесі; жазаны орындау құқығының негізін зерттеу, тағы басқалары қарастырылған.

Ерекше бөлімде әр түрлі қылмыстық жазаларды атқару тәртібі, сол сияқты бас бостандықтарынан айырылған сотталғандарды жіктеу, еңбекті, режимді, сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізуді құқықпен реттеу, олардың материалдық – тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ету, медициналық қызмет көрсетумен қатар әр түрлі түзеу мекемелерінде жазаны өтеудің ерекшеліктері және басқа да түйінді проблемалар қарастырылады.

Арнаулы бөлімде қылмыстық жазаны атқарудың халықаралық тәжірибелері мен Халықаралық актілерге сипаттама беріледі.

Тақырып бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған сұрақтар

1. Қылмыстық – атқару құқығының түсінігі және пәні.
2. Қылмыстық – атқару құқығының басқа пәндермен өзара байланысы.
3. Қылмыстық жазаның түрлері.
4. Қазақстан Республикасының қылмыстық – атқару саясатының түсінігі және міндеті.
5. Қылмыстық – атқару құқығының қағидаттарының түсінігі.
6. Қылмыстық – атқару құқығы қағидаттар жүйесі (жалпықұқықтық, салааралық, салалық қағидаттар).
7. Қылмыстық – атқару құқығының ғылымы, пәні және міндеті.
8. Қылмыстық – атқару құқығы ғылымының пенитенциарлық педагогика мен пенитенциарлық психология және жазаны атқаратын пенитенциарлық мекемелер мен басқа да органдардың тәжірибелерімен байланысы.
9. Қылмыстық – атқару құқығы курсының жүйесі.

2 Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесінің тарихы

2.1 Қазақстанның түрмелерінің тарихи – құқықтық негіздері

Көшпенділердің, яғни қазақтардың жазалау жүйесінде бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы әдетте қолданылмаған. Көшпенділерде негізгі жаза ретінде айыппұл төлеу, мысалы, қылмыскер кісі өлтірген кезде құн, ал басқадай қылмыс жасаған кезде айып төлейтін болған.

Осыған орай қазақ қоғамында түрме салу және осы сияқты мекемелердің қажеттілігі болмаған. Қазақстан аумағында түрме салу патшалық Ресейдің колониялық саясаты дәуірінде басталған. XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында 20-ға жуық түрме болған.

Бұл түрмелерде қамауда отырғандардың шектен тыс көп болуына байланысты аштық, суық, ауру және сотталғандар арасында адам өлімі көп болған. Түрмелердің қанағаттанарлықсыз жағдайда болуының бір себебі, бірнеше ғасырлар бойында Ресей империясында жазаның мақсаты сазайын тарттыру және қорқыту болып табылған. Бұндай мақсатқа қол жеткізу үшін түрмелерде мықты құлып пен берік күзет болса жетін жатыр. Дәл сондықтан да патшалық Ресейде XX ғасырдың ішінде мысалы, Батыс Еуропа елдерімен салыстырғанда пенитенциарлық білімге деген сұраныс болмаған, осыдан барып пенитенциарлық ғылым қалыптаспаған, қамауға алу орыны қызметінің заңнамалық негізі дамымаған еді.

Түрме қызметінің тағы бір айтарлықтай кемшілігі түрмелерде сотталғандардың арасында өзіне тән салт дәстүрі және өзін ұстау ережесі бар қылмыстық орта қалыптасып, олар басқа сотталғандарға қысым көрсетеді.

XIX ғасырдың соңында Батыс Еуропа елдерінің қысым көрсетуімен патшалық өкімет өзінің ұстанымын қайта қарастырады, қорқыту мен өш алудың орнына түрмеге қамау түріндегі жазаның мақсаты қылмыскерді түзету екендігін мойындайды. Осыған орай патшалық өкімет айдауда жүрген қаторжандарға және айдауда жүрген қоныс аударушыларға қатысты бастарын тақырлап қырып тастау, қамшымен сабау, арбаға байлау сияқты жазалауды өзгерткен, сондай-ақ шартты-жедел босату енгізілді. Бұдан басқа, патшалық өкімет 1905 жылы жаңа түрмелер салуды бастауға мәжбүр болған. Бұл бағдарламаны аяқтауға соғыс және революция кедергі келтірген болатын. 1917 жылы ақпан революциясынан кейін Уақытша үкімет тарапынан түрме жүйесін реформалауға талпыныс жасалған.

Алайда ол да аяқталмай қалған, ал үкіметтің өзі 1917 жылғы Қазан революциясымен орынан тайдырылған.

1917 жылғы қазан айынан кейін бас бостандығынан айыру орындарына басшылық ету РСФСР Халық әділет комиссариатына жүктелген, оның жанынан қамауда ұстаудың Бас басқармасы құрылған, 1918 жылы мамырда жазалаушы болып атын ауыстырған, ал 1919 жылы орталық жазалаушы бөлім болып қайта құрылған. Губерниялық (облыстық) әділет комиссариаттары жанында түрме инспекциялары, ал 1919 жылдан бастап жазалаушы бөлімдер жұмыс істеген.

Қазақстанда 1920 жылы тамыз айында Қазақ автономиялы республикасын құрумен байланысты ҚазКСР Әділет Халық Комиссариаты (ӘХК) енгізумен Қамауда ұстау орнының бас басқармасы (ҚҰОББ) құрылған, оған республика аумағында жұмыс істеген 20 жалпы қамауда ұстау орыны тікелей бағынған. Бұдан басқа ҚазКСР Ішкі Істер Халық комиссариаты (ІХК) құрамында төрт еңбек лагері болған.

1921 жылдың наурыз айының соңында ҚазКСР СНК шешімі бойынша милицияның карауында үйде қамауға алынғандар және ІХК еңбек лагерлерінде отырғандар ҚазКСР Әділет Халық комиссариатының ҚҰОББ құрамына енеді.

Алайда 1922 жылы қамауда ұстау барлық орындары Ф.Э. Дзержинскийдің ұсынысы бойынша РСФСР ІХК карауына берілген болатын. Сондықтан 1922 жылдың жазынан бастап Қазақстанда да барлық қамауда ұстау орындары ҚазКСР ІХК карауына көшкен болатын.

Кеңес үкіметінің басшысы В.И.Ленин Кеңес мемлекетіндегі қамау орындары патшалық түрмелерден өзгеше болуға тиіс екендігін, олардың басты мақсаты қамаудағыларды түзеу болуға тиістігін және түрмелерді тәрбиелеу мекемелерімен ауыстыру қажет деп айтқандығын атап өту қажет [2,б.418].

Арнайы әдебиеттерде көрсетілгендей дәл Кеңес өкіметінің бірінші жылдарында мемлекет басшысы бола отырып В.И.Ленин Халық Комиссариаты Кеңесінің бірқатар декреттері мен қаулыларына қол қойған, мысалы «Губерниялық және облыстық әділет бөлімдерінің жазалаушы бөлімдері жанындағы бөліп таратушы комиссия мекемелері туралы»; 1921 жылғы 21-наурыздағы «Бас бостандығынан айыру және сотталғандарды шартты-жедел босату тәртібі туралы» декрет, 1921 жылғы 28-қарашадағы «РСФСР бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың және бас

бостандығынан айырусыз мәжбүрлеу жұмыстарын өтеушілердің еңбегін пайдалану туралы» және тағы басқалар.

Қабылданған актілердің арасында 1918 жылы 23-шілдеде РСФСР ӘХК бекіткен «Жазалау шарасы ретіндегі бас бостандығынан айыру және оны өтеу тәртібі туралы» Уақытша нұсқау маңызды орын алады.

РСФСР ӘХК бұл уақытша нұсқауы 1920 жылдың қараша айына дейін қолданылған. Одан кейін 1920 жылдың 15-қарашасында РСФСР ӘХК қаулысымен «Қамауда ұстаудың жалпы орындары туралы ереже» бекітілген, онда қоғамдық пайдалы жұмысты, оқу-тәрбие және мәдени-ағарту жұмысты қолдану, жазаны өту режимі және т.б. толығымен реттелінген болатын. Бұл қаулымен жазаны өтеудің прогрессивті жүйесі бекітілген [3,б.56].

Осылайша, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қамауда ұстау орындары қызметінің құқықтық негізін дамытуға қылмыстық құқықтың классикалық мектебі және түзеу түрмелерін құруда айтарлықтай тәжірибесі бар Батыс Еуропа елдерінің пенитенциарлық жүйесі қызметінің практикасы орасан зор ықпал еткендігін айтуға болады. Бірақ елдегі әлеуметтік-саяси, экономикалық тұрақсыздық және қамауда ұстау орындарының нашар материалдық-техникалық базасы, кадрлардың кәсіптік деңгейлерінің төмендігінен қабылданған құқықтық норманың концептуальдық ережесін іске асыруға мүмкіндік бермеген.

Азамат соғысынан кейін 1921 жылы кеңес үкіметінің басшысы В. И. Ленин социализмге нарықтық экономика арқылы, мемлекеттік капитализм арқылы өтуді ұсынған болатын. Нарықтық экономикаға көшу бірінші кезекте мемлекеттің құқықтық жүйесін құруды талап етті. Осыған байланысты келесі 1922 жылы, мәлім болғандай, ұйымдастырушылық-құқықтық реформа жылы болды. Сондықтан бір жыл ішінде қылмыстық және азаматтық кодекс, жаңа жер және еңбек кодекстері дайындалып, қабылданды. Зандарды қабылдау соттарды реформалаумен бірге жүрді. Сол кезде мемлекеттік прокуратура тағайындалып, адвокатура жүйесі реттелінді. Ал азамат соғыс кезінде жұмыс істеген ревтрибунал және әкімшілік сот ісін жүргізу сияқты сот органдары қысқартылған болатын.

1922 жылы РСФСР Қылмыстық кодексі қабылданғаннан кейін РСФСР бірінші Еңбекпен түзеті кодексі (ЕТК) жобасы әзірленді. Бір жыл ішінде бұл жоба көптеген кәсіпорындар мен ұйымдарда, бұған қоса 1923 жылы Мәскеу қаласында өткен пенитенциарлық іс қызметкерлерінің бірінші Бүкілресейлік съезінде талқыланған.

РСФСР ЕТК 1924 жылғы 16-қазандағы Бүкілодақтық орталық атқару комитеті (БОАК) екінші сессиясының XI шақырылымында

бекітілген болатын және осы кодекс белгілі бір өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жеті жыл бойы қолданылған [4].

1924 жылғы РСФСР ЕТК кіріспе бөлімінде кеңес мемлекетінің түзеу-еңбек саясатының негізгі қағидатері айтылған. Жалпы, РСФСР-дің 1924 жылғы ЕТК барлығы 231-бап болған. Талдау жасау көрсеткендей, Еңбекпен түзеу кодексінің концептуалдық негізі - қамаудағыларды түзеу идеясы болған.

1924 жылғы РСФСР ЕТК қамауда ұстау орындарының жабық типтерін: қамауда ұстау үйі, түзеу-еңбек үйлері және арнайы тағайындалған изоляторларды құруды қарастырғандығын атап өткен жөн.

1924 жылғы РСФСР ЕТК нормаларына сәйкес қамауда ұстау үйлері тергеуде отырған және алты айға дейін бас бостандығынан айыруға үкім шығарылған адамдарды ұстау үшін арналған.

Түзеу-еңбек үйлері алты айдан он жылға дейін бас бостандығынан айыруға үкім шығарылған адамдарды ұстау үшін арналған. Арнайы тағайындалған изоляторлар үш категориядағы, яғни еңбекші табына жатпайтын және таптық әдеттері, көзқарастары немесе таптық мүддесі жағынан адамдар; еңбекші табына жататын, бірақ Республика үшін аса қауіпті болып танылған адамдарды; тәртіптік жазалау ретінде ауыстырылған адамдарды қатаң оқшаулаумен бас бостандығынан айыруға үкім шығарылғандарды ұстау үшін арналған болатын. 1924 жылғы ЕТК нормаларына сәйкес аталған мекемелерде сотталғандарды камералар, топтар бойынша ұстау қарастырылғандығы фактісін атап өтпеуге болмайды.

Сотталғандарды ұстау режимі 1924 жылғы РСФСР ЕТК нормаларында қарастырылған жазаны өтеудің прогрессивті жүйесі туралы ережеге негізделген болатын. Оның мәнісі сонда, сотталған қамауда ұстау орнында жазасын өтей жүріп, бірнеше кезеңнен өтуге тиісті болатын, оның өзін-өзі ұстауы мен жазаны өтеу мерзіміне байланысты оны ұстау жағдайы да өзгеруге тиісті болатын. Мәселен, ЕТК 100-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру орындарында үш разрядты: бастапқы, ортаңғы және жоғарғы құру талап етілген болатын. Ал сотталғандарды үш категорияға бөлу қажет болатын:

- бірінші категория – қатаң оқшаулаумен бас бостандығынан айыруға жататын адамдар;

- екінші категория – кәсіби қылмыскерлер, сондай-ақ еңбекшілер табына жатпайтын, өзінің таптық әдет-салты және қозғалысы немесе мүддесі салдарынан қылмыс жасаған сотталғандар;

- үшінші категория – не бірінші категорияға, не екінші категорияға жатпайтын барлық қалған сотталғандар.

Бірінші және екінші категориядағы сотталғандар ЕТМ түскен кезде бастапқы разрядка жатқызылуға тиіс болатын, онда бірінші категориядағы сотталғандар ЕТК 103-бабына сәйкес мерзімнің кем дегенде жартысын өтеуге, ал екінші категориядағы сотталғандар сот тағайындаған мерзімнің кем дегенде төрттен бірін өтеуге тиісті болатын. Орта топқа ауыстырылған сотталғандар барлық мерзімінің үштен бірін өтеуге, тіпті болмағанда кем дегенде онда алты ай отыруға тиісті. Жоғарғыдан басқа барлық разрядтағы сотталғандардың камералары тәулік бойы жабық болуға тиісті. Ал жоғарғы разрядтағы сотталғандардың камералары таңертеңнен кешкі тексеруге дейін ашық болуға тиіс болатын. Қамауда ұстау жағдайын төмендегідей түрде өзгерту қарастырылған:

1) бастапқы разрядтағы сотталғандарға ЕТК 130-бабы талаптарына сәйкес екі аптада бір рет кездесу және шығу, аптасына бір рет сәлемдеме алуына, сондай-ақ олар өздерінің есебіндегі бар ақшасының үштен бірін жұмсай алатын;

2) орташа разрядтағы сотталғандар ЕТК 131-бабының талаптарына сәйкес аптасына бір рет кездесу, шығу және сәлемдеме алуына болатын. Олар өздерінің есебіндегі ақшасының үштен екісін жұмсауына болатын;

3) жоғарғы разрядтағы сотталғандарға ЕТК 132-бабына сәйкес күні бойы олар үшін арнайы бөлінген жер аумағында еркін жүріп тұруына рұқсат берілген; аптасына екі рет кездесу, шығу және сәлемдеме алуына рұқсат етілген, ал өздерінің есебіндегі ақшаның төрттен үшін жұмсауына болатын.

Бұдан басқа ЕТК 143-бабына сәйкес қадағалау комиссиясының қаулысы бойынша орта және жоғарғы разрядтағы сотталғандарға бір апталық және екі апталық демалыс беру қарастырылған болатын.

Арнайы тағайындалған изоляторларда ЕТК 167-бабына сәйкес тек бір ғана бастапқы разрядтағы сотталғандарды ұстау қарастырылғандығын атап өткен жөн. Изоляторлардағы ұстау жағдайы басқа бас бостандығынан айыру орындарымен салыстырғанда барынша қатаң болған. Атап айтқанда, сотталғандарды изолятор территориясынан тыс жердегі жұмысқа пайдалануға мүлдем тыйым салынған. Демалыс беруге және іссапарға жіберуге рұқсат берілмеген. Кездесу, хат-хабар және сәлемдеме алуға екі аптада бір рет ғана рұқсат берілген, ондағы сотталғандар тапқан ақшаларының үштен бірін ғана қажетіне жарата алған. Изоляторда отырған сотталғандарды бөліп таратушы комиссияның қаулысы бойынша орта разрядка ауыстыру арқылы еңбекпен түзеу үйлеріне ауыстыруға рұқсат берілген.

Бұған қоса ЕТК 121-бабына сәйкес мекеменің түріне және разрядына қарамастан қамауда отырғандарға өздерінің киімдерін киіп жүруге және егер заттардың мөлшері мен түрі рұқсат етілген заттардың тізіміне сәйкес келетін болса, онда камерада өздерімен бірге қажетті заттарын қалдыруға рұқсат етілген. Ал тесетін және кесетін заттарға мекеме бастығының тек жазбаша рұқсатымен ғана рұқсат берілген. Сол сияқты барлық мекемелер мен разрядтарда қамауда отырғандарға қатысты бұғау салуға, қол кісенін қолдануға, оларды қарцерге, қатаң бір кісілік орынға жабуға, тамақ бергізбеуге мүлдем тыйым салынған. Арнайы тағайындалған изоляторлардан басқа жерлерде қамауда отырғандарға темір шарбақ арқылы кездесу беруге тыйым салынған.

ЕТК 115-бабына сәйкес әйел жынысты қамауда отырғандарды және тергеуде жүрген қамаудағыларды, сондай-ақ басқа жақтан жіберілген қамауда отырғандарды өзгелерден жеке ұстау қарастырылғандығын атап айту керек.

Аталған кодекс нормасы талаптарына сәйкес қамаудағылардың карантинде болған кезінде кітапханға баруына, газет, журнал оқуына, шахмат ойнауына және т.б. рұқсат берілген. Осы кодекс бойынша тергеуде жүргендерге және сотталушыларға жұмыс істеу түрін өздерінің таңдау құқықын сақтаумен оларды жұмысқа тарту қарастырылған. Мұрағаттық деректер бойынша 1924 жылдан 1929 жылдар аралығында Қазақстанда 13 қамауда ұстау орындары, 9 еңбекпен түзеу мекемелері және 3 арнайы тағайындалған изоляторлар болғандығы анықталды. Мұрағат материалдарынан 1924 жылы еңбекпен түзеу кодексінде көзделген жазаны өтеудің прогрессивті жүйесі туралы деректерді, яғни сотталғандарды категориясы мен разряды бойынша бөлу туралы мұрағаттық материалдарды біз кездестірмедік. Біздің ойымызша жазаны өтеудің прогрессивті жүйесін аяғына дейін жеткізу үшін қиындық тудырған жағдайлар: білікті кадрлардың болмауы; нашар материалдық-техникалық база мен қаражаттың жетіспеушілігі; сотталғандардың мөлшерден көп болуы т.с.с. Сонымен, құрылған заңнамалық негізге қарамастан 20-жылдары түрмелерді түзеу мекемелеріне айналдыруға мүмкіндік болмаған. Олардың атауларына (қамауда ұстау үйлері, еңбекпен түзеу үйлері, арнайы құрылған изоляторлар) қарамастан олар өздерінің сипаты бойынша түрме болып қала берген, онда қамаудағылар патшалық Ресей кезіндегі сияқты жалпы түрме камераларында ұсталған. 1928 жылдан бастап Кеңестік социалистік республикалар Одағындағы (КСРО) қамауда ұстау орындарындағы сотталғандардың саны күрт көбейе бастаған.

Сол себептен арнайы изоляторларда сотталғандардың басқа да категориялары бірге ұсталды. Бірақ сотталғандарды бұндай жабық типтегі мекемелерде ұстау орасан зор қаражатты талап етті, ел бюджетіне айтарлықтай салмақ түсірді. Осының бәрі қылмыстық жаза атқару мекемелерімен органдарын реформалауға себеп болды.

1929 жылдың жазында Бүкілодақтық коммунистік партиясының саяси бюросының қолдауымен КСРО-да екі жүйе құрылды: КСРО Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (БМСБ) еңбекпен түзеу лагерлер жүйесі, онда үш жылдан бастап одан көп мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандар жазасын өтеуге тиіс болатын. Екінші жүйе одақтық және автономиялық республикалардың ПХК қамауда ұстау орындары, онда үш жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айырылған сотталғандар болуға тиіс болды.

КСРО БМСБ-ның еңбекпен түзеу лагерлері сияқты одақтық және автономиялық республикалардың ПХК қамауда ұстау орындары да өзін өзі қамтамасыз ету қағидаі негізінде жұмыс істеуге, яғни өздерін өздері барлық қажетті нәрселермен қамтамасыз етуі тиісті болатын.

Қамауда ұстау орындарын өздерін өздері қамтамасыз ету қағидаіне көшу қолдапылып жүрген еңбекпен түзеу заңнамаларына бірқатар өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді талап етті. 1929–1930 жылдары РСФСР-дің 1924 жылғы Еңбекпен түзеу кодексіне бірқатар өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда: қамаудағыларды қатаң оқшаулау жойылды, бөліп таратушы және қадағалушы комиссиялары жойылды т.с.с.

1933 жылы РСФСР ӘХК бастамасы бойынша жаңа еңбекпен түзеу кодексі дайындалып, ол Бүкілодақтық орталық атқару комитеттің (БОАК) 1933 жылғы 1-тамыздағы қаулысымен бекітілген болатын [5]. Өзінің құрылымы бойынша РСФСР-дің 1933 жылғы ЕТК бас бостандығынан айырусyz еңбекпен түзеу жұмысы; бас бостандығынан айыру; еңбекпен түзеу жұмысымен біріктірілген жер аудару; бақылау комиссиясы; шартты-жедел босату және жұмыс күнін есепке алу; еңбекпен түзеу мекемелерін басқару; еңбекпен түзеу мекемелері жүйесінің қаражаты, оларды пайдалану тәртібі және есеп беру сияқты 7 тараудан тұрған. Жаңа кодексте барлығы 147 бап болған. РСФСР-дің 1933 жылғы ЕТК басты ерекшелігі сонда, онда таптық көзқарас айқын көрсетілген болатын. Бұл туралы кодекстің 1-бабы дәлел болады, онда: «Капитализмнен коммунизмге өтпелі кезеңдегі пролетариаттың қылмыстық саясатының міндеті пролетариаттың диктатурасын және олар жүзеге асырып жатқан социалистік құрылысты таптық-дүшпандық элементтер, сол сияқты

атындағы ПМУ-дің
академик С.Бейсемі
атындағы ғылым
КІТАПХАНАСЫ

еңбекшілер ортасынан шыққан тұрақсыз элементтер тарапынан қол сұғудан қорғау болып табылады», - деп көрсетілген.

РСФСР-дің 1933 жылғы ЕТК-де төмендегідей қамауда ұстау орындары көрсетілген болатын:

- 1) тергеуде отырғандарға арналған изоляторлар;
- 2) айдауға жіберу пункттері;
- 3) еңбекпен түзеу колониялары;
- 4) бас бостандығынан айырылған кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған мекемелер (индустриалды және ауыл шаруашылық тиіндегі ФЗУ мектептері) және медициналық сипаттағы шараны қолдануға арналған мекемелер.

Көріп отырғанымыздай, РСФСР-дің 1933 жылғы ЕТК-да сотталғандарды ұстау үшін түрмелер құру қарастырылмаған.

Келесі 1934 жылы БМСБ өзінің барлық еңбекпен түзеу лагерлерімен және одақтық және автономиялық республикалардың ӘХК барлық қамауда ұстау орындары КСРО орталық атқару комитеті (ОАК) 1934 жылғы 10-шілдедегі Қаулысымен құрылған КСРО ішкі істер Халық комиссариатының құрамына енген. КСРО ІХК құрылымында еңбекпен түзеу лагерлерінің және еңбек қоныстарының Бас басқармасы (ГУЛАГ) құрылған болатын. Осы тарихи актіден кейін Одақтық және автономиялық республикалардың ӘХК қарамағында болған қамауда ұстау үйлері, тергеу изоляторлары, еңбек колониялары және мәжбүрлеу жұмысы бюросы КСРО ІХК және оның жергілікті органдарының қарамағына берілді [6, б.303]. Осылайша, 1934 жылы барлық құқық қорғау органдары қатаң түрде бір ортаққа жинақталып, тікелей КСРО ІХК бағынған.

Осы арқылы одақтық және автономиялық республикалардың билік органдары мен басқармалары тек қылмыстылықпен күрес проблемасы бойынша ғана емес, сонымен қатар құқық қорғау органдарының қызметіне, оның ішінде қамауда ұстау орындарына бақылау жасаудан толығымен айырылған болатын.

Атап өту керек, түрмелер КСРО ІХК ведомствалық актісімен құрылған. Атап айтқанда, КСРО ІХК 1935 жылғы 8-тамызда №0105 «Тергеу түрмелерін және бас бостандығынан айыруға сотталғандар үшін түрме ұйымдастыру туралы» бұйрығы болған. КСРО ІХК 1935 жылғы 10-қарашадағы №0105 бұйрығының талаптарына сәйкес ІХК ГУЛАГ бастығы М.Д.Берман «Еңбекпен түзеу лагерлерінен жедел түрмелерге сотталғандарды жіберудің тәртібі туралы нұсқаулықты» бекіткен еді [7]. Осы Нұсқаулықтың 1-пунктіне сәйкес еңбекпен түзеу лагерлерінен түрмеге сотталғандардың төмендегідей категориясы ауыстыруға жатқан:

а) революцияға қарсы белсенді іс-әрекет жасаушы және осы үшін лагерде үстеме мерзім алғандар;

б) бірнеше рет қашып шыққан қаскөй бандиттер және өзінің әрекетін одан әрі жалғастырушы және осы үшін лагерге сотталғандар;

в) лагер өміріне іріткі салушы қаскөй түзелмейтін элемент.

Сотталғандардың бұл категорияларын 6 ай бойында айып изоляторында ұстағаннан кейін немесе сот тәртібінде жаза мерзімі қосылған кезде, яғни «ықпал студің барлық шарасы таусылған» соң түрмеге жіберуге рұқсат етілген.

КСРО ІІХК №105 бұйрығының мазмұны тура бір жылдан кейін КСРО ОАК және ХКК 1936 жылғы 8-тамыздағы «КСРО және одақтық республикалардың қылмыстық заңдарының Негізгі бастауының 13-ші және 18-баптарына толықтырулар туралы» Қаулысында көрсетілген болатын. Ал түрмелердің санына келетін болсақ, Қазақстан аумағында 1936-1950 жылдары 23 түрме болған, оларда шамамен 20 мыңнан астам сотталғандар ұсталды. Келесі пенитенциарлық жүйенің реформасы 1961 жылы жабық типті еңбекпен түзеу колонияларын сипумен басталды. КСРО аумағында өзіндік өндірісі бар еңбекпен түзеу колонияларының кең көлемдегі жүйесін құру КСРО Кеңестер Одағы Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті (КОКП ОК) және Министрлер Кеңесінің 1961 жылғы 3-сәуірдегі «КСРО ІІМ еңбекпен түзеу мекемелерінің қызметін жақсарту бойынша шаралар туралы» Қаулысына сәйкес 1961 жылдан басталған болатын [8, б.74].

Осы аталған Қаулымен «КСРО ІІМ еңбекпен түзеу мекемелері және түрмелері туралы жаңа Ереже» бекітілген. Осы Ережемен түрмелерде режимнің екі түрі: жалпы және қатаң енгізілген. Қатаң түрме режимінде еңбекпен түзеу колонияларынан үш жылға дейінгі мерзіммен ауыстырылған режимді қасақана бұзушылар ұсталуға тиіс болатын. Ескеретін бір нәрсе, 60-жылдардың басында тергеу изоляторлары бас бостандығынан айыру орындары жүйесіне кірмеген. Олардың қызметі КСРО Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен бекітілген және 1969 жылы 1-қарашада іске қосылған алдын ала қамауда ұстау туралы Ережемен реттелінген [9, б.642].

60-жылдардың соңында бас бостандығынан айыру орнының негізгі түрі түпкілікті жабық типтегі еңбекпен түзеу колониясы болған кезде КСР Одағының еңбекпен түзеу заңдарының Негізі 1969 жылы ІІ-шілдеде қабылданған болатын. Онда да түрме құру қарастырылған болатын [10]. Осылардың бәрінен кейін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1971 жылғы 17-желтоқсандағы Қаулысымен Қазақ КСР Еңбекпен түзеу кодексі бекітілген [11].

Қазақ КСР-дың 1971 жылғы Еңбекпен түзеу кодексі жеті бөлімнен тұрған, әрбір бөлімде бірнеше тарау болған. Жалпы кодекс 125 баптан тұрған. Аталған кодексте бас бостандығынан айыру түрінде жазаны орындау, жер аудару, басқа жерге жіберу, бас бостандығынан айырусыз түзеу жұмысының тәртібі және жағдайы толығымен реттелінген. Бұдан басқа жазаны өтеуден босатудың негізі және бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамдарға жәрдем жасау көрсетілген, сондай-ақ жұртшылықтың сотталғандарды түзеу мен қайта тәрбиелеуге қатысуы мәселесі реттелінген. ЕТК 12-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру жүйесіне еңбекпен түзеу колониялары, түрмелер және тәрбиелеу еңбек колониялары енген.

Қазақ КСР 1971 жылғы ЕТК 28-бабына сәйкес түрмелерде сотталғандардың төмендегідей категориясы жазасын өтеуге тиісті:

- түрмеде ұстау түрінде бас бостандығынан айыруға сотталған аса қауіпті рецидивистер;

- он сегіз жасқа толуына қарай аса қауіпті мемлекеттік қылмыс жасаған адамдар;

- он сегіз жасқа толуына қарай басқа ауыр қылмыс жасаған, сол үшін бес жылдан көп мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адам;

- ЕТК 72-бабында көзделген негізде еңбекпен түзеу колониясынан ауыстырылған сотталғандар.

Бұдан басқа, түрмеде шаруашылық қызмет көрсету бойынша қалдырылған сотталғандар жазасын өтеуге тиіс болатын. Басқаша айтқанда түрмелерде аса қауіпті қылмыскерлерді және ЕТК ауыстырылған ұстау режимін қасақана бұзушылар отыруға тиісті. Бұл ереже, біз білетіндей 30-жылдардың ортасында түрмелер құрыла бастағанда пайда болған. Түптеп келгенде содан бері ештеңе өзгермеген болып шығады. Өзгеріс тек ұстау жағдайында ғана болған. Ол тек қатал бола түскен. Мәселен, Қазақ КСР ЕТК-да түрме режимінің екі түрі: жалпы және қатаң қарастырылған. Сотталғандар бұндай түрме режимінде жалпы камерада бір-бірінен жеке ұсталуға тиіс болатын. Қажетті жағдайда түрме бастығының дәлелді қаулысы бойынша және прокурордың келісімімен сотталғандар бір кісілік камерада ұсталған. Түрмеде жалпы режимде бірінші рет түрмеде ұстауға сотталған адам және қатаң режимнен ауыстырылған адам ұсталуға тиіс екендігін айту керек. Қазақ КСР ЕТК 30-бабына сәйкес жалпы түрме режимінде сотталғандар азық-түлік және күнделікті қажетті заттарды сатып алу үшін айына үш сомға дейін ақшаны жұмсауына болады; бір жыл ішінде екі қысқа мерзімді кездесуге құқы болған; айына бір рет хат жібере алған және жылына екі бандероль

алуына; ұзақтығы бір сағат болатын күн сайынғы сыртқа шығуына болатын. Қазақ КСР ЕТК 31-бабына сәйкес қатаң режимдегі түрмелерде сотталғандардың бірнеше категориясын ұстау ұйғарылған:

- бұрын түрмеде жазасын өтеген адам;
- бас бостандығынан айыру орнында жасаған қылмысы үшін түрмеде ұстауға сотталған адам;
- түрмеде жазасын өтеу үшін колониядан ауыстырылған адам;
- жазалау шарасы ретінде тағайындалған тәртіпте қатаң режимге ауыстырылған адам.

Қатаң режимдегі түрмеде отырған сотталғандардың азық-түлік және күнделікті қажетті заттарды сатып алу үшін айына екі сомға дейін ақшаны жұмсауына мүмкіндігі болған; екі айда бір рет хат жіберуіне және алты ай ішінде бір бандероль алуына; ұзақтығы жарты сағат болатын күн сайынғы сыртқа шығуына болатын. Кездесу, посылка және сәлемдеме алу қатаң режимдегі сотталғандарға рұқсат етілмеген. Олай болса, жоғарыда айтылғандар негізінде 50-80 жылдардағы түрмеде ұстау жағдайы 30-40 жылдар кезеңімен, ал сонау 20-жылдармен салыстырғанда тіпті қатаң бола түскен деген қорытынды жасауымызға толық негіз болады. Түрмелерде ұстау режимін қатаң етуді былайша түсіндіруге болады, 60–80 жылдары түрмелер еңбекпен түзеу колонияларының қосымша орыны болып табылған, түрмелерге еңбекпен түзеу колонияларынан ұстау режимін қасақана бұзушы сотталғандарды және аса қауіпті қылмыскерлерді жіберуді жалғастырған. Соныменен, Қазақстан түрмелердің қалыптасуы мен даму үрдісін шартты түрде төрт кезеңге бөлуге болады.

1-ші кезең Қазақстан территориясындағы түрме жүйесінің қалыптасуы мен дамуы XVIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап 1917 жылғы қазан революциясы басталғанға дейінгі уақыт аралығын қамтиды. XX ғасырдың басына дейін Қазақстан аумағында 20 түрме салынған. Бұл түрмелердің айтарлықтай кемшілігі сонда, оларда толығы лимитінен бірнеше рет асып түсетін көп мөлшерде сотталғандар отырған. Олардың шамадан тыс толып кетуіне байланысты түрмелерде аштық, суық, ауру және сотталғандар арасында кісі өлімі көп болған. Бұған қоса адамдарды қорқытып ұстау мен кек қайтару мақсатында құрылған Ресей империясының түрмелері қылмыскерді түзеу міндетін шешуге жарамсыз болатын. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясында түрме жүйесіне Батыс Еуропа елдерінің пенитенциарлық жүйесінің

тәжірибесі негізінде реформа жасау басталды, алайда ол объективті себептермен аяғына дейін жеткізілмеген.

2-ші кезең 1971 жылғы қазан және 20 жылдардың аяғы Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-тың пенитенциарлық жүйесі тәжірибесі негізінде қызметін реттейтін нормативтік актілерді әзірлеу және қабылдаумен; бұл актілердің іс жүзінде іске аспауымен сипатталады.

3-ші кезең 1930 жылдың ортасынан 1991 жылға дейінгі уақыт. 1930 жылдың ортасында КСРО ІХК ГУЛАГ ведомствалық актісі негізінде тергеу түрмелері және қызметі КСРО ІХК ГУЛАГ ведомствалық Ережесімен реттелетін сотталғандарды ұстайтын түрмелер құрылған. Түрмелер «түзелмейтін сотталғанның» жеке басына қысым көрсету және оны сындыру қызметін орындаған. Түрмелердің мән-мазмұны ХХ ғасырдың 60-80 жылдары да өзгермеген еді.

4-ші кезең Қазақстанның тәуелсіздік алған сәтінен бастап қазіргі уақытқа дейінгі. Өкінішке орай біздің ойымызша түзеу мекемелері жүйесіне жүргізіліп жатқан реформаларға карамастан әлі күнге дейін не түрмелердің атауы, не мән-мазмұны, не атқаратын міндеті өзгермеді. Түрлелердің қызметі, оларды ұйымдастыру құқықтық негіздері және ерекшеліктері Қылмыстық-атқару пәнінің Ерекше бөлімінде қарастырылады.

2.2 Қазақстанның түзеу колонияларының тарихи-құқықтық негіздері

Еңбек колонияларын (қазіргі колония-қоныстар сияқты ашық мекемелер) салу Қазан революциясынан кейін басталған еді. Артынан Еңбек колониялары (ауыл шаруашылық, қол өнер, фабрикалық) РСФСР-дің 1924 жылғы Еңбекпен түзеу кодексінің нормасында бекітілген болатын. РСФСР-дің ЕТК 150-бабында Еңбек колониялары қатаң оқшаулаусыз бес жылдан көп емес мерзімге бас бостандығынан айыруға үкім шығарылғандар үшін құрылады және онда бірінші рет немесе байқаусызда немесе ауыр материалдық жағдай салдарынан қылмыс жасаған еңбекші адамдар қамауда отырған. Еңбек колонияларында ұстаудың жеңілдетілген режимі қарастырылған. Онда қамаудағылар колония аумағы бойынша еркін жүріп тұрған, оларды қадағалаусыз әр түрлі тапсырмамен колониядан тыс жерге жібере беретін, ал кездесу оларға РСФСР ЕТК 154-бабында көрсетілгендей тікелей берілетін болған.

1924 жылғы ЕТК көрсетілген еңбек колониялары ХХ ғасырдың 20-жылдары Қазақстан аумағында дами қоймаған. Мұрағаттық деректер

бойынша Қазақстан аумағында еңбек колонияларының болғандығы туралы мәліметті таппадық.

Атап өтерлік нәрсе, РСФСР 1933 жылғы ЕТК бойынша бас бостандығынан айыру орындарының негізгі түрі болып төмендегідей типтерге бөлінген еңбекпен түзеу колониялары саналған:

- еңбек етуші элементтердің қатарынан сотталғандарды ұстау үшін -- фабрикалық-зауыттық және ауыл шаруашылығы колониялары;
- таптық жауласқан элементтер мен ауыр қылмыстар жасаған адамдар үшін -- жаппай жұмыс істеу колониялары;
- ұстау режимін қасақана бұзушыларды окшаулауға арналған -- пийыптық колониялар.

Ұстау режимі мәселесі бойынша атап өтерлік бір нәрсе, айыппұл колонияларында сотталғандарды камера бойынша ұстау қарастырылған. Күн сайын кем дегенде бір сағат серуенге шығару қарастырылған болатын.

Қазақстан аумағында 1933 жылдан бастап өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы колониялары және жаппай жұмыс колониялары құрыла бастады. Олардың орналасқан жерлерін біз Б қосымшасында көрсетеміз.

Көріп отырғанымыздай жаппай жұмыс істеу еңбекпен түзеу колониялары контрагенттік жұмыс негізінде құрылған, сондықтан олардың толығы лимиті нақты өндірістің жұмыс күшіне деген қажеттілігіне байланысты болған. Бір жерде жаппай жұмыс істеу еңбекпен түзеу колониясы ашылып жатса, басқа жерлерде жұмыстың аяқталуына байланысты жабылып жатты. Деректер көрсетіп отырғандай, біз қарастырып отырған кезеңде жаппай жұмыс істеу колонияларының лимиті мөлшермен алғанда 100-ден 800 адамға дейін өзгеріп отырған.

Жазасын өтеу режиміне қатысты айтатын болсақ, сотталғандар колония аумағында болсын, сол сияқты өндірістік объектілердің аумағында еркін жүріп, тұратын болған. 1933 жылғы Еңбекпен түзеу кодексінің нормасына сәйкес сотталғандарды белгілі бір категорияға бөлу болмаған. Мысалы, жаппай жұмыс істеу ЕТК таптық-дұшпандық элементтер қатарынан шыққан адамдар үшін, сол сияқты аса ауыр қылмыс жасаған еңбекшілер ортасынан шыққан сотталғандарға да арналған болатын. Алайда, мұрағат материалдары көрсеткендей бұндай адамдар, әдетте еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілетін.

Ұлы Оған соғысының басталуымен ЕТМ барлық бөлімшелері және барлық жеке құрамы әскери жағдайға ауыстырылған. Сотталғандардың айтарлықтай бөлігі мен қызметкерлердің жеке құрамы Қызыл Армия қатарына шақырылып, майданға жіберілген.

Республиканың еңбек колониялары әскери өнімдерді шығара бастаған: әскери киім-кешектерден, пима, ботинкадан бастап, ет, картоп, көкөніс өндірумен аяқтай отырып және екінші жағынан ауыл шаруашылығы өнімдерін қоса алғанда. Қазақ КСР ІХК еңбекпен түзеу мекемесінің және еңбек қоныстарының бөлімі 1942 жылдың қаңтар айында Қазақ КСР ІХК еңбекпен түзеу лагерлері мен колонияларының басқармасы (ЕТЛКБ) болып қайта құрылған. Соңғысының құрамында өндірістік бөлім және өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, ветеринария құрылған болатын.

Сол 1942 жылы Қазақстанда тағы да 22 жаппай жұмыс істейтін колония ұйымдастырылған болатын. Одан кейінгі уақытта олардың саны көбейе түсті, 1944 жылы 32 жетті [12].

1953 жылғы рақымшылдықтан кейін сотталғандардың санының кезекті азаюы болды. Осыған байланысты, 32 колониядан бар жоғы 14 қалдырылған болатын, оның ішінде 4 өнеркәсіптік, 3 ауыл шаруашылығы, 5 контрагенттік колония және 4 мүгедектерге арналған қалдырылды.

1961 жылы КСРО коммунистерінің жаңа партиялық бағдарламасына сәйкес елімізде коммунизм орнату басталды. Осы кезде сотталғандардың еңбегін тиімді пайдалану үшін 1960-80 жылдары КСРО-да жабық типтегі еңбекпен түзеу колониялары жүйесі құрылды. Олардың қызметі басында КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің 1961 жылғы 3-сәуірдегі «КСРО ІІМ еңбекпен түзеу мекемелерінің қызметін жақсарту бойынша шаралары туралы» қаулысымен бекітілген «КСРО ІІМ еңбекпен түзеу мекемелері мен түрмелері туралы Ережемен» реттелінді [8].

Бұл Ережеде режим түрлері бойынша сотталғандарды жеке-жеке орналастыру көзделген болатын: жалпы, күшейтілген, қатаң және айырықша. Жалпы режимде ауыр емес қылмыс үшін тек бірінші рет ғана сотталғандарды ұстау, күшейтілгенде – бірінші рет ауыр қылмыс үшін сотталғандарды, қатаңда – екі және одан да көп рет сотталғандарды, айырықша режимде – аса қауіпті рецидивистерді және олім жазасы ретіндегі жазалау өмір бақи бас бостандығынан айырумен алмастырылған адамдарды ұстау қарастырылған. Әйелдер мен кәмелетке толмаған сотталғандар үшін ұстау режимінің екі түрі тағайындалған болатын.

Атап өтерлік нәрсе, осы уақытта құрылған еңбекпен түзеу колониялары өздерінің өндірістік мүмкіншіліктеріне орай өздерінде 1800–2000 адам көлемінде сотталғандарды тұрақты санын ұстап тұруға мүмкіндіктері болған. Осыған байланысты жалпы, күшейтілген, қатаң және айырықша режимдегі колонияларда

сотталғандардың түрлі категориясын ыңғайластырып ұстаудың мүмкіндігі пайда болған.

Осылайша, еңбекпен түзеу колонияларының өндірістік саласын ұйымдастырудың ерекшелігі КСРО ИМ еңбекпен түзеу мекемелері мен түрмелері туралы жоғарыда аталған Ережені ұстауға тікелей ықпал еткендігін айтуға болады.

Бұдан кейінгі уақытта еңбекпен түзеу колониялары еңбекпен түзеу мекемесінің негізгі түрі ретінде Қазақ КСР 1971 жылғы ЕТК нормасында заңнамалық тұрғыдан бекітілген болатын.

Қазақ КСР ЕТК 12-бабына сәйкес бас бостандығынан айыру түрінде жазаны орындаушы еңбекпен түзеу мекемелері болып табылатындар: еңбекпен түзеу колониялары, түрмелер, еңбекпен тәрбиелеу колониялары.

з кезегінде еңбекпен түзеу колониялары келесі режимдерге бөлінген: жалпы режимдегі колониялар, күшейтілген режимдегі, қатаң режимдегі, ерекше режимдегі, сол сияқты абайсызда қылмыс жасаған адамдарға арналған колония-қоныстар.

Жалпы режимдегі еңбекпен түзеу колониялары төмендегідей сотталғандардың жазасын өтеуі үшін арналған болатын:

- ауыр болып табылмайтын қылмыс үшін бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталғандар;

- ауыр қылмыс үшін үш жылдан көп емес мерзімге бірінші рет сотталғандар;

- аса қауіпті рецидивист болып танылмайтын бас бостандығынан айыруға сотталған әйелдер және өлім жазасы түріндегі жазалау кешірім жасау немесе рақымшылдық тәртібінде бас бостандығынан айырумен алмастырылған әйелдер.

ЕТК 24-бабына сәйкес күшейтілген режимдегі еңбекпен түзеу колониясы ауыр қылмыс үшін үш жылдан жоғары мерзімге бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталғандарға (ерекктерге) арналған.

Қатаң режимдегі еңбекпен түзеу колониялары төмендегідей сотталғандардың жазасын өтеуі үшін арналған болатын:

- аса қауіпті мемлекеттік қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталғандар (ерекктер);

- бас бостандығынан айыру түрінде бұрын жазасын өтегендер;

- аса қауіпті мемлекеттік қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған әйелдер;

- аса қауіпті рецидивист деп танылған әйелдер;

- өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау немесе рақымшылдық тәртібінде бас бостандығынан айырумен алмастырылған әйелдер.

Ұстау жағдайы, посылка, сәлемдеме, бандерол алу еңбекпен түзеу колониясының режимінің түріне байланысты болады. Мысалы, жалпы режимде азық-түлік және алғашқы қажеттілік заттарын сатып алу үшін айына жеті сомға дейін сумманы ұстауға, үш қысқа мерзімді және екі ұзақ кездесуге, жылына екеуден артық емес бандерол алуға және хатты шектеусіз олардың саны бойынша жіберуге рұқсат етіледі. Мерзімнің жартысын өтегеннен кейін сотталғанға сол сияқты бір жыл ішінде үш посылка немесе сәлемдеме алуға рұқсат беріледі.

Жақсы қылығы және еңбекке шын ниетімен қарағанда жаза мерзімінің жартысынан көбін өтеген кезде ұстау жағдайы жақсартылуы мүмкін, яғни айына төрт сом көлемінде қосымша ақша жұмсауға рұқсат етіледі, сол сияқты бір жыл ішінде бір ұзақ кездесу, ал жақын туыстары болмаған жағдайда – бір қысқа мерзімді кездесу алуына рұқсат беріледі.

Күшейтілген режимде айына алты сомға дейін сумманы жұмсауға, екі қысқа мерзімді және екі ұзақ кездесу, жылына екеуден артық емес бандерол және айына үшеуден көп емес хат жіберуге рұқсат беріледі. Мерзімнің жартысын өтегеннен кейін сотталғанға сол сияқты бір жыл ішінде екі посылка немесе сәлемдеме алуына рұқсат етілген.

Жақсартылған ұстау жағдайына ауыстырылған кезде жаза мерзімінің кем дегенде жартысын өтеген соң сотталғанға айына үш сом мөлшерінде қосымша ақша жұмсауға, сол сияқты бір жыл ішінде бір ұзақ кездесу, ал жақын туысқаны болмаған жағдайда – бір қысқа мерзімді кездесу алуына рұқсат етілген.

Қатаң режимде айына бес сомға дейін ақша ұстауға, екі қысқа мерзімді және бір ұзақ кездесуге, жылына екеуден артық емес бандерол алуға және айына екі хаттан көп емес жіберуге рұқсат етілген. Жаза мерзімнің жартысын өтеген соң сотталғанға сол сияқты бір жыл ішінде бір посылка немесе сәлемдеме алуға рұқсат етілген.

Жаза мерзімінің кем дегенде жартысын өтегеннен кейін жақсартылған ұстау жағдайына ауыстырылған кезде сотталғанға айына екі сом мөлшерінде қосымша ақша жұмсауға, сол сияқты бір жыл ішінде бір ұзақ кездесу, ал жақын туысқаны болмаған жағдайда – бір қысқа мерзімді кездесу алуға рұқсат етіледі.

Айырықша режимдегі колониялар ЕТК 26-бабына сәйкес аса қауіпті рецидивистердің және өлім жазасы түріндегі жазалау кешірім жасау немесе рақымшылдық тәртібінде бас бостандығынан айырумен

шмастырылған адамдарға арналған болатын. Бұнда сотталғандарды қатаң оқшаулау жағдайында камера типіндегі баспанада ұстау қарастырылған. Олар айына төрт сомға дейін мөлшердегі ақшаны жұмсай алатын, бір жыл ішінде бір қысқа мерзімді және бір ұзақ кездесу алуға құқы болатын, жылына екеуден артық емес бандерол алуына және айына бір хат жібере алатын. Жаза мерзімінің жартысын өтегеннен кейін оларға бір жыл ішінде бір посылка немесе сәлемдеме алуына рұқсат беріледі.

Жаза мерзімінің кем дегенде жартысын өтегеннен кейін сотталғандар жақсартылған ұстау жағдайына көшуіне болатын, яғни айына бір сом мөлшерінде ақшаны қосымша жұмсауға рұқсат етілген. Сол сияқты бір жыл ішінде бір ұзақ кездесу беруге болатын.

Абайсыздықта қылмыс жасаған адамдарға деген колония-қоныстар абайсызда жасаған қылмысы үшін бес жылдан көп емес мерзімге бірінше рет бас бостандығынан айыруға сотталғандарға арналған болатын.

Сол сияқты түзелу жолына берік түскен адамдарға арналған, сонымен қатар осы колонияларға жалпы, күшейтілген және қатаң режимдегі колониялардан ауыстырылған сотталғандар үшін колония-қоныстар да бар.

Колония-қоныстарда жеңілдетілген режим қарастырылған. Бұнда ЕТК 27-бабына сәйкес сотталғандар күзетсіз, бірақ қадағалауда болған. Олар таңертеңгілік тұрудан кешкі жатуға дейін еркін жүріп, тұру құқына ие болған. Колония әкімшілігінің рұқсатымен колония-қоныс территориясынан тыс жерде қадағалаусыз жүріп тұрған, жағымды азаматтық үлгідегі киім киюіне, өзімен бірге ақша, құнды заттар алып жүруіне болатын, хат жіберуіне және бандерол, посылка, сәлемдеме алуына, шектеусіз кездесу алуына болатын. Колония әкімшілігінің рұқсатымен тұрмыс жағдайы болған кезде сотталғандар колонияда өздерінің жанұясымен бірге тұруына, тұратын үй сатып алуына және колония территориясында жеке меншік шаруашылығын немденуіне болады.

Қазақ КСР 1971 жылғы ЕТК нормасына талдау жасау көрсеткендей, еңбекпен түзеу колонияларында сталиндік лагерлерден айырмашылығы сонда сотталғандар өмірінің барлық жағына үйлеріне жіберетін хаттың санынан бастап, посылка арқылы алатын азық-түліктің түріне дейін реттеу енгізілген болатын. Жазалау жүйесі де қатал бола түскен. Камералық типтегі баспанаға (түрмелік режим) ауыстыру және еңбекпен түзеу мекемесінің жұмысына іріткі салғаны үшін қылмыстық жауапкершілік заңдастырылған болатын.

Сонымен, еңбекпен түзеу колонияларында қатаң режимі және жазалаудың қатаң жүйесін енгізілді. Олай болса, біз 60-80 жылдары еңбекпен түзеу колонияларында заңның өзі сотталғандарға психологиялық әсер ету құралы ретінде пайдаланғандығы туралы айта аламыз.

Еңбекпен түзеу колонияларының өндірістік бағыттылығы олардың архитектурасына әсер тигізді. Әдетте еңбекпен түзеу колониясының сыртында екі қабатты штабы, ал колонияның өзі екі зонаға: өндірістік және сотталғандар тұратын болып бөлінген.

Қазақстанның еңбекпен түзеу колонияларының өндірістік зонасында әдетте, бірнеше ірі цехтардан тұратын зауыт және жұмыс істейтін сотталғандар үшін асхана болған. Сотталғандар тұратын зонада, әдетте мектеп, кәсіптік техникалық училище, кітапхана, колония бастығының кезекші көмекшісінің баспанасы, ларек, клуб және санитарлық бөлім болған. Тұратын зонаның қалған бөлігі бірнеше локальдық учаскеге темір тор арқылы бөлінген, онда бірнеше барактар болған, олардың әрқайсында әдетте, жалпы саны 120-150 сотталғандардан тұратын екі-төрт отряд орналастырылған.

Еңбекпен түзеу колонияларының құрылымына саяси бөлім, арнайы бөлім, бухгалтерия, еңбек және еңбекақы төлеу бөлімі (ОТиЗ), жедел-режимдік бөлім, өндірістік бөлім енген. Барлық бөлімдер мен қызметтердің бастықтары тікелей колония бастығына бағынған.

Саяси бөлімді колония бастығының саяси-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары басқарған. Оған барлық отряд бастықтары тікелей бағынған.

Еңбекпен түзеу колонияларының орналасу орыны мен саны сталиндік лагерлер сияқты экономикалық жағынан пайдалы болуы мен өндірістік жағынан мақсатқа сай болуына байланысты болған. Сондықтан Қазақстанда еңбекпен түзеу колонияларының басым көпшілігі республиканың өндірістік аймақтарында салынды, мысалы, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарында.

Егер еңбекпен түзеу колонияларының саны туралы айтатын болсақ, ол біртіндеп көбейіп отырған. 80-жылдардың ортасында бұл жақта 71 еңбекпен түзеу колониясы, 4 ауыл шаруашылық колония-коньсы, 4 емдеу жұмыс профилакториясы жұмыс істеген. Қазақстанның еңбекпен түзеу колонияларында 1984 жылдың басында 100 мыңнан аса сотталғандар отырған.

Соныменен еңбекпен түзеу колонияларының қалыптасуы мен дамуын шартты түрде төрт кезеңге бөлуге болады.

1-ші кезең – XX ғасырдың 1917 жылдың қазан айы – 20 жылдың соңы, Бұл кезде Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-тың пенитенциарлық

жүйесі тәжірибесі негізіндегі ашық типтегі еңбек колонияларының қызметін реттеуші нормативтік актілер қабылданды. Бірақ Қазақстан аумағында еңбекпен түзеу колониялары объективті себептерге байланысты құрылмады.

2-ші кезең – XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап 60-жылдардың басына дейін. Бұл кезеңде өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы колонияларының және жаппай жұмысқа салу колонияларының құрылған болатын. Өз шығынын өзі өтеу қағидаі негізінде жұмыс істеген бұндай шағын колониялар өндіріс қажетіне қарай құрылған, итти жұмыс аяқталғаннан кейін оларды әдетте жойып отырған және жұмыс күші қажет болған басқа жерлерде жаңадан ашқап.

Пенитенциарлық көзқарас тұрғысынан алғанда еңбек колониялары қылмыскерлерді түзеу үшін жарамсыз болып табылған. Оларды құрудың негізінде үш жылға дейін бас бостандығынан айыруға сотталғандардың еңбегін тиімді пайдалану идеясы жатқан және еңбекпен түзеу лагерлерінің қосалқы орыны болып табылған.

3-ші кезең – 60 жылдардан бастап – 1991 жылға дейінгі кезең. Жалпы, күшейтілген, қатаң және айырықша режимдегі еңбекпен түзеу колониялары жүйесінің қалыптасуымен және дамуымен сипатталады. Бұндай жабық типтегі еңбекпен түзеу колониялары кеңес мемлекеті үшін экономикалық жағынан пайдалы болған.

Еңбекпен түзеу колониялары еңбекпен түзеу лагерлері сияқты өз шығынын өзі өтеу қағидаі негізінде жұмыс істеген. Сондықтан мемлекет үнемі олардың санын және бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуші сотталғандардың санын үнемі арттырып отырған. Пенитенциарлық көзқарас тұрғысынан алғанда еңбекпен түзеу колониялары қылмыскерлерді түзеу үшін жарамсыз болған. Керісінше оларда криминальдық субмәдениет және криминальдық әлемнің «философиясы» дамыған.

4-ші кезең – 1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін. ҚР-ның түзеу колониялары жүйесінің дамуымен аталған. Қазіргі уақытта Қазақстан территориясында түзеу колония-қоныстары, жалпы, қатаң және айырықша режимдегі түзеу колониялары жұмыс істейді. Қазіргі жағдайда Қазақстанның түзеу колониялары мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады.

2.3 Қазақстанның тәрбиелеу колонияларының тарихи-құқықтық негіздері

Кенестік мемлекетте 17-і жастан 21 жасқа дейінгі адамдарды ұстауға арналған бірінші реформатори 1918 жылы желтоқсан айында Мәскеу қаласында ашылған болатын. Бұған анықталмаған үкіммен

кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушылар келіп түскен, тәрбиеленушінің одан арғы тағдырын осы мекеменің басқармасы алқалы түрде шешкен.

Алайда, педагогикалық кадрлар мен қаражаттың болмауы себептерінен біздің елімізде реформаторилер дамымаған. Реформаторилердің орнына 1921 жылы Ресейдің кейбір аймақтарында еңбек ету үйлері құрыла бастаған, онда тәрбиеленушілер құрылған оқу-өндірістік шеберханаларда еңбек етуге және жалпы білім беретін мектепте білім алуға тиіс болатын. Еңбек ету үйлерінде реформаторилерге қарағанда тәрбиеленушілерді үкім бойынша жаза мерзімі біткенше ұстауға тиіс болатын, ал қажет болған жағдайда түзелгенше, бірақ тәрбиеленушілер 20-жасқа жеткенше ғана ұстаған.

Ал Қазақстанға келетін болсақ, бұнда кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушылар үшін Өлкелік реформатор 1925 жылы 7-мамырда құрылған болатын. Одан кейін бірінші РСФСР-дің 1924 жылғы ЕТК жариялануына байланысты бұл Өлкелік реформаторий екі бөлімнен тұратын «еңбек ету үйі» болып қайта аталған [13].

Атап өту керек, РСФСР-дің 1924 жылғы ЕТК 175-бабында кәмелеттік жасқа толмағандарды еңбек үйлеріне орналастырудың мақсаты көрсетілген болатын: «оларды еңбектің білікті түріне үйрету, жалпы және кәсіби білім беру арқылы олардың ақыл-ой танымын кеңейту және олардан өз алдына дербес және өзінің құқы мен міндетін сезінуші азамат жасау, оларға дене шынықтыру тәрбиесін беру».

Еңбек үйлерінде кәмелеттік жасқа толмағандарды екі категорияға бөлу қарастырылған: құқық бұзушы-ренидивистік белгісі барлар және қалған кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушылар. Оларды жұмыс уақытында болсын, мектептегі сабақ уақытында болсын жеке-жеке ұстауға тиіс болатын.

РСФСР-дің ЕТК 187-бабына сәйкес жазасын өтеп болған соң түзелу жолына түспеген тәрбиеленушілерге қатысты еңбекпен түзеу үйі директорының педагогикалық кеңеспен бірлесе отырып сотқа оларды еңбек үйінде 20-жасқа толғанша қалдыру үшін мерзімін ұзарту туралы ұсыныс жасауына болатын, егер тек бұндай кәмелеттік жасқа толмаған жұмысшы-шаруа жастарынан шыққан құқық бұзушылар үшін еңбек үйінде ұстауға жатпайтын болса.

Мұрағаттық материалдарды зерттеп білу барысында жоғарыда аталған Өлкелік еңбек үйі Қазалы қаласына көшірілгендігін білеміз. Кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған бұл еңбек үйі 100 орынға есептелген және республикалық бюджеттен қаржыландырылған.

Осылайша, XX ғасырдың 20-жылдары біздің елімізде жастарға арналған американдық реформаторилердің тәжірибесі бойынша

кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушылар үшін реформаторилер мен еңбек үйлерін құруға талпыныс жасалған болатын. Алайда, белгілі бір заңнамалық базаны әзірлеуге қармастан практикада объективті себептерге байланысты олар одан әрі дамымады.

Бұдан кейін кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушыларды ұстау үшін еңбек үйлерін құруға талпыныс болған. Алайда, 20-жылдары объективті себептердің салдарынан (күш пен қаражаттың, кадрлардың және т.б. болмауы) бұл мекемелер де одан әрі жалғасын таппаған. Осыған байланысты РСФСР-де бар жоғы бірнеше шағын еңбек үйлері құрылған болатын, ал Қа КСР толығы лимиті 100 адамдық жалғыз ғана еңбек үйі ашылған еді.

1931 жылдан бастап кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушылар үшін кенестік түзеу мекемелерін құру бойынша жаңа реформа басталды. Жаңа реформаның қажеттілігі сонда, 1931 жылдың 1-қаңтарынан бастап Қазақстанның барлық қамауда ұстау орындары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандарды ұстауға арналған Өлкелік еңбек үйлері өз шығынын өзі ақтау қағидіне көшуге тиіс болатын. Алайда, шағын оның үстіне материалдық ресурстармен қамтамасыз етілмеген Өлкелік еңбек үйлері тиімсіз болып шыққан. Осыған байланысты бұндай еңбек үйлері 1931 жылдың шілде айының соңында жойылған болатын. Оның орнынан Әулиеата еңбекпен түзеу колониясының жанынан кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушылар үшін бөлім құрылған.

Осылайша, өз шығынын өзі ақтауға көшумен байланысты кәмелеттік жасқа толмағандар үшін түзеу мекемесінің жаңа типін құрудың аса күшті қажеттілігі туындаған, оның жұмыс істеуінің басты шарты өзін-өзі қамтамасыз ету мен өзін-өзі қаржыландыруға деген мүмкіншілігі болып табылған.

РСФСР-дің 1933 жылғы Еңбекпен түзеу кодексінде бас бостандығынан айырылған кәмелеттік жасқа толмағандар үшін мекемелерді құру қарастырылған болатын (индустриальды және ауыл шаруашылығы типіндегі ФЗУ мектептері).

Осыған байланысты Қазақстанда ФЗУ мектептерін құру мәселесіне көп көңіл бөлінген болатын. Бірақ қаражаттың аздығынан, материалдық-өндірістік базаның нашарлығынан және білікті мамандардың болмауы салдарынан индустриальды және ауыл шаруашылығы типіндегі ФЗУ мектептері Қазақстан аумағында дами қоймады.

КСРО ХКК және БКП (б) ОК 1935 жылғы 31-мамырдағы «Балалардың панасыздығын және қадағалаусыздығын жою туралы» Қаулысында кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған мекемелердің

жаңа типі: изоляторлар, еңбек колониялары және қабылдау-бөлу орындары көрсетілгендігін айту қажет.

Кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған еңбек колониясының қызметі КСРО ІХК 1935 жылғы 29-шілдеде әзірлеген және қабылдаған «Кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған еңбек колониясы туралы Ережемен» реттелінген. Ол екі жыл бойында іске жараған. Одан кейін 1937 жылғы 20-тамыздағы №329 бұйрықпен жаңа «ІХК еңбек колониясы туралы Ереже» бекітілген болатын [14].

1937 жылғы Ереженің 1-бабында ІХК еңбек колонияларының міндеті кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушыларды, панасыздарды және қадағалаусыз қалғандарды еңбек режимі жағдайында оларға еңбек дағдысын сіңіру үшін, кәсіпке оқыту және қоғамға адал және социалистік отанға берілген азаматтарды қайтару үшін тәрбиелеу болып табылады деп жазылған.

Аталған Ереженің 3-бабына сәйкес еңбек колонияларына жіберуге жататындар:

1) 12 жастан 16 жасқа дейінгі қамауда ұстау орындарындағы сотталған құқық бұзушылар;

2) 14 жастан 16 жасқа дейінгі қабылдау-бөлу орындарындағы әлеуметтік «қараусыз қалған панасыздар мен қадағалаусыз қалғандар».

Осы Ереженің 6-бабына сәйкес тәрбиеленушілер тамаққа және оларға берілген киім-кешекке деген шығынды өтеуге міндетті болған. Өтеу тәрбиеленушілердің тапқан еңбекақысынан ұстап қалу арқылы жүргізілген. Ұстап қалудың мөлшері әрбір колонияда тәрбиеленушілердің тапқан табысына байланысты анықталған және олар қолына тапқан ақысының кем дегенде жиырма пайызын алғандай есеп бойынша жүргізілген. Әрбір колонияда ішкі күн тәртібі ережесін колония директоры тағайындаған.

Осы Ереже бойынша 12 жастан 16 жасқа дейінгі тәрбиеленушілер үшін күніне 4 сағат жұмыс, ал 16 жастан 18 жасқа дейінгілер үшін күніне 6 сағат жұмыс тағайындалған. Оқушылар үшін еңбекті төлеу уақыт бойынша, ал қалғандары үшін прогрессивті-келісімді болған.

Еңбек колониясының құрылымы төмендегідей бөлімді қамтыған: оқу-тәрбие, өндірістік-жоспарлы, әкімшілік-шаруашылық, қаржылық.

Еңбек колониясында тәрбиеленушілер орташа алғанда 100 адамнан тұратын топ болып бөлінген. Әрбір топқа тұрақты жұмыс істеу үшін бір аға тәрбиеші және оның көмекшісі тағайындалған.

Бұдан басқа, еңбек колониясында оқу-тәрбие бөлімінің басшылығымен тәрбиеленушілер қатарынан төмендегідей комиссия

құрылған: қақтығыстық, өндірістік, мәдени-көпшілік, тамақтандыру, шаруашылық, санитарлық, мектеп, дене шынықтыру.

Атап өту керек, Ереженің 37-бабына сәйкес келесі жазалау шаралары қарастырылған: ескерту жасау, сөгіс, қосымша жұмысқа уақытша ауыстыру, өзіндік қызмет көрсету бойынша кезектен тыс наряд тағайындау, келтірілген материалдық нұқсан үшін ақшалай ұстап қалу, қолға ақша беруді шектеу, изоляторға жабу, жабық колонияға немесе қамауда ұстау орнына жіберу арқылы еңбек колониясынан шығару.

Еңбек колониясынан басқа КСРО-да кәмелеттік жасқа толмаған сотталғандарға арналған еңбек колониясы құрылған болатын. Олардың қызметі КСРО ІХК жекелеген Ережесімен реттелген, оның ішінде 1956 жылға дейін бұл Ереже 5 рет жаңғыртылған болатын.

Қазақстанда еңбек колониясы Қарағанды қаласында құрылған, сол сияқты 1935 жылдың маусым айында Талғар еңбек колониясы құрылған болатын. Алайда өндірістік-шаруашылық жағынан алғанда Қазақстанның бұл еңбек колониялары тиімсіз болған. Сондықтан бұл шығынды, пайдасыз еңбек колониялары жойылған болатын. Ал оның тәрбиеленушілері басқа аймақтағы кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушыларға арналған еңбек колонияларына жіберілді.

Ұлы Отан соғысының басында Қазақстан аумағында кәмелеттік жасқа толмағандар үшін жаңадан төрт еңбек колониясы құрылған болатын, оның ішінде үшеуі Алма-Аты қаласында және біреуі Жамбыл қаласында болған.

1943 жылдың қыркүйек айында екі Алма-Аты еңбек колониясы біреу болып біріктірілген. Бұл колонияда өндірістік цех болған: киім тігу, аяқ киім жөндеу, ағаш өнімдерін жасау, ойыншық жасау және түрлі өнім шығару. Екінші Алма-Аты балалар еңбек колониясында да ағаш өңдеу бойынша ірі цех болған, онда оқ-дәрілер үшін арнайы орамалар дайындалған. Ал Жамбыл балалар еңбек колониясында аяқ киім, мақта фуфайкалар, шалбар және т.б. тігетін өндірістік цех жұмыс істеген.

Бұл еңбек колониялары соғыстан кейінгі кезде де жұмыс істеген, онда кәмелеттік жасқа толмағандардың айтарлықтай мөлшері ұсталған. Пенитенциарлық көзқарас тұрғысынан алғанда кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған еңбек колониялары оларды түзетпеген. Керісінше, олардың бойында криминалдық қылықтар қалыптасқан, олар жаңа жат әрекеттер мен қылмыстар жасаған.

Келесі уақытта «еңбекпен тәрбиелеу колониясы» деген атпен аталған кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушыларға арналған еңбек колониялары олардың архитектурасының және орналасқан жері

оншалықты өзгермей ХХ ғасырдың 60-80 жылдары жұмыс істеуін жалғастыра берген. Бұл туралы мысалы, КСРО ЖКП 1968 жылғы 3-маусымдағы жарлығымен бекітілген «Кәметтік жасқа толмағандарға арналған еңбек колониясы туралы Ереже» дәлел болады. Осы Ережемен қоғамдық өзін-өзі басқарудың жаңа формасы (тәрбиеленушілер кеңесі, отряд кеңесі, бөлім кеңесі) енгізілген болатын, сондай-ақ отряд құрылымы, шартты-жедел босату тәртібі, кәметтік жасқа толмағандардың еңбегін төлеу, тәрбиелеу процесіне жұртшылықтың қатысуы, сол сияқты кәметтік жасқа толмағандар ісі бойынша комиссия қызметі анықталған.

Бұған қоса атап өту қажет, Қазақ КСР ЕТК 1971 жылы бекіткеннен кейін еңбек колониялары «еңбекпен тәрбиелеу колониясы» деген жаңа атау алған. Қазақ КСР 1971 жылғы ЕТК нормасына сәйкес тәрбиелеу-еңбек колониялары жалпы режимдегі және күшейтілген режимдегі колония болып бөлінген.

Жалпы режимдегі еңбекпен тәрбиелеу колониясы төмендегілерге арналған:

1) ауыр болып табылмайтын қылмыс үшін бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталған еркек жынысты кәметтік жасқа толмағандардың жазасын өтеуі үшін;

2) ауыр қылмыс үшін үш жылдан артық емес мерзімге бірінші рет сотталған еркек жынысты үшін;

3) кәметтік жасқа толмаған әйел жынысты барлық сотталғандар үшін.

Жалпы режимдегі еңбекпен тәрбиелеу колонияларында сотталғандарды кәдімгі тұратын баспанада ұстау ұйғарылған. Оларға азық-түлік және күнделікті қажеттілікке керекті заттарды сатып алуға айына жеті сомға дейін ақша ұстауға, жылына алты посылка немесе сәлемдеме алуға, жылына көп дегенде екі бандероль алуға, хатты шектеусіз жіберуге рұқсат етілген, сондай-ақ бір жыл ішінде алты қысқа мерзімді кездесуге құқы болған.

Сотталғандардың жақсы өзін-өзі ұстауы және еңбекке және оқуға адал қарым-қатынасы кезінде жаза мерзімінің төрттен бірін өткен болса ұстау жағдайы жақсартылған, яғни оларға айына үш сом ақшаны қосымша ұстауға рұқсат етілген, сол сияқты жылына алты қысқа мерзімді кездесуге құқы болған.

Күшейтілген режимдегі еңбекпен тәрбиелеу колониясы төмендегілерге арналған:

- бас бостандығынан айыру түрінде бұрын жазасын өткен еркек жынысты кәметтік жасқа толмағандардың жазасын өтеуі үшін;

- ауыр қылмыс үшін үш жылдан жоғары мерзімге бас бостандығынан айырылған сотталғандар үшін;

- жалпы режимдегі еңбекпен тәрбиелеу колониясынан ауыстырылғандар үшін.

Сотталғандарды кәдімгі баспаналарда ұстау ұйғарылған және оларға айына бес сомға дейін ақша ұстауына рұқсат етілген, бір жыл ішінде төрт қысқа мерзімді кездесу алуына, жылына бес посылка немесе беріп жіберу алуына болатын, сондай-ақ жылына көп дегенде екі бандероль алуына және хатты оның санына шектеусіз жіберуіне болатын.

Өзін өзі жақсы ұстауы және еңбекке және оқуға адал қарым-қатынасы кезінде жаза мерзімінің үштен бірін өтеген жағдайда сотталғандар жақсы ұстау жағдайына көшірілген. Бұндай жағдайда оларға айына екі сом ақшаны қосымша ұстауға және бір жыл ішінде екі қысқа мерзімді кездесуге рұқсат берілген [11, б.164].

Көріп отырғанымыздай, түзеу мекемелеріндегі сотталғандарды ұстау жағдайы 30–50 жылдардағы еңбек колонияларындағы ұстау жағдайымен салыстырғанда, 20-жылдардағы еңбек үйлері туралы айтпағанның өзінде одан әрі нақтылана және қатаң бола түскен.

Еңбекпен тәрбиелеу колонияларының санына қатысты, 60–80 жылдары Қазақстан территориясында мынандай еңбекпен тәрбиелеу колониялары жұмыс істеген: Алма-Аты, Ақтөбе, Өскемен және Петропавловск.

70–80 жылдары үлкен өндірістік база Қазақстанның барлық төрт еңбекпен тәрбиелеу колониясында болған. Мысалы, Петропавловск ЕТК ағаш өңдеуші станоктар, Алма-Аты ЕТК – электродвигателдер мен желдеткіштер, Ақтөбе ЕТК - әр алуан электр бөлшектерін, Өскемен ЕТК – бақша тележжаларын және т.б. шығарған.

Осы жылдар ішінде Қазақстанның еңбекпен тәрбиелеу колонияларында мектептер және кәсіби-техникалық училищелер құрылған, онда тәрбиеленушілер оларға бостандықта қажетті белгілі бір мамандықтарды алып шыққан. Тәрбиеленушілермен саяси-тәрбиелеу және мәдени-көпшілік жұмыстар жүргізілген. Жергілікті кәсіпорындардың жұмысшы ұжымдары тарапынан шефтік жұмыстар жүзеге асырылған.

Осымен қатар, біздің ойымызша тәрбиелеу-еңбек колонияларының тәрбиеленушілерді түзеу саласындағы жұмысының тиімділігі төменгі деңгейде болып қала берген. Тәрбиеленушілер жазасын өтеп шыққаннан кейін әр түрлі қылмыстар бойынша ересектер колониясына жиі түсіп отырған.

Бұл тарау бойынша қорытынды жасай отырып, тәрбиелеу колонияларының қалыптасуы мен дамуын шартты түрде төрт кезеңге бөлуге болады:

1-ші кезең, 1917 жылдың қазан айы XX ғасырдың 20-жылдарының соңы: Батыс Еуропа елдері мен АҚШ пенитенциарлық жүйесі тәжірибесі негізінде кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушылар үшін тәрбиелеу мекемелері қызметін реттеуші нормативтік актілерді әзірлеу және қабылдаумен, бұл актілердің іс жүзінде іске аспауымен сипатталады. Кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушыларға арналған тәрбиелеу мекемелері, оның ішінде еңбек үйлері одан әрі өзінің жалғасын таппаған.

2-ші кезең, XX ғасырдың 1930 жылдарының басынан бастап 1960 жылдың басына дейін. Кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған еңбек колониясының қалыптасуы мен дамуы. Өз шығынын өзі ақтау қағидаі негізінде жұмыс істеген еңбек колониялары өндіріс қажетіне қарай құрылған. Пенитенциарлық көзқарас тұрғысынап алғанда еңбек колониялары қылмыскерлерді түзеу үшін жарамсыз болып табылған. Оларды құрудың негізінде кәмелеттік жасқа толмаған қамаудағылардың еңбегін тиімді пайдалану идеясы жатқан болатын.

3-ші кезең, 1960 жылдың басынан бастап 1991 жылға дейін. Еңбекпен тәрбиелеу колонияларының қалыптасуы мен дамуы. Бұл жабық типтегі еңбекпен тәрбиелеу колониялары өндіріс сұрауы бойынша құрылған болатын. Олар да еңбекпен түзеу колониялары сияқты өз шығынын өзі ақтау қағидаі негізінде жұмыс істеген. Пенитенциарлық көзқарас тұрғысынан алғанда тәрбиелеу-еңбек колониялары қылмыскерлерді түзеу үшін жарамсыз болып табылған.

4-ші кезең, 1991 жылдан қазіргі уақытқа дейін. Қазақстан Республикасының тәрбиелеу колониялары жүйесінің қалыптасуы мен дамуы. Қазіргі уақытта Қазақстан территориясында төрт тәрбиелеу колониясы жұмыс істейді. Олардың құқықтық негіздері мен ерекшеліктері Қылмыстық-атқару құқығының Ерекше бөлімде оқытылады.

Тақырып бойынша тексеру сұрақтары

1. Көшпенділердің, яғни қазақтардың жазалау жүйесі туралы Сіз не білісіз?
2. Ресей империясында түрме жүйесінің дамуына қандай факторлар ықпал етті?
3. XX ғасырдың 20 – жылдарының соңында Қазақстанның түзеу мекемелері жүйесінің өзгеруіне қандай факторлар себепші болды?

4. XX ғасырдың 30 – 50 жылдары Еңбекпен түзеу лагерлерінен түрмелерге сотталғандардың қандай категорияларын (санаттарын) ауыстырды?

5. XX ғасырдың 60 – 80 жылдары түрмелерде сотталғандардың қандай категориялары (санаттары) ұсталды?

6. РСФСР –дің 1924 – жылғы Еңбекпен түзеу кодексінде қарастырылған еңбек колониялары неліктен жалғасын таппады, олардың ерекшеліктері неде?

7. РСФСР – дің 1933 – жылғы Еңбекпен түзеу кодексінде қарастырылған еңбекпен түзеу колонияларының қандай түрлері болды, олардың ерекшелігі неде?

8. XX ғасырдың 30 – 50 жылдарында Қазақстанның еңбек колониялары жүйесі қалай дамыды және ол сотталғандардың түзелу үрдісіне қалай әсер етті?

9. Қазақ КСР Еңбекпен түзеу кодексінде еңбекпен түзеу колонияларының қандай түрлері қарастырылған болатын?

10. Еңбекпен түзеу колониялары мен түрменің айырмашылығы неде?

11. Қазақстан Республикасының Қылмыстық – атқару кодексінде түзеу колонияларының қандай түрлері қарастырылған?

12. Кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушыларды ұстауға арналған реформаторилер неліктен өзінің жалғасын таппаған, олардың ерекшеліктері неде?

13. Кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған еңбек үйлері неліктен өзінің жалғасын таппаған, олардың ерекшелігі неде?

14. XX ғасырдың 30 – 50 жылдарындағы кәмелеттік жасқа толмағандарға арналған еңбек колонияларының қызметі қандай нормативтік актілермен реттелген?

15. Қазақ КСР Еңбекпен түзеу кодексінде кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушылар үшін түзеу мекемесінің қандай типтері қарастырылған?

16. Қазақстан Республикасының Қылмыстық – атқару кодексінде кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушылар үшін түзеу мекемесінің қандай түрі қарастырылған?

3 Қазақстан Республикасының қылмыстық – атқару заңнамасы

3.1 Қылмыстық – атқару заңнамасының түсінігі, мақсаттары, міндеттері мен нысандары және қайнар көздері

1998 жылдың 1-ші қаңтарында заңды күшіне енген Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық – атқару кодексі, бұрынғы Қазақстан ССР-і Еңбекпен түзеу кодексіне караганда қылмыстық жазалаудың барлық түрлерінің орындалуын реттеді.

Қазақстан Республикасының демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде құрылуы, экономика және саясаттағы өзгерістер қоғамның өміріндегі айтулы өзгерістерге алып келді. Сол себептен еліміздің көптеген заңдары жаңартылды.

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық – атқару кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ қабылданды және 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді [15].

Осы кодекстің 1-бабында: «Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді және осы Кодекстен, жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу тәртібі мен шарттарын белгілейтін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады» - деп көрсетілген.

Яғни, Қазақстан Республикасының қылмыстық – атқару заңдары болып саналады:

- 1) Қазақстан Республикасының Қылмыстық жазаларды атқару кодексі;
- 2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық жазаларды атқару аясында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу жөніндегі басқа заңдар;
- 3) Жазаларды атқару және басқа да қылмыстық – құқықтық шаралардың тәртібі мен шарттарын бекітетін нормативті – құқықтық актілер.

Сонымен, қылмыстық – атқару заңнамасы дегеніміз бұл қылмыстық жазаларды атқаруды және сотталғандарға түзету әсері бар шараларды қолдануды реттейтін барлық нормативтік құқықтық актілер.

Қылмыстық – атқару құқығының қайнар көздеріне мыналар жатады:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) Конституциялық заңдар;

3) Қазақстан Республикасының Қылмыстық – атқару кодексі;
4) Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен
оқимдері;

5) Қазақстан Республикасы Парламентінің Қаулылары;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулылары;

7) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кенесінің
нормативтік
қаулылары;

8) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік
қаулылары;

9) Заң негізінде қабылданған ведомствалық нормативті –
құқықтық актілер (бұйрық, нұсқау, ережелер).

Жергілікті өкілетті және атқару органдарының нормативтік
актілері (маслихаттың шешімдері, әкімнің шешімдері т.с.с.).

Қазақстан Республикасының 7-бабының 1-бөлігінде ҚР
қылмыстық – атқару заңдарының мақсаттары көрсетілген. Ол
мақсаттар:

- әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру;

- отталғандарды түзеу;

- сотталғандардың да, өзге адамдардың да жаңа қылмыстар
жасауының алдын алу.

Сотталғандарды түзеу дегеніміз оның бойында құқық
ұстанушылық мінез-құлықты, жеке адамға, қоғамға, еңбекке, адамзат
қоғамының нормаларына, ережелері мен дәстүрлеріне оң көзқарасты
калыптастыру.

Сотталғандардың жаңа қылмыстар жасауының алдын алу
дегеніміз бұл қажетті шаралар қолдану арқылы сотталған адамға жаза
өтеу кезінде жаңа қылмыс жасатпау, бөгет жасау, өз еркімен бас
тарттыру.

Әлеуметтік әділеттікті қалпына келтіру дегеніміз үкімде
көрсетілген жазаны заң шеңберінде атқару және заңмен бекітілген
шектеулерді қамтамасыз ету.

ҚР ҚАК – нің 4 – бабының 2-бөлігінде Қазақстан
Республикасының қылмыстық – атқару заңдарының мынадай
міндеттері көрсетілген:

- қылмыстық жазалардың барлық түрлерін өтеу тәртібі мен
жағдайларын реттеу;

- сотталғандардың құқықтық мәртебесін анықтап, олардың
құқығын, бостандығын және заңды мүдделерін қорғау;

- сотталғандарға әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету;

ҚР ҚАК Ерекше бөлімінің институттары мен нормалары барлық қылмыстық жазаларды орындау тәртібі мен шарттарын қамтиды. Жоғарыда аталған кодекстің 7-бабының 1-тармағында сотталғандарды түзетудің негізгі құралдары көрсетілген:

- 1) жазаны өтеу режимі;
- 2) тәрбиелік ықпал ету;
- 3) жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап тұру;
- 4) қоғамға пайдалы еңбек;
- 5) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуы;
- 6) қоғамдық ықпал ету сотталғандарды түзеудің негізгі құралдары болып табылады.

Сотталғандарды түзеу құралдары жазаның түрі, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты, қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінә нысаны мен уәждері, сотталған адамның жеке басы және жазаны өтеу кезіндегі оның мінез-құлқы ескеріле отырып қолданылады.

ҚАК – нің Ерекше бөлімінде және басқа да нормативті – құқықтық актілерінде түзеу құралдарын қолдануды реттейтін нақты нормалар бекітілген.

Сотталғандардың құқықтық мәртебесі, олардың құқығы, бостандығы және заңды мүдделері де ҚАК – нің жалпы бөлімінің 3-ші тарауында қарастырылған. Ал қылмыстық жазалардың жеке түрлерін атқаруды реттейтін Ерекше бөлімнің тарауларында сотталғандардың арнайы құқықтық мәртебелері бекітілген.

Сотталғандарға әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету – жазаларын өтеп шыққан сотталғандардың қайта қылмыстық жолға түспеуіне бағытталған.

Соныменен, қылмыстық – атқару заңнамасы осы саланың мақсаттары мен міндеттерінің жүйесін, олардың өзара байланыстарын анықтайды. Бұл мақсаттарға жету және көрсетілген міндеттерді орындау жағдалары қылмыстық – атқару кодексінің және де басқа да нормативтік – құқықтық актілердің институттары мен нормаларында бекітілген және дамытылған.

3.2 Қылмыстық – атқару құқығы нормаларының түсінігі, мәтіні, түрлері мен құрылымы

Қылмыстық – атқару норма құқық саласының негізгі элементі, оның бірінші деңгейі болып есептеледі. Қылмыстық – атқару құқығының нормасы дегеніміз субъектілердің тиісті мінез – құлық үлгісі және қатысушылардың құқықтық қатынасын анықтайтын заңда

көрсетілген баптар. Нормаларда жалпыға бірдей міндетті ереже қойылады, қоғамдық қатынас реттеледі.

Құқық нормалары үш бөлімнен тұрады: гипотеза, диспозиция, санкция.

Гипотеза дегеніміз нормаларды қолдану жағдайын көрсететін баптың бір бөлігі.

Диспозиция дегеніміз құқық субъектілері бағынатын тәртіп ережесін көрсететін норманың бір бөлігі.

Санкция дегеніміз құқық нормаларының орындалмау немесе орындалу нәтижесін көрсететін норманың соңғы бөлігі.

Қылмыстық – атқару құқығының институты деп бәріне ортақ, немесе бір – біріне ұқсас қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығын айтамыз. Яғни, құқық саласының екінші деңгейі – қылмыстық – атқару құқығының институттары.

Қылмыстық – атқару құқығының нормалары мен институттарының жиынтығын құқық саласы дейміз. Соныменен, Қылмыстық – атқару құқығы құрылымын құрайтын элементтерді былайша көрсетуге болады: құқық саласы – құқық институты – құқық нормасы.

Қылмыстық – атқару құқық нормалары азаматтық, отбасылық тағы да басқа құқық салаларымен өзара байланысты болады. Қылмыстық – атқару нормалары сотталғандарды тұратын мекенін таңдап алу мүмкіндігінен айырады да көптеген басқа да азаматтықпен отбасылық құқығы мен міндеттерін іске асыруға белгілі бір шектеулер қояды.

Басып атарлық мәселе, нормалардың бәрі бірдей тиісті мінез – құлықтың үлгісін көрсетпейді. Пайдаланылатын нормалар топтары ішінде құқық саласының барлық, яғни оның жеке институтының мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын құрастыратын белгілі бір түсінігі пайда болады (дифинициялар). Құқық теориясында олар нормативке тән емес, алдын ала белгіленбеген жарлық несеме арнайы нормалар. Қылмыстық – атқару құқығында арнайы нормалар – норма міндет, қағидаттар нормасы және норма – дифиниций (ұйғарым) түрінде әске асырылады.

Құқық нормасын әр түрлі негіздермен жіктеуге болады. Қылмыстық – атқару нормаларының жазба сипаты бойынша: материалдық құқық нормалары, процессуалдық нормалар және техникалық нормалар болып бөлінеді.

Материалдық құқық нормалары мінез – құлық ережелері маңызын белгілейді. Мысалы, ҚАК – нің 69-бабы.

Процессуалдық норма оның жағдайы мен тәртібін реттейді. Мысалы, ҚАК 91 – бабының, 1 – тармағы.

Техникалық нормалар субъектілердің еңбек, техникалық құралдарын және басқа да құралдарды пайдалану ережесін қолдайды.

Қылмыстық – атқару құқығы нормаларында бекітілген тәртіп ережесінің сипатына байланысты: реттеуші, мадақтаушы, қорғаушы нормалар болып бөлінеді.

Реттеуші нормалар субъектілердің құқығы мен міндеттерін және басқа да қылмыстық – атқару құқық қатынастарына қатысушыларды белгілейді.

Қорғаушы нормалар қылмыстық жазаны атқару өткеру үрдісінде пайда болатын құқық қатынастарын қорғауды қамтамасыз етуге шақыратын нормалар.

Қылмыстық – атқару құқығының мадақтаушы нормалары сотталғандардың заң қабылдайтын мінез - құқына жағдай жасауға ынталандыруға бағытталған.

Реттеуші нормалар өз кезегінде құқық пен міндеттердің сипаты бойынша: міндеттеуші; уәкілеттік етуші; тыйым салушы нормалар болып бөлінеді.

Міндеттеуші нормалар субъектілерден белгілі бір қимыл істеуді талап етеді. Мысалы, ҚР ҚАК – нің 77 бабы.

Уәкілеттік етуші нормалар субъектілерге заңмен белгіленген шеңберде, мінез-құлық түрін таңдауды ұсынады. Мысалы, ҚР ҚАК – нің 84-бабының 4-ші тармағы.

Тыйым салушы нормалар субъектілерге тиісті бір әрекет етуді тоқтата тұруды талап етеді. Мысалы, ҚР ҚАК – нің 85 – бабы.

Нормалар бөлшектену ережесінің түрлері бойынша бөлінеді: жалпы сипаттағы нормалар; арнайы нормалар; санаулы нормалар.

Жалпы сипаттағы нормалар жаза түріне қарамастан қылмыстық жазаға тартылғандардың барлығына бірдей нормалар, мысалы ҚР ҚАК – нің 8,9 – баптары.

Арнайы нормалар қылмыстық жазаның тек қана осы не басқа түрлерін өтеп жатқан сотталғандарға қатысты нормалар, мысалы ҚР ҚАК – нің 22,23 – баптары.

Санаулы нормалар білгілі бір тұлғаға ғана қолданылады, мысалы өмір бойы бас бостандығынан айырылған сотталғандарға.

Соныменен, Қылмыстық – атқару құқығы саласы дегеніміз қылмыстық атқару құқығының институттары мен нормаларының жиынтығы.

Қылмыстық – атқару нормалары үш бөлімнен тұрады және жіктеу негіздеріне байланысты бірнеше түрге бөлінеді.

3.3 Қылмыстық – атқару құқық қатынастары

Қылмыстық жазаны атқару негіздемесі соттың заңды күшіне енген үкімі немесе қаулысы, сондай – ақ рақымшылық немесе кешірім жасау актісі болып табылады.

Үкімнің заңды күшіне енуімен және осы үкімнің атқарыла бастаған күнінен бастап мемлекеттің арнайы мекемелері мен органдарының жазаны орындауға құқықтары пайда болады. Сотталған адам өз кезегінде құқықтық шектеуге конуға міндетті және түзеу шараларын қолдануды басынан өткеруі тиіс. Сөйтіп, екі жақтың арасында белгілі бір құқық қатынасы пайда болады.

Құқықтық жазаны атқаруда туындайтын құқықтық қатынастардың әр алуан түрлері болады:

- қылмыстық – атқару қатынастары, яғни арнайы құқық пен міндеттерді жүзеге асыру саласында жазаны атқарумен байланысты туындайтын қатынастар;

- мемлекеттік – құқықтық (конституциялық) қатынастар, яғни сотталғандардың еңбекке, демалысқа, ар – ұждан бостандығының еркіндігіне, білімге байланысты құқықтарын жүзеге асыру саласындағы қатынастар;

- әкімшілік – құқықтық қатынастар, яғни жазаны атқарушы басқарма мекемелері мен органдары саласындағы қатынастар;

- еңбектік қатынастар, яғни еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өнеркәсіп санитариясы саласындағы қатынастар;

- азаматтық – құқықтық қатынастар, яғни азаматтық – құқық келісімді жасаудағы меншіктік құқықты жүзеге асыру саласындағы қатынастар;

- азаматтық – іс жүргізу қатынастары, яғни құқық пен міндеттерді жекелей немесе азаматтық іс жүргізу өкілдерінің қатысуымен жүзеге асыру саласындағы қатынастар;

- неке және отбасы қатынастары, яғни сотталғандың некеге отыруы, некені бұзу, балаларды тәрбиелеу құқығы мен міндеттерін жүзеге асырудағы қатынастар;

- қылмыстық – құқықтық қатынастар, яғни қылмыс жасауға байланысты құқықтар мен міндеттерді орындауға байланысты қатынастар;

- қылмыстық іс жүргізу қатынастары, яғни жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату, ұстау жағдайларын өзгерту құқығы мен мемлекеттік міндеттерін атқаруға байланысты қатынастар.

Қылмыстық – атқару құқық қатынастары дегеніміз қылмыстық – атқару құқық нормаларымен реттелген, мемлекеттің тиісті органдары

мен сотталғандардың жазаны атқару немесе өткеру кезінде пайда болатын қоғамдық қатынастар.

Кез келген құқық қатынасы белгілі бір бөлімдерден (элементтерден) тұрады. Қылмыстық – атқару құқық қатынастары құрамына мынадай элементтер кіреді: субъектілер мен басқада құқық қатынастарға қатысушылар; құқықтық қатынастың мазмұны, құқық қатынастары объектілері, заң фактілері (ақиқаттары).

Құқық қатынастарының субъектілері болып қылмыстық – атқару заңнамасы нормаларында бекітілген құқықтары мен міндеттері бар заңды ұйымдар мен жеке адамдар саналады. Мысалы, сот, қылмыстық – атқару инспекциясы, қылмыстық – атқару жүйесінің мекемелері, бақылау комиссиялары, лауазымды адамдар, сотталғандар, олардың жақын – туыстары.

Айта кетерлік мәселе, құқық қатынастарының субъектілерінен құқықтық қатынасқа қатысушыларды ажырата білуіміз керек.

Қылмыстық – атқару құқық қатынасына қатысушы дегеніміз – қылмыстық – атқару құқықтық қатынастарының субъектілері мен оның құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті шарт болып табылатын және заңның белгілі бір талабына байланысты қажетті іс – әрекеттер жасайтын тұлға. Мысалы, прокурор бас бостандығынан айырылған сотталғанға кездесуге келген тұлға.

Қылмыстық – атқару құқық қатынастарының объектісі дегеніміз құқықтық қатынастар пайда болуға негіз болған құбылыстар мен бұйымдар.

Құқықтық қатынастың мазмұны дегеніміз қылмыстық – атқару құқық нормаларында бекітілген субъектінің құқықтары мен міндеттері және субъектілердің жүріс – тұрысы.

Заңды фактілер дегеніміз құқық нормасымен қарастырылған қылмыстық – атқару құқық қатынастарын тудыратын, өзгертетін немесе тоқталатын нақты іс – әрекеттер немесе жағдайлар.

Қылмыстық – атқару құқық қатынастары осы қоғамдық қатынастарды реттейтін қылмыстық – атқару құқығы нормаларының түрлеріне қарай топтастырылады. Егер де мәселе міндеттерді орындау, тікелей қоғамдық қатынастарда құқықты пайдалану және тыйым салуды бұзбауда болса, онда ол материалдық нормалар болғаны. Олардың негізінде пайда болған құқықтық қатынастар материалдық қылмыстық – атқару құқық қатынастары болып саналады. Ал тәртіп туралы сөз болғанда онда олар процессуалдық нормалар болғаны. Олардың негізінде процессуалдық қылмыстық – атқару құқық қатынасы пайда болады, олар материалдық қылмыстық – атқару құқық қатынастарына жол көрсетеді. Басқаша айтқанда,

қылмыстық – атқару құқығының процессуалдық нормалары осы сала құқығының материалдық нормаларын қозғалысқа келтіреді.

Сонымен, Қылмыстық – атқару құқық қатынастары дегеніміз қылмыстық – атқару құқық нормаларымен реттелген мемлекеттің арнайы мекемелері мен органдары және сотталғандардың арасында жазаны атқару немесе өткеру кезінде пайда боллатын қоғамдық қатынастар.

Қылмыстық – атқару құқық қатынастары құрамына: субъектілер мен басқа да құқық қатынастарға қатысушылар; құқықтық қатынастың мазмұны, құқық қатынастары объектілері және заң фактілері (ақиқаттары) кіреді.

Тақырып бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған сұрақтар

1. Қылмыстық – атқару заңдарының түсінігі.
2. Қылмыстық – атқару заңдарының міндеті, мақсаты.
3. Қылмыстық – атқару заңдарының нормалары.
4. Қылмыстық – атқару құқығының институттары.
5. Қылмыстық – атқару құқығының нормаларының құрылымы және олардың ерекшеліктері.
6. Қылмыстық – атқару құқығының нормасының және нормативтік актінің бабының құрылымы.
7. Қылмыстық – атқару құқығының нормаларының уақыт пен кеңістік тұрғысында және тұлғалар арасындағы әрекеттері.
8. Қылмыстық – атқару құқығының нормаларын іске асыру және түсіндіру.
9. Жазаны атқарудың негіздемесі.
10. Түзеудің негізгі құралдары.
11. Қылмыстық – атқару құқығының қайнар көздерінің түрлері.

4 Қазақстан Республикасындағы сотталғандардың құқықтық жағдайы

4.1 Қылмыстық жазасымен сотталған адамдардың құқықтық жағдайының түсінігі

Қазақстан Республикасы ҚАК – нің 3 – тарауында сотталғандардың құқықтық жағдайларының жалпы ережелері, олардың субъективтік құқықтары мен заңды міндеттемелері көрсетілген. Осыған қоса сотталғандарға қатысты адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандығы нақтыланған, адам құқығының Жалпыға бірдей декларациясының, азаматтық және саяси құқықтарының Халықаралық пактісінің, сотталғандармен айналасу стандарттар құқықтарының тағы басқа ережелері көрсетілген. Сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделері тақырыбын талқылағанда ең бірінші мемлекеттің құқықтық міндеттерін анықтаған жөн, себебі мемлекеттің белгілі бір міндеттері болмаса оның құқығы да болмауы керек. Сондықтан ҚАК – нің 9 – бабының 1 – ші тармағында мемлекеттің мынадай міндеттері көрсетілген:

- сотталғандардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін құрметтеу және қорғау;
- сотталғандардың түзелуіне қажетті жағдалар жасау;
- әлеуметтік әділеттіктің кепілі болу;
- сотталғандардың жазаларын атқару кезінде жеке басының әлеуметтік, құқықтық және өзге де қорғалуын қамтамасыз ету.

Бұл міндеттерді орындау үшін мемлекет кешенді шаралар жүргізіп, барлық мүмкіндіктерді қолдануы тиіс. Сол себептен, Қылмыстық – атқару кодексі Қазақстан Республикасы ҚАК – нің 3 – тарауында сотталғандардың құқықтық жағдайларының жалпы ережелерін, олардың субъективтік құқықтары мен заңды міндеттемелерін реттеді. Сотталғандардың бостандығына шек қойылуы Қазақстан Республикасы Конституциясымен белгіленеді. Мысалы, Конституцияның 33 – бабының 3 – тармағы бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың бірнеше құқықтарынан айырылуы белгіленген. Осыған орай сотталғандар мемлекеттік мекемелерге, жергілікті өзін – өзі басқару органдарына сайлау және сайлану, сондай – ақ республикалық референдумға қатысу құқығынан айырылады. Сотталғандардың құқықтарын және бостандықтарынан айырылу Қылмыстық кодекспен анықталады. Сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарына шек қойылуы қылмыстық – атқару кодексімен де белгіленеді.

Сотталғандардың құқықтарын шектеу туралы айтқанда мыналарды ескеру қажет. Біріншіден, Қазақстан Конституциясында, Қылмыстық – атқару кодексінде жіне өзге де заңдарда көрсетілген шектеулерге қарамастан сотталғандар Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің конституциялық құқықтарын жоғалтпайды және солардың міндеттерін атқарады. Екіншіден, сотталғандардың құқықтарын нақты шектеу мынадай жағдайларға: жасалған қылмыстың сипатына, қоғамдық қауіптілігінің деңгейіне; сотталғанның тұлғалық ерекшелігіне; сотталғанның жазасын өтеу кезіндегі тіртібіне байланысты болады.

ҚАК – нің 9 – шы бабтың 3 – тармағында шетел және азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары белгіленген. Олар Қазақстан Республикасының Конституциясымен, басқа заңдар, халықаралық келісім – шарттармен, Қылмыстық, Қылмыстық – атқару кодексімен белгіленген тәртіпте құқықтарына ие және өз міндеттерін атқарады.

Соныменен, сотталғандардың құқықтық мәртебесі дегеніміз сотталғандардың қылмыстық жазаны өтеу кезінде ие болатын заңда бекітілген міндеттері мен құқықтары және заңды мүдделері.

Қазақстан Республикасы сотталғандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін құрметтейді және қорғайды, олардың түзелуіне қажетті жағдайларды, сол сияқты әлеуметтік әділеттік кепілдігін, олардың жазаларды атқару кезінде жеке басының әлеуметтік, құқықтық және өзге де қоғамдық қорғауын қамтамасыз етеді.

4.2 Сотталғандардың негізгі құқықтары мен міндеттері

Сотталғандардың сот тағайындаған жаза түрін өтеудің тәртібі мен жағдайлары, өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алуға құқығы бар. Ал мемлекеттік органдары лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасы Конституциясының 18 – баптың 3 – тармағына сәйкес әр тұлғаны оның құқықтары мен мүдделері жөрінде құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен тарыстыруды қамтамасыз етуге міндетті. ҚР ҚАК – нің 9, 10 – баптарында жазаларды атқару (өтеу) үрдісінде сотталғандардың құқықтары бекітілген. Сотталғандардың сот тағайындаған жаза түрін өтеудің тәртібі мен жағдайлары, өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат алуға құқығы бар. Сотталғандар жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне, жазаны атқарушы мекемелер мен органдардан жоғары тұрған басқару органдарына, сондай-ақ сотқа, прокуратура органдарына, мемлекеттік өкімет органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі

халықаралық ұйымдарға ауызша және жазбаша ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға құқылы. Сотталғандар түспіктеме беруге және хат алысуға, сондай-ақ ана тілінде немесе өзі білетін кез келген басқа тілде ұсыныстар, өтініштер жасауға немесе шағымдануға, қажет болған жағдаларда аудармашының қызметін пайдалануға құқылы.

Сотталғандар адвокаттардың және де осындай көмек беруге уәкілетті басқа адамдардың заң көмегін пайдалануға құқылы.

Сотталғандардың әлеуметтік қамтамасыз етілуіне, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетақы алуға құқығы бар. Сотталғандар денсаулығын сақтау үшін қажетті медициналық – санитарлық қамтамасыздандыру құқығын пайдаланылады. Мемлекеттік органдарды және жергілікті өзін өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай – ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар. Бұл құқық соттың үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдарға ғана берілмейді. Жазасын өтеген және сотталуына баланысты атқарып жүрген қызметінен бостатылған адамдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еңбекке және тұрмыстық жағынан орналасуға әлеуметтік көмектің басқа түрлерін алуға құқығы бар. Жазасын өтеп жүрген адамдардың жазаны атқару мекемелерінің қызметкерлері тарапынан сыпайылық көру құқығы бар.

Қамауға немесе бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктердің өз мемлекеттерінің дипломатиялық және консулдық мекемелерімен байланыс жасауға құқығы бар. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдердің азаматтары олардың мүдделерін қорғауды өз мойнына алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерімен немесе оларды қорғаумен айналысатын халықаралық ұйымдармен байланыс жасауға құқығы бар.

Дін ұстану және ар – ұждан бостандығына құқығы бар, бірақ діни ғұрыптарды орындау сотпен белгіленген жазаны атқару мен өтеудегі бекітілген тәртіпке және басқа тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтірілмеуі тиіс.

Сотталғандардың және басқа адамдардың тарапынан сотталушының жеке басына қарсы қылмыс жасау қаупі туындаған кезде ол қамау немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқарушы мекеменің кез келген лауазымды адамына өзін мұндай қатер жоқ қауіпсіз орынға ауыстыру туралы өтініш жасауға құқылы.

Сотталғандардың және басқа адамдардың тарапынан сотталушының жеке басына қарсы қылмыс жасау қаупі туындаған кезде мекеме бастығы мынадай шешім қабылдайтын болады:

а) оның қауіпсіздігін сақтау үшін қауіпсіз орынға, яғни жеке бөлмеге, камерана ауыстырылуы туралы;

б) сотталғанның қауіпсіздігін қорғау жөніндегі басқа шаралар туралы (сотталғандар арасындағы жан-жалдарды шешу, қауіпті қылмыскерді жауапқа тарту т.с.с.).

и) сотталғанды басқа түзеу мекемесіне ауыстыру туралы.

Мекеме немесе органның бастығы қауіпті сотталғанды (сотталғандарды) басқа мекемеге ауыстыру туралы шешім қабылдайды. Сонымен қатар сотталғандардың ұлттық тіл мен мәдениетін пайдалануға және өзі қалаған тілде сөйлеуге, гигиена мен қауіпсіздік талаптарына сай келетін еңбек шарттарына, азаматтық және отбасылық құқық қатынастарына субъект болуға, тегін орта білім алуға құқықтары бар.

ҚАК – нің 10 – шы баптың 2 –ші бөлімінде сотталған шет елдердің азаматтары дипломат өкілдерімен және консул мекемелерімен байланыс жасау құқықтары бар. Консул өкілдерімен, дипломаттарымен, сондай – ақ халықаралық органдарымен түрлі байланыс жасайнады. Ол ұсыныстарды, өтініштер мен арыздарды жіберу, хат жімасу, телефон байланысы және консул өкілдерімен кездесу. Бұл кездесулердің мақсаты сотталғанға құқықтық көмек көрсету, сондықтан тұтқынға алған кезден бастап олармен кездесуді ұйымдастыру.

ҚАК – нің 11– бабында сотталғандардың нақты мынадай негізгі міндеттері көрсетілген. Ол міндеттер:

1) қылмыстық – атқару кодексімен, өзге де нормативтік құжаттық актілерде, сондай-ақ сот үкімінде белгіленген талаптарды орындауға;

2) жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың ішкі тәртіптеме қағидаларын сақтауға;

3) жазаларды орындайтын мекемелердің немесе органдардың қызметкерлерінің, сондай-ақ сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдардың заңды талаптарын орындауға;

4) жазаларды орындайтын мекемелер немесе органдар өкілшілігінің шақыруы бойынша келуге және жаза мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге;

5) негізгі жазасын толық өтегенге немесе жазадан босатылғанға, пробациялық бақылау мерзімі өткенге, жазаны орындауды кейінге қалдыру мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағынан кетпеуге;

6) персоналмен, басқа да сотталғандармен, сондай-ақ жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарға келетін адамдармен сыпайы қарым-қатынас жасауға;

7) еңбек пен оқуға адал қарауға;

8) заңда көзделген жағдайларда, инфекциялық ауруларды уақтылы анықтау мақсатында міндетті және профилактикалық медициналық қарап-тексеруден, сондай-ақ психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну және масаң күйде болу, дене зақымын алу фактілерін анықтау үшін куәландырудан өтуге міндетті.

Жоғарыда айтылғандармен қатар сотталғандар қоғамда қалыптасқан тәртіп нормаларын, санитария және гигиена талаптарын сақтауға міндетті. Сол сияқты, қылмыстық жазаны атқарушы мекеме мен органдардың қызметшілер құрамына, мекемеге қараушы тұлғаларға және басқа да сотталғандарға сыпайылық көрсетін және жазаларды орындаушы мекеме мен органдар әкімшіліктерінің шақырылуларына уақытында келуге міндетті. Сот үкімінің орындалуына байланысты міндеттерін атқармағаны үшін сотталғандар қылмыстық, әкімшілдік және материалдық жауапкершілікке тартылады.

4.3 Сотталғандардың ұсыныстарын, өтініштерін және арыздарын қарау тәртібі

Қылмыстық – атқару кодексі, басқа заңнамалық актілері сотталғандардың ұсыныстарын, өтініштерін, арыздарын беру тәртібін және нысандарын қарастырады. Сотталғандардың арыздары ауызша немесе жазбаша түрде беріледі. Бас бостандығынан айырылғандар түзеу мекемесіндегі ішкі тәртіптемесінің ережелерінің 16 – тарауына сәйкес ұсыныстарын, өтініштерін немесе арыздарын өз атынан беруге ғана құқылы. Сотталған адамға ұсынытарын, өтініштерін немесе арыздарын топ атынан немесе басқа тұлғалардың атынан беруге рұқсат етілмейді. Сотталғандар ұсыныстарына, өтініштеріне, арыздарына қол қоюлары тиіс.

Айыппұл жазасымен жазаланғандар, тиісті лауазымдарға тағайындау құқығынан айырылғандар, тиісті қызметпен айналысуға шек қойылған сотталғандар өз ұсыныстарын, өтініштерін, арыздарын барлық азаматтарға бірдей тәртіпте теруге құқылы. Егерде олар мекеме әкімшілігіне жіберілсе олар тіркеліп, тиісінше шешім қабылданатын болады. Қаралған өтініштердің қорытындысы бойынша қабылданған шешім сотталғанға хабарланады.

Сотталғандар ҚАК 10 – бабының 3 – тармағына сәйкес жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне, жазаны атқарушы

мекемелер мен органдардың жоғары тұрғын басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, сондай – ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға ұсыныстар, өтініштер жасауға және шағымдануға құқылы. Осы белгіленген органдарға жіберілген сотталғанның ұсыныстары, өтініштері, арыздары мекеме, орган әкімшілігі арқылы жіберіледі.

Сотталғандардың осы құқықтарын жүзеге асыру үшін ішкі тәртіп ережесіне сәйкес сотталғандардың ұсыныстары, өтініштері мен арыздары күн сайын ауызша және жазбаша түрде қабылданады. Ауызша берілген ұсыныстар, өтініштер мен арыздар арнайы журналға жазылып, олар туралы шешім қабылдану үшін жауапты лауазымдық тұлғаға баяндалады. Жазбаша түрде және әкімшілікке ұсынылған ұсыныстар, өтініштер мен арыздар арнайы журналдарға тіркеліп, мекеме басшысына беріледі. Мекеме басшысы бұл мәселені шешу үшін қажетті шаралар қолданады.

Соныменен, қамауға алуға, бас бостандығынан айыруға, өлім жазасына сотталғандардың жазаларды орындайтын мекемелердің немесе органдардың жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға жолдаған шағынымдары жазаларды орындайтын мекемелердің немесе органдардың әкімшілігі арқылы жіберіледі. Жазалардың өзге де түрлеріне және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына сотталғандар шағынымдарын өткізгі жібереді.

ҚАК 14 – бабына сәйкес жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда олардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымсыз әрекеттеріне сотталғандардың шағынымдар беруіне арналған арнайы пошта жәшіктерінің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Көрсетілген шағынымдарды прокурор жазаны орындайтын мекеме немесе орган әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен аптасына бір реттік кезенділікпен алып отырады, бұл жөнінде акт жасалады. Арнайы пошта жәшіктері жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың аумағында және үй-жайларында сотталғандар үшін қолжетімді жерлерде орнатылады.

Қамауға алуға, бас бостандығынан айыруға, өлім жазасына сотталғандардың жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жолдаған шағынымдары бақылауға жатпайды және бір тәуліктен кешіктірілмей адресатқа жіберіледі.

Бас бостандығынан айыруға, қамаққа алуға немесе өлім жазасына сотталған адамның адвокатпен хат жазысуы бақылауға жатпайды.

Шағым берген сотталған адам шағым бойынша қабылданған шешім туралы хабардар етілуге тиіс. Шағымды қанағаттандырудан бас тарту уәжді болуға тиіс.

Шағым берген сотталған адамға зиян келтіру үшін шағымды пайдалануға жол берілмейді.

Сонымен, сотталғандардың құқықтарының және заңды мүдделерінің бұзылғаны жөнінде ұсыныстарын, өтініштері мен арыздарын белгілі бір мекемелер мен органдарға жіберуге мүмкіндіктері бар. Сотталғандар олардың субъективті құқықтарының және заңды мүдделерінің бұзылғаны жөнінде ұсыныстарын, өтініштері мен арыздарын кез келген мемлекеттік органдарына және жергілікті органдарына жіберін сол туралы заң негізінде белгілі бір шешім қабылданып ол шешім сотталғанға хабарландырылады.

Сотталғандардың жазаның өтелуі жөніндегі мәселеге жатпайтын ұсыныстарын, өтініштері мен арыздарын тиісті органға жіберіледі. Бұндай ұсыныстар түскен күннен бастап бір ай ішінде қаралады, ал тексеруді талап етпейтін ұсыныстар кешіктірілмей, яғни 15 күннен асырылмай қаралады.

Студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған сұрақтар

1. Сотталғандардың құқықтық мәртебесінің түсінігі.
2. Сотталғандардың құқықтарын шектеу.
3. Бас бостандығынан айыру мекемелерінде жазаны өтеу кезіндегі сотталғандардың құқықтық жағдайы.
4. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың қылмыстық – атқару құқығы нормаларында бекітілген құқықтары және міндеттері.
5. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың құқықтық мәртебесін жүзеге асыруды қамтамасыз ету кеңілдігі.
6. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың ұсыныстарын, арыздарын және шағымдарын қарау тәртібі.
7. Бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктердің және азаматтардың, азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтық жағдайларының ерекшеліктері.

5 Мемлекеттік органдардың жазаларды және өзге де Қылмыстық – құқықтық ықпал ету шараларын орындау функциясындағы құзыреті

5.1 Мемлекеттік органдардың құзыреттері

Қылмыстық – атқару саласындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреттері ҚАК – нің 15 бабында белгіленген. Ол құзыреттер:

1) пробация қызметі пайдаланатын электрондық бақылау құралдарының тізбесін;

2) жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдыруға жататын) мүлікті есепке алу, сақтау, бақылау және одан әрі пайдалану қағидаларын;

3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің инженерлік-техникалық қадағалау, бақылау және күзет құралдарының тізбесін;

4) күдіктілерді, айыпталушыларды, сотталғандарды және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің балалар үйлеріндегі балаларды тамақтандырудың және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудің заттай нормаларын;

5) қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға өтеуден босатылатын адамдардың тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына бару жолында тегін жол жүрумен, сондай-ақ тиірек өнімдерімен немесе ақшамен қамтамасыз ету қағидаларын;

6) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бекітеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, және Қылмыстық – атқару кодексімен, басқа да заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның құзыреті ҚАК 16 бабында көрсетілген. Олар мыналар:

- қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне бару қағидаларын;

- қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидаларын;

- пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын;

- сотталғандарды жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жіберу қағидаларын;

- бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазасын өтеу кезеңінде орнын ауыстыру қағидаларын;
- қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің инженерлік-техникалық қадағалау, бақылау және күзет құралдарын пайдалану қағидаларын;
- қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ерекше жағдайлар режимін енгізу қағидаларын;
- білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша – бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру қағидаларын;
- бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидаларын;
- бас бостандығынан айыруға сотталғандардың діни жораларды орындауы үшін жағдайлар жасау жөніндегі нұсқаулықты;
- денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде туберкулезге қарсы көмекті ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ жазаны өтеуден босатуға негіз болып табылатын аурулар тізбесін және ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынылатын сотталғандарды медициналық куәландыру тәртібін;
- тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша - қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды ұйымдастыру қағидаларын;
- қылмыстық-атқару жүйесінің сотталған әйелдер, кәмелетке толмағандар жазасын өтеуге арналған органдары мен мекемелерінің және толық қауіпсіз режиміндегі мекемелердің күзетін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты;
- камаққа алу түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыратын арнаулы мекемелердің қызметі мен ішкі тәртіптемесін ұйымдастыру қағидаларын;
- қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жанындағы қамқоршылық кеңес туралы ережені;
- қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларын;
- қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету рын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша жергілікті

атқарушы органдардың жанындағы консультациялық-кеңесші орган туралы үлгі ережені;

- халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша – мүгедектігі бар және мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандарға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын ұсыну қағидаларын бекітеді.

Сонымен қатар қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган осы Кодексте, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының және мекемелердің құзыреті ҚАК 17 бабында көрсетілген. .

5.2 Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Қазақстан Республикасының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті:

1) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультациялық-кеңесші органдарды құрады;

2) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ мекемелерден босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетуді үйлестіреді;

4) мекемелерден босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған, өмірлік киын жағдайда деп танылған адамдарға Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді;

5) мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді;

6) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жүрген сотталғандарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдеседі;

7) пробация қызметінің есебінде тұрған мүмкіндіктері шектеулі кәмелетке толмағандарды ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық – медициналық - педагогикалық консультацияларға жіберуді қамтамасыз етеді;

8) мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек және өзге де көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктерді орындайды;

9) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі мекемелерден босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік және өзге де көмек көрсетеді.

5.3 Пробациялық бақылауды жүзеге асыру

Пробация дегеніміз санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі.

Пробациялық бақылауда болады: бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған; шартты түрде сотталған; бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты жүзеге асырылады.

Пробациялық бақылаудың ұзақтығы сот үкімімен немесе қаулысымен айқындалады.

Полиция бақылауында болады:

1) бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 84-бабы бірінші бөлігінің 4) тармағында белгіленген, өзіне сот тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шарасын тағайындаған кәмелетке толмаған адамға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асырады.

Пробация қызметі кәмелетке толмаған адамды есепке қою кезінде ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің, ал қажет болған кезде – педагогтің немесе психологтің қатысуымен осы ҚАК –нің 69, 169 және 174-баптарына сәйкес шаралар кешенін іске асырады.

Өзіне қатысты пробациялық бақылау белгіленген адам:

1) сот үкімі немесе қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап он тәулік ішінде есепке қою үшін пробация қызметіне келуге;

2) ҚАК - те белгіленген жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын өтеу шарттары мен тәртібін сақтауға;

3) профилактикалық әңгімелесуге қатысу үшін пробация қызметіне келін тұруға;

4) жұмыс орнының және (немесе) тұрғылықты жерінің өзгергені туралы пробация қызметіне жазбаша хабар беруге міндетті.

Жазаның және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының мақсатына қол жеткізу үшін пробация қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

Жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар өзіне қатысты пробациялық бақылау белгіленген адамға пробация қызметі әзірлеген жеке бағдарламаға сәйкес әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетеді.

Пробация қызметінің өкілеттіктері:

1) өздеріне қатысты пробациялық бақылау белгіленген адамдарды есепке алуды жүргізеді;

2) сот жүктеген міндеттерді орындау және оларды

3) пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату және пробациялық бақылау тәртібін бұзғаны үшін жауаптылыққа тарту тәртібі мен шарттарын түсіндіреді;

4) әлеуметтік-құқықтық көмек беру және оны алудан бас тарту тәртібін түсіндіреді;

5) адамның тұрғылықты жерін, оның денсаулық жағдайын, білім деңгейін және еңбекпен қамтылуын, сондай-ақ оған әлеуметтік-құқықтық көмек беру көлемін айқындау үшін қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Адам пробациялық бақылау шарттарын сақтамаған жағдайда, пробация қызметі жазбаша ескертуден кейін сотқа ұсыну жібереді.

6 Жазаларды және өзге де қылмыстық – құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органда

6.1 Жазатқаратын мемлекет мекемелері мен органдардың түрлері және міндеттері

Қылмыспен күресу үрдісі әртүрлі бағытта өтеді: болжау, арнайы алдын алу жұмысын ұйымдастыру; жасалған қылмысты тергеу; жасалған қылмысты сотта қарау және жазаны белгілеу; сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау. Көрсетілген қылмыспен күресудің арнайы шараларын іске асыру мемлекеттің мемлекеттері мен органдарына жүктелген. Яғни, жазаны атқаруға байланысты белгілі бір мемлекеттік мекемелер мен органдар құрылады.

Үкімді орындау туралы жарлықты сот немесе сот төрағасы үкімнің көшірмесімен қоса үкім орындау міндеттелген мекемеге немесе органға жібереді.

ҚР ҚАК 24 – бабына сәйкес « Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі сотталған адамның жазаны өтеу орнына келгені туралы сотталған адамның таңдауы бойынша оның жұбайына (зайыбына), туыстарының біріне не заңды өкіліне екі жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберуге міндетті».

Жазаның түрлеріне байланысты оны орындаушы мекемелер мен органдарда әр түрлі болады. Айыппұл, сондай-ақ мүлікті тәркілеу түріндегі жазаларды мүліктің тұрған жері бойынша және сотталған адамның жұмыс орны бойынша әділет органдары орындайды (ҚР ҚАК – нің 24 – бабы). Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындауды сотталған адамның тұрғылықты жеріндегі пробация қызметі не бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау кезінде мекеме жүзеге асырады.

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімін сотталған адамның жұмыс орны бойынша ұйым әкімшілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілі бір қызметпен айналысуға берілген рұқсатты қайтарып алуға құқығы бар органдар орындайды (ҚР ҚАК – нің 24 – бабының 2 - тармағы). Қамаққа алу түріндегі жазаны ішкі істер органдары және әскери полиция органдары орындайды. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы жазаны Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары мен ішкі істер органдары орындайды.

Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыру бөлігінде сот үкімін атақты, сыныптық шенді, дипломатиялық дәрежені, біліктілік сыныбын берген лауазымды адам орындайды. Мемлекеттік наградаларды оларға қоса берілген құжаттармен бірге алып коюды олар тұратын жердегі пробация қызметі жүргізеді. Түзеу жұмыстары, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаларды сотталған адамның тұрғылықты жеріндегі пробация қызметі орындайды. Өлім жазасы түріндегі жазаны мекемелер орындайды.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны мекемелер, сондай-ақ шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін қалдырылған немесе жіберілген сотталғандарға қатысты тергеу изоляторлары орындайды. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды олардың тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдары жүзеге асырады. Шартты түрде сотталған және бас бостандығын шектеуге сотталған адамдар пробация қызметінің пробациялық бақылауында болады. Жазасын орындау кейінге қалдырылған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлер пробация қызметінің бақылауында болады. Шартты түрде сотталған және бас бостандығын шектеуге сотталған кәмелетке толмағандар пробация қызметінің пробациялық бақылауында болады. Пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі өзара іс-қимылы қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады. Жазаны атқарушы мекемелер мен органдар өз міндеттерін тиімді орындауы үшін, әсіресе сотталғандарды түзету урдісінде тергеу, сот, прокуратура, полиция органдарымен, қоғамдық құрылымдар және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс жасайды.

6.2 Сотталғандарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану

ҚР ҚАК – нің 26 – бабының 1 – тармағына сәйкес бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларға сотталған, алкогольмен, нашақорлықтан және уытқұмарлықтан, сондай-ақ есі дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуынан (ауыруынан) зардап шегетін адамдарға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

Бас бостандығынан айыруға сотталған, алкоголизмнен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан емделуге мұқтаж деп танылған адамдарға мекемелер сот үкімі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданады. Егер бас бостандығынан айыруды өтеу кезінде сотталған адамның осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген аурулардан зардап шегетіні анықталса, мекеме әкімшілігі сотқа оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы ұсыну жібереді. Бас бостандығынан айыруға сотталған, емделудің толық курсынан өтпеген туберкулезбен немесе инфекциялық аурумен ауыратын адамдарға мекеме медициналық комиссияның шешімі бойынша міндетті ем қолданады.

Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты мекеме әкімшілігі оларда психикалық ауытқушылықтар мен сексуалдық зорлық-зомбылыққа бейімділіктің бар (жоқ) екендігі туралы мәселені шешу үшін жазаны өтеу мерзімі аяқталғанға дейін алты айдан кешіктірмей сот-психиатриялық сараптама тағайындау үшін сотқа материалдарды жібереді. Осы бөліктің ережелері сотталған адамдардың еснің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуының анықталуына байланысты соттың шешімі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылатын сотталғандарға қолданылмайды. Мекеме әкімшілігі сот-психиатриялық сараптама нәтижесі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау, ұзарту, өзгерту немесе тоқтату туралы мәселелерді шешу үшін сотқа ұсыну жібереді. Мекеме әкімшілігі соттың қаулысын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымына медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын орындау үшін жібереді.

Өзіне қатысты соттың шешімімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы белгіленген, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның мекемелерден босатылғаны туралы хабарлама босатылғанға дейін бес жұмыс күні бұрын тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымына және ішкі істер органына жіберіледі. Бас бостандығын шектеуге, қамауға алуға, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға мәжбүрлеп және міндетті емдеу қылмыстық – атқару жүйесінің тиісті органдарында жүзеге асады.

6.3 Жазаларды орындайтын мекемелер мен органдардың қызметін бақылау

Қазақстан Республикасында қылмыстық жазаны атқару кезінде сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін шектеуге немесе басқада заң бұзушылыққа жол бермеу мақсатымен қылмыстық жазаны атқару мекемелері мен органдарының қызметтеріне бақылау жүргізіледі. Сондықтан жазаны атқару мекемелері мен органдарының қызметтерін бақылау түрлері және оның тәртібі ҚР ҚАК 7-тарауында бекітілген. Қылмыстық жазаны атқарушы мекемелер мен органдарының қызметтерін бақылау жұмыстарын әр түрлі органдар жүргізеді. Ең бірінші бақылау бұл **сот бақылауы**.

Сот жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру, сотталған адамның ауруына байланысты жазадан босату, жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлердің жазасын өтеуін кейінге қалдыру, сондай-ақ мекеменің түрін өзгерту туралы мәселелерді шешу кезінде жазалардың орындалуын бақылайды. Сот сотталғандар мен өзге де адамдардың жазаларды орындайтын мекемелер мен органдар әкімшілігінің әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдарын қарайды. Жазаларды орындайтын мекемелер мен органдар екі жұмыс күші ішінде үкім шығарған сотқа сотталған адамның қоғамдық жұмыстарды, түзеу жұмыстарын, бас бостандығын шектеуді, қамаққа алуды, бас бостандығынан айыруды өтеуінің басталғаны және орны туралы және белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арнаулы, әскери немесе құрметті атактан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру, мүлкін тәркілеу, өлім жазасы түріндегі жазалардың орындалуы туралы хабарлама жібереді.

Жазаларды орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жоғары тұрған басқару органдары мен олардың лауазымды адамдары тарапынан ведомстволық бақылау жүзеге асырылады. Ведомстволық бақылауды жүзеге асыру тәртібі нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді. Жазаны атқарушы органдар мен мекемелерді бақылау жүргізуді реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілері: сотталғандардың заңды мүдделері мен құқығын сақтауда және жазаны атқаруда заң мен басқа нормативтік актілердің сақталуын; жазаны атқарушы органдар мен мекемелердің, сотталғандардың және басқа адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Ведомствалық бақылауда сотталғандармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстың ұйымдастырылуы және олардың еңбек әрекеті, осы мекемелердің әкімшілігінің жұртшылық және мемлекеттік органдармен өзара қатынасы бағаланады.

Алдына қойылған міндеттерге жету үшін анықталған кемшіліктерді шеттету туралы нақты шара қолдану көзделін, олардың пайда болуының себебі мен салдарын анықтау бойынша жазаны атқарушы органдар мен мекеме әкімшілігі қызметін бағалау бақылау негізінде жүзеге асады.

Бас бостандығын шектеу және айыру, түзеу және қоғамдық жұмыстар, сондай-ақ шартты соттау жазасын атқарушы мекемелер мен органдардың қызметін бақылауды ИМ, атап айтсақ ҚР ИМ Қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті жүзеге асырады. Жоғарыда аталған мекемелер мен органдардың бақылау нысандары: статистикалық есептілік талдауы, қаржылық-шаруашылық немесе өндірістік саланы тексеру (ревизия), жазаны атқарушы мекемелер мен органдарды тікелей инспекциялау, шағымдарды, өтініштер мен ұсыныстарды тексеріп, тиісті шешім қабылдау болып табылады. Қылмыстық-атқару ісін жүргізудегі қадағалауды прокуратура жүргізеді. Дәлірек айтқанда жазаны атқарушы мекемелер мен органдар әкімшілігінің заңдарды сақтауын қадағалауды ҚР заңдарына сәйкес ҚР Бас Прокуроры мен оған бағынышты прокурорлар жүзеге асырады.

Прокуратура мемлекет атынан ҚР Президентінің нұсқауларын және Республика аумағында өзге де нормативтік құқықтық актілерді, жедел іздестіру қызметінің, анықтаушы мен тергеушінің, іс жүргізуші және әкімшіліктің заңды дәл және біркелкі қолдануын қадағалайды. Сонымен бірге, қылмыстық-атқару ісін жүргізудің пәні болып түзеу мекемесінде және басқа да жазаларын өтеу орнындағы жерлерде заңмен бекітілген құқы, бостандығы мен міндеттерін бас бостандығынан айыруға байланысты емес, жаза атқарудың заңдылығын сақтау болады.

Қадағалауды жүзеге асыруда ерекше назар ҚР ҚАК сотталғандардың құқықтық жағдайын, материалдық-тұрмыстық жағынан қамтамасыз етілуі мен медициналық қызмет көрсетулерін анықтайтын ережесінің сақталуына басты назар аударылады.

ҚР Заңы прокуратураға заңды сақталуын тексеру кезінде зор мүмкіншіліктер берген. Қадағалауды жүзеге асырушы прокурор, кез-келген уақытта жазаны атқарушы органдар мен мекемелерге келуге, сотталғандардан сұрақ-жауап алуға, жедел материалдармен және қай құжаттың негізінде сотталып, жазасын өтеп жүргендіктерін тексереді.

Прокурор әкімшіліктен жазасын өтеп жүрген сотталғандарға құқығын қамтамасыз ететін жағдай тудыруды талап ете алады.

Жазаны атқарушы органдар мен мекемелердегі әкімшіліктің бұйрықтары, өкімдері және қаулыларының заңға сәйкестігін тексеріп, лауазымды тұлғалардан түсініктеме талап етуге, ұсыныс пен наразылық білдіруге, әкімшіліктің құқық бұзушылығы жайлы іс жүргізіп, қылмыстық іс қозғауға құқы бар. Прокурор өз қаулыларымен заңды бұзған сотталғандарға салынған тәртіптік жазалауды өзгертуге, жедел тәртіптік немесе айыптық оқшаулау орындарында, камералық үлгідегі үй-жайларда және жалғыз адамдық камерада ұстау орындарынан босата алады.

Прокурор немесе оның орынбасары өз қаулыларымен жазаны атқарушы орындарда заңды негізсіз отырған әрбір адамды дереу босатуы тиіс. Прокурордың талабы мен қаулысы жазаны атқарушы органдар мен мекемелер әкімшілігі үшін міндетті түрде орындауға жатады. Осы сияқты өкілеттік өз құзыреті шегінде жазаны орындау кезінде заңның сақталуын қадағалауды жүзеге асыру бойынша Бас Прокурор мен оның орынбасарларына, төмендегі прокурор мен оның орынбасарларына, айырықша тапсырма бойынша прокурордың көмекшілері, аға прокурор мен прокурорға, басқарма мен бөлімдердің аға қылмыстық прокуроры мен қылмыстық прокурорына берілген.

Қоғамдық байқау комиссиялары және ұлттық алдын алу тетігі қызметі нысанындағы қоғамдық бақылау ҚАК 8 және 9-тарауларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қоғамдық бақылау қағидаттары ҚАК – нің 31 бабында көрсетілген. Олар мыналар:

- адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау;
- заңдылық;
- объективтілік;
- азаматтардың қатысу еріктілігі;
- жазаны орындау жағдайларын ескере отырып, іс-шаралар мен нәтижелердің ашықтығы мен айқындылығы;
- кезеңділік пен жеделдік;
- нәтижелерді жазбаша құжаттау міндеттілігі;
- мемлекеттік билік органының қоғамдық бақылаудың нәтижелері бойынша жазбаша қорытынды ұсынуға ден қою міндеттілігі;
- азаматтың қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қатысуына байланысты оны құдалауға тыйым салу.

ҚАК – нің 31 бабының 3 тармағында қоғамдық бақылаудың мынадай міндеттері көрсетілген:

1) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындаудың және өтеудің нормативтік құқықтық актілері мен құқық қолдану практикасын жетілдіру кезінде қоғамдық мүдделерді ескеруге жәрдемдесу;

2) жазаны орындайтын мекемелер мен органдар қызметінің жұртшылық үшін айқындылық деңгейін арттыру;

- сотталғандардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің қорғалу деңгейін арттыру;

- сотталғандардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына ықпал ететін себептерді және жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану;

- жазаны орындайтын мекемелер мен органдар, сондай-ақ олардың жоғары тұрған органдары қызметінің тиімділігін бағалауға қатысу.

Демократиялық мемлекетте қоғамдық бақылаудың маңызы зор. Бұл тұрғыда ҚАК 8 – тарауында қоғамдық бақылау комиссиялары туралы айтылған.

Қоғамдық байқау комиссиясы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық байқау комиссиясы жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің қамтамасыз етілуіне, оларды ұстау жағдайлары, медициналық-санитариялық қамтамасыз ету, еңбегін, оқуын және бос уақытын ұйымдастыру бөлігінде қоғамдық мониторинг жүргізу үшін құрылады (33 бап).

Қоғамдық байқау комиссиясы үштен тоғыз адамға дейінгі құрамда күнтізбелік екі жыл мерзімге құрылады.

Қоғамдық байқау комиссиясы жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарға алты ай бойы бармаған жағдайда, оның қызметі тоқтатылды деп есептеледі.

Қоғамдық байқау комиссиясын оның мүшелерінен көпшілік дауыспен сайланатын, оның қызметіне басшылықты жүзеге асыратын төраға басқарады.

Қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері өз өкілеттіктерін орындау кезінде жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға, олардың әкімшілігінің заңды талаптарына бағынуға міндетті.

Сонымен, жазаны атқару мекемелері мен органдарының қызметтерін бақылау түрлеріне мыналар жатады: сот бақылауы, ведомстволық бақылау, прокурорлық бақылау, қоғамдық бақылау.

Студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған сұрақтар

1. Қылмыстық жазаны атқаратын мемлекеттік органдардың міндеттері
2. Жазаны атқарушы органдардың басқа құқық қорғау органдарымен және басқа мемлекеттік органдармен өзара іс әрекеті
3. Жазаны атқарушы мекемелердің қызметін бақылаушылардың түрлері мен құқықтары.
4. Сот бақылауы, оның ерекшеліктері.
5. Ведомствалық бақылау, оның ерекшеліктері.
6. Қылмыстық жазаны атқару кезіндегі заңдылықтың сақталуы үшін жасалатын прокурорлық бақылау ерекшеліктері.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана, 2008. – 56 б.
- 2 Ленин В.И. Конспект раздела о наказаниях пункта программы о суде // ПСС. Издание пятое. Т. 38. – М. : Изд. политической литературы, 1977. –580 б.
- 3 Советское исправительно-трудовое право – М., 1977. – 307 б.
- 4 Исправительно-трудовой кодекс РСФСР 1924 года // Сборник нормативных актов по Советскому исправительно-трудовому праву. – М. : Госюриздателство, 1959. – Б.127–170.
- 5 Исправительно-трудовой кодекс РСФСР 1933 г. // Сборник нормативных актов по Советскому исправительно-трудовому праву. – М. : Госюриздателство, 1959. – Б. 265–296.
- 6 Постановление ЦИК и СНК СССР от 27 октября 1934 г. «О передаче ИТУ Народных Комиссариатов юстиции союзных республик в ведение НКВД Союза ССР» // Сборник нормативных актов по Советскому исправительно - трудовому праву. – М.: Госюриздателство, 1959. – б. 303
- 7 Инструкция о порядке направления заключенных в срочные тюрьмы из исправительно-трудовых лагерей от 10 ноября 1935 г. // Архив ДВД Карагандинской области, ф.16, д. 94.
- 8 Панасенко В. З. Из истории становления и развития исправительно-трудовых учреждений МВД Казахской ССР (1920–1985 гг.). – Алма-Ата : Музей боевой и трудовой славы ОВД Казахской ССР, 1987. – 107 б.
- 9 Закон СССР «Об утверждении Положения о предварительном заключении под стражу» от 11 июля 1969 г. // Свод законов СССР. Т.10. – М. : Известия, 1988. – Б. 599–605.
- 10 Основы исправительно-трудового законодательства Союза ССР от 11 июля 1969 г. // Свод законов СССР. Т.10. – М. : Известия, 1988. – Б. 615–640.
- 11 Исправительно - трудовой кодекс Казахской ССР 1971 г. – Алматы: Казахстан, 1985. – 270 б.
- 12 Бухгалтерские отчеты за 1942–1944 гг. // Архив КУИС МЮ РК
- 13 Постановление СНК КССР от 4 июня 1925 г., объявленное приказом ГИМЗ от 5 июня 1925 г. № 60 // ЦГА Республики Казахстан, ф.716, оп.2, д.102.
- 14 Положение о трудовых колониях НКВД для несовершеннолетних. Утверждено приказом НКВД СССР от 20 августа 1937 г. № 329 // Архив МВД РК, д. 213.

15.Қазақстан Республикасының Қылмыстық – атқару құқығы//
Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-
V ҚРЗ.

А қосымшасы
(міндетті)

Қазақстан Республикасының Қылмыстық – атқару кодексі

Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ.

ЖАЛПЫ БӨЛІК

1-БӨЛІМ. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЗАЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ - ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАУ ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАЙТЫН ЗАҢНАМАСЫ

1-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді және осы Кодекстен, жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу тәртібі мен шарттарын белгілейтін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу тәртібі мен шарттарын белгілейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен сотталғандардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін шектеулер, егер заңда бұл көзделмеген болса, белгілене алмайды.

3. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың осы Кодекстің алдында басымдығы бар және халықаралық шарттан оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады.

2-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының кеңістік пен уақыт тұрғысынан қолданылуы

1. Өздеріне қатысты жазалар немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары Қазақстан Республикасының аумағында орындалатын сотталғандарға Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы қолданылады.

2. Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу, сотталғандарға түзеу құралдарын қолдану, сондай-ақ босатылатын сотталғандарға көмек көрсету

оларды орындау кезінде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3-бап. Осы Кодексте қамтылатын кейбір ұғымдарды түсіндіру

Осы Кодексте қамтылатын ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

1) жазаны орындайтын органдар – қамаққа алу түріндегі жазаны, сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын органдар;

2) жазаны өтеу режимі – осы Кодексте және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген жазаларды орындау және өтеу тәртібі;

3) қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган – қылмыстық-атқару қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі (бұдан әрі – қылмыстық-атқару жүйесі) – қылмыстық жазалардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер, сондай-ақ көрсетілген органдар мен мекемелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдар жүйесі;

5) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесі (бұдан әрі – мекеме) – бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды орындауға, сондай-ақ өлім жазасына сотталғандарды ұстауға арналған мемлекеттік мекеме;

6) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің уәкілетті органы (бұдан әрі – қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы) – қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның өзінің құзыреті шегінде бақылау және (немесе) іске асыру функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы;

7) пробация – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі;

8) пробация қызметі – қылмыстық жазалардың қоғамнан оқшауламай орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ пробацияны ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің органы;

9) пробациялық бақылау – пробация қызметінің есебінде тұратын адамдардың өздеріне заңмен және сотпен жүктелген міндеттерін орындауына уәкілетті органдардың бақылауын жүзеге асыру жөніндегі қызметі;

10) сотталған адамды түзеу – сотталған адамның құқыққа бағынушылық мінез-құлқын, жеке басқа, қоғамға, еңбекке, қоғамдағы мінез-құлық нормаларына, қағидаларына және әдебіне жағымды көзқарасын қалыптастыру;

11) тергеу изоляторларының оқшауланған учаскелері – бас бостандығынан айыруға сотталғандарды, сондай-ақ қамаққа алуға сотталғандарды ұстауға арналған камералары бар тергеу изоляторларының үй-жайлары.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 30.12.2016 № 39-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. ЖАЗАЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ - ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАУДЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

4-бап. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттары әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да және өзге адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу болып табылады.

2. Көрсетілген мақсаттарға сәйкес:

1) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындаудың және өтеудің тәртібі мен шарттарын реттеу;

2) сотталғандарды түзеу құралдарын айқындау;

3) сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;

4) сотталғандардың әлеуметтік бейімделуіне көмек көрсету Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының міндеттері болып табылады.

3. Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау тән зардабын шектіруді немесе адами қадір-қасиетті қорлауды мақсат етпейді.

5-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының қағидааттары

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы:

1) адам және азамат құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау;

2) заңдылық;

3) ізгілік;

4) жазаларды орындау шарттарын саралау;

5) жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындауды даралау;

6) мәжбүрлеу шараларын ұтымды қолдану;

7) түзелуге ықпал етумен жазаны сабақтастыру;

8) сотталғандардың құқыққа бағынушылық және белсенді қоғамға пайдалы мінез-құлқын ынталандыру қағидаттарына негізделеді.

6-бап. Жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау негіздері

Заңды күшіне енген сот үкімі немесе қаулысы, рақымшылық жасау және оны қолдану туралы акт, кешірім жасау туралы акт жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындауға негіз болып табылады.

7-бап. Сотталғандарды түзеудің негізгі құралдары

1. Мыналар:

1) жазаны өтеу режимі;

2) тәрбиелік ықпал ету;

3) жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап тұру;

4) қоғамға пайдалы еңбек;

5) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуы;

6) қоғамдық ықпал ету сотталғандарды түзеудің негізгі құралдары болып табылады.

2. Сотталғандарды түзеу құралдары жазаның түрі, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты, қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінә нысаны мен уәждері, сотталған адамның жеке басы және жазаны өтеу кезіндегі оның мінез-құлқы ескеріле отырып қолданылады.

8-бап. Сотталғандарды түзеуге жұртшылықтың қатысуы

1. Сотталғандарды түзеуге қамқоршылық кеңестер мен қоғамдық байқау кеңестері, сотталғандардың ата-аналар комитеттері, кәсіптік одақтар, еңбек ұжымдары, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер, қоғамдық қорлар мен қайырымдылық қорлары, саяси партиялар, басқа да ұйымдар, сондай-ақ азаматтар:

- 1) социологиялық және өзге де мониторингтер жүргізу;
- 2) қылмыстық-атқару қызметі саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қоғамда талқылауға қатысу;
- 3) сотталғандарға гуманитарлық және қайырымдылық көмектерді іздестіруге, беруге, оның бөлінуіне және пайдаланылуын байқауға қатысу;
- 4) қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін жетілдіруге және сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмекке бағытталған бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру;
- 5) жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін нысандарда өзге де жәрдем көрсету арқылы қатыса алады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдар сотталған адамның жеке өмірі туралы өздеріне мәлім болған мәліметтерді оның келісімінсіз жариялауға құқылы емес.

Көрсетілген талапты бұзу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

3-тарау. СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

9-бап. Сотталғандардың құқықтық жағдайының негіздері

1. Қазақстан Республикасы сотталғандардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін құрметтейді және қорғайды, оларды түзеу құралдарын қолданудың заңдылығын, сондай-ақ құқықтық қорғауды және жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

2. Сотталғандар Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қылмыстық кодексінде және өзге де заңдарында белгіленетін шектеулермен, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарына, бостандықтарына ие болады және міндеттерін атқарады.

3. Сотталған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасында азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

4. Сотталғандардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың құқықтарын шектеу жазалардың және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының нақты түрін орындау тәртібі мен шарттары негізге алына отырып, осы Кодексте айқындалады.

5. Сотталғандарды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшыратуға болмайды.

6. Сотталған адам жазаны орындайтын мекемеге немесе органға келіп түскен кезде, әкімшілік сотталған адамға оның құқықтары, міндеттері және құқықтық шектеулер туралы ақпаратты, сондай-ақ жазаны орындайтын мекемелердің немесе органдардың ішкі тәртіптеме қағидаларын жазбаша түрде беруге және қолын қойғызып, түсіндіруге міндетті.

10-бап. Сотталғандардың негізгі құқықтары

1. Сотталғандардың:

1) жазаны орындайтын мекемелерден немесе органдардан жазаны өтеу тәртібі, шарттары және олардың өзгеруі туралы ақпарат алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің атына кешірім жасау туралы өтінішхатпен жүгінуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауызша және жазбаша ұсыныстармен, өтініштермен және шағымдармен жазаны орындайтын мекеме немесе орган әкімшілігіне, олардың жоғары тұрған органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға және лауазымды адамдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға жүгінуге;

4) өздерінің адами қадір-қасиетінің танылуына, азаптаудан, зорлық-зомбылықтан, басқа да қатыгездік немесе адами қадір-қасиетін қорлайтын қарекеттерден немесе жазалаудан қорғануға;

5) жазасын өтеу кезінде жеке басының қауіпсіздігіне;

6) ана тілінде немесе өздері меңгерген кез келген басқа тілде түсініктемелер беруге және хат жазысуды жүргізуге, сондай-ақ ұсыныстармен, өтініштермен және шағымдармен жүгінуге, заңда көзделген жағдайларда аудармашының қызметін пайдалануға;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен консультациялар, анықтамалар, құқықтық сипаттағы құжаттар жасау түрінде, сондай-ақ өзге де нысандарда білікті заң көмегін алуға;

8) денсаулығын сақтауға және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасын сәйкес білікті медициналық көмек алуға;

9) мекеменің психологиялық қызметінің қызметкерлері және осындай көмек көрсетуге құқығы бар өзге де адамдар көрсететін психологиялық көмекке;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандырылуға;

11) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қауіпсіз еңбек жағдайларына, демалуға, демалысқа, сондай-ақ еңбегіне ақы төленуге құқығы бар.

Сотталғандардың осы Кодекске, жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу тәртібі мен шарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзге де құқықтары бар.

2. Сотталған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасында аккредиттелген өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерімен және консулдық мекемелерімен, ал Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және консулдық мекемелері жоқ елдердің азаматтары – олардың мүдделерін қорғауды өзіне алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен немесе оларды қорғауды жүзеге асыратын халықаралық ұйымдармен байланысты ұстап тұруға құқылы.

3. Сөйлеу не есту, не көру кемістігі бар мүгедектер болып табылатын сотталғандардың дактильді-ымдау тілін немесе Брайль әліпбиін меңгерген мамандар көрсететін қызметтерді пайдалануға құқығы бар.

4. Сотталғандарды клиникалық зерттеулерге ұшыратуға болмайды.

11-бап. Сотталғандардың негізгі міндеттері

1. Сотталғандар:

1) осы Кодексте, өзге де нормативтік құқықтық актілерде, сондай-ақ сот үкімінде белгіленген талаптарды орындауға;

2) жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың ішкі тәртіптеме қағидаларын сақтауға;

3) жазаларды орындайтын мекемелердің немесе органдардың қызметкерлерінің, сондай-ақ сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдардың заңды талаптарын орындауға;

4) жазаларды орындайтын мекемелер немесе органдар әкімшілігінің шақыруы бойынша келуге және жаза мен өзге де

кылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге;

5) негізгі жазасын толық өтегенге немесе жазадан босатылғанға, пробациялық бақылау мерзімі өткенге, жазаны орындауды кейінге қалдыру мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағынан кетпеуге;

6) персоналмен, басқа да сотталғандармен, сондай-ақ жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарға келетін адамдармен сыпайы қарым-қатынас жасауға;

7) еңбек пен оқуға адал қарауға;

8) заңда көзделген жағдайларда, инфекциялық ауруларды уақтылы анықтау мақсатында міндетті және профилактикалық медициналық қарап-тексеруден, сондай-ақ психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну және масаң күйде болу, дене зақымын алу фактілерін анықтау үшін куәландырудан өтуге міндетті.

РҚАО–ның ескертпесі!

1-тармақты 9) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР 31.12.2016 № 41-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Сотталғандардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындамауы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

12-бап. Жеке бастың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Сотталғандар мен басқа да адамдардың тарапынан сотталған адамның өміріне, денсаулығына не қадір-қасиетіне қатер төнген кезде, ол жазаны орындайтын мекеменің немесе органның кез келген қызметкеріне қатерді жою туралы өтінумен жазбаша немесе ауызша жүгінуге құқылы.

Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның қызметкері қатерді жою бойынша, оның ішінде сотталған адамды қауіпсіз орынға ауыстыру және алып кету арқылы дереу шаралар қолдануға міндетті.

Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі сотталған адамның өміріне, денсаулығына не қадір-қасиетіне қатер төнгенін анықтаған кезде, олар мұны жою бойынша, оның ішінде сотталған адамды оның келісу-келіспеуіне қарамастан, қауіпсіз орынға ауыстыру арқылы дереу шаралар қолданады.

2. Екі және одан көп сотталған адамға қатер төнгені анықталған жағдайда, жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі қатер көзін оның келісу-келіспеуіне қарамастан, қауіпсіз орынға ауыстыру бойынша дереу шаралар қолданады.

3. Сотталған адамды қауіпсіз орынға ауыстыру жазаны орындайтын мекеме немесе орган бастығының қаулысы бойынша отыз тәулікке дейінгі мерзімге жүргізіледі.

Бастық болмаған жағдайда, сотталған адамды қауіпсіз орынға ауыстыру туралы шешімді жазаны орындайтын мекеме немесе орган бастығының кезекші көмекшісі ол келгенге дейін, бірақ жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа қабылдайды.

4. Сотталған адамның қауіпсіз орында болуын отыз тәулікке дейінгі мерзімге ұзарту жазаны орындайтын мекеме немесе орган бастығының прокурормен келісілген қаулысы бойынша жүзеге асырылады.

5. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген қатер сақталған кезде, жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі сотталған адамды жазасын одан әрі өтеуі үшін жазаны орындайтын өзге мекемеге немесе органға жіберу жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

6. Қауіпсіз орынға ауыстырылған сотталған адам қауіпсіз орынға ауыстырылғанға дейін өзіне айқындалған ұстау жағдайларында жазасын өтейді.

7. Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның бастығы қауіпсіздік шараларын қолдану туралы шешім қабылдайтын және оларды қылмыстық сот ісін жүргізудің қатысушысы болып табылатын сотталған адамға қатысты жүзеге асыратын органдарға жәрдем көрсетуге міндетті.

8. Мекемелерде қауіпсіз орын ретінде тәртіптік изоляторлар камералары, қамаққа алуды өтеу орындарында – жалғыз адамдық камералар пайдаланылуы мүмкін.

13-бап. Сотталғандардың ар-ұждан және діни сенім бостандығы құқығын қамтамасыз ету

1. Сотталғандарға ар-ұждан және діни сенім бостандығы құқығына кепілдік беріледі.

2. Діни жораларды орындау ерікті болып табылады.

3. Діни жораларды орындау кезінде жазаны орындайтын мекеменің немесе органның ішкі тәртіптеме қағидалары сақталады. Сотталғандардың осы Кодексте көзделген өздерінің міндеттерін орындаудан бас тартуына түрткі болумен және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзумен ұштасатын әрекеттерге жол берілмейді.

4. Сотталғандардың немесе олардың туыстарының өтінуі бойынша салт-ғұрыптарды атқару қажет болған жағдайда, Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметшілері шақырылады.

5. Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі діни жораларды орындау үшін жағдай жасайды, сондай-ақ дін қызметшілері жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

6. Жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың аумағында ғибадат үйлерін (құрылыстарын) салуға тыйым салынады.

14-бап. Сотталғандардың шағыным жасауы

1. Қамаққа алуға, бас бостандығынан айыруға, өлім жазасына сотталғандардың жазаларды орындайтын мекемелердің немесе органдардың жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға жолдаған шағынымдары жазаларды орындайтын мекемелердің немесе органдардың әкімшілігі арқылы жіберіледі. Жазалардың өзге де түрлеріне және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына сотталғандар шағынымдарын өздері жібереді.

2. Жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда олардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымсыз әрекеттеріне сотталғандардың шағынымдар беруіне арналған арнайы пошта жәшіктерінің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Көрсетілген шағынымдарды прокурор жазаны орындайтын мекеме немесе орган әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен аптасына бір реттік кезеңділікпен алып отырады, бұл жөнінде акт жасалады. Арнайы пошта жәшіктері жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың аумағында және үй-жайларында сотталғандар үшін қолжетімді жерлерде орнатылады.

3. Қамаққа алуға, бас бостандығынан айыруға, өлім жазасына сотталғандардың жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға жолдаған шағынымдары бақылауға жатпайды және бір тәуліктен кешіктірілмей адресатқа жіберіледі.

4. Бас бостандығынан айыруға, қамаққа алуға немесе өлім жазасына сотталған адамның адвокатпен хат жазысуы бақылауға жатпайды.

5. Қамаққа алуға, бас бостандығынан айыруға, өлім жазасына сотталғандар ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары арқылы азаптаудың және басқа да қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы өтініш жібере алады.

6. Сотталған адамның атынан шағынымды оның келісімінсіз кез келген адам ұсына алмайды.

7. Сотталғандардың жазаларды орындайтын мекемелер мен органдар әкімшілігінің шешімдеріне немесе әрекеттеріне байланысты шағынымдары, заңда көзделген жағдайлардан басқа кезде, олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

8. Шағым берген сотталған адам шағым бойынша қабылданған шешім туралы хабардар етілуге тиіс. Шағымды қанағаттандырудан бас тарту уәжді болуға тиіс.

9. Шағым берген сотталған адамға зиян келтіру үшін шағымды пайдалануға жол берілмейді.

4-тарау. **МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖАЗАЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТІ**

15-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) пробация қызметі пайдаланатын электрондық бақылау құралдарының тізбесін;

2) жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдыруға жататын) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларын;

3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің инженерлік-техникалық қадағалау, бақылау және күзет құралдарының тізбесін;

4) күдіктілерді, айыпталушыларды, сотталғандарды және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің балалар үйлеріндегі балаларды тамақтандырудың және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудің заттай нормаларын;

5) қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден босатылатын адамдардың тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына бару жолында тегін жол жүрумен, сондай-ақ тамақ өнімдерімен немесе ақшамен қамтамасыз ету қағидаларын;

6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);

7) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бекітеді.

8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);

9) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Кодексімен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

16-бап. Қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның құзыреті

1. Қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган:

1) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне бару қағидаларын;

2) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидаларын;

3) пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын;

4) сотталғандарды жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жіберу қағидаларын;

5) бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазасын өтеу кезеңінде орнын ауыстыру қағидаларын;

6) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің инженерлік-техникалық қадағалау, бақылау және күзет құралдарын пайдалану қағидаларын;

7) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ерекше жағдайлар режимін енгізу қағидаларын;

8) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша – бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру қағидаларын;

9) бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидаларын;

10) бас бостандығынан айыруға сотталғандардың діни жораларды орындауы үшін жағдайлар жасау жөніндегі нұсқаулықты;

11) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша – қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде туберкулезге қарсы көмекті ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ жазаны өтеуден босатуға негіз болып табылатын аурулар тізбесін және ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынылатын сотталғандарды медициналық куәландыру тәртібін;

12) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша - қылмыстық-атқару жүйесінің

мекемелерінде санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды ұйымдастыру қағидаларын;

13) қылмыстық-атқару жүйесінің сотталған әйелдер, кәмелетке толмағандар жазасын өтеуге арналған органдары мен мекемелерінің және толық қауіпсіз режиміндегі мекемелердің күзетін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты;

14) қамаққа алу түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыратын арнаулы мекемелердің қызметі мен ішкі тәртіптемесін ұйымдастыру қағидаларын;

15) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жанындағы қамқоршылық кеңес туралы ережені;

16) қылмыстық - атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларын;

17) қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың жанындағы консультациялық-кеңесші орган туралы үлгі ережені;

18) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша – мүгедектігі бар және мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандарға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын ұсыну қағидаларын бекітеді.

2. Қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган осы Кодексте, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының және мекемелердің құзыреті

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы:

1) сот үкіміне немесе қаулысына сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мекемелерге бөлуді жүзеге асырады;

2) сотталғандарды жазаларын өтеу үшін мекемелерге жібереді;

3) мекемелерді емдеу-профилактикалық мекемелерге бекітіп береді;

4) осы Кодексте, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органы:

1) бас бостандығынан айыруға сотталғандарды сот үкіміне немесе қаулысына сәйкес қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы аумақтық органға бекітіп берген мекемелерге бөлуді жүзеге асырады;

2) сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы аумақтық органға бекітіп берген мекемелерге жібереді;

3) ауруына байланысты жазасын өтеуден босатылуға ұсынылатын сотталғандардың материалдарын қарайды және сотқа ұсынады;

4) ведомстволық бағынысты мекемелердегі емдеу-профилактикалық, туберкулезге қарсы, санитариялық-эпидемиологиялық іс-шараларға мониторингті жүзеге асырады;

5) комиссиялар құрады және олардың жұмыс регламентін бекітеді;

6) осы Кодексте, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Мекеме жазаларды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде комиссиялар құрады және олардың жұмыс регламентін бекітеді, сондай-ақ негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді іске асырады.

Мекемелердің негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне олар сотталғандардың:

1) тамақ өнімдерін, бірінші кезекте қажетті заттарды, жазу керек-жарақтарын, әдебиетті, мерзімді басылымдарды, сондай-ақ дәрі-дәрмектер мен қосымша емдеу-профилактикалық көмек көрсету үшін медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды қосымша сатып алуға;

2) мерзімі ұзақ кездесулерге;

3) қосымша емдеу-профилактикалық және осы Кодексте және мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында айқындалатын өзге де қызметтерге құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша ұсынылатын жұмыстар мен қызметтер жатады.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі аумақтық органының арнаулы медициналық комиссиясы жазасын өтеуден босату үшін негіз болып табылатын аурулардың тізбесі бойынша сотталғандарды медициналық куәландырудан өткізеді.

5. Мекемелердің комиссиялары:

1) аурулардың диагнозын анықтайды, емдеу тактикасы мен ауру болжамын айқындайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен науқас сотталғандарды медициналық-әлеуметтік сараптамаға жібереді;

2) сотталғандарға қатысты әкімшілік қадағалауды белгілеу үшін материалдарды сотқа жіберу туралы мәселені қарайды;

3) сотталғандарды психологтің профилактикалық есебіне қою және одан шығару туралы мәселені қарайды;

4) сотталғандарды жазаны өтеудің әртүрлі жағдайларына ауыстыру туралы мәселені қарайды.

6. Аумақтық орган мен мекеменің комиссиялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

1. Қазақстан Республикасының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары:

1) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультациялық-кеңесші органдарды құрады;

2) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ мекемелерден босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетуді үйлестіреді;

4) мекемелерден босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған, өмірлік қиын жағдайда деп танылған адамдарға Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді;

5) мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді;

5-1) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жүрген сотталғандарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдеседі;

6) пробация қызметінің есебінде тұрған мүмкіндіктері шектеулі кәмелетке толмағандарды ата-аналарының немесе өзге де заңды

өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберуді қамтамасыз етеді;

7) мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек және өзге де көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктерді орындайды;

8) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі мекемелерден босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік және өзге де көмек көрсетеді.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07. 2017 № 84 - VI Занымен

(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-тарау. ПРОБАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

19-бап. Пробациялық бақылау

1. Пробациялық бақылау:

1) бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған;

2) шартты түрде сотталған;

3) бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты жүзеге асырылады.

2. Пробациялық бақылаудың ұзақтығы сот үкімімен немесе қаулысымен айқындалады.

20-бап. Кәмелетке толмағандарға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру ерекшеліктері

1. Пробация қызметі:

1) бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған;

2) шартты түрде сотталған кәмелетке толмаған адамға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асырады.

Полиция:

1) бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 84-бабы бірінші бөлігінің 4) тармағында белгіленген, өзіне сот

тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шарасын тағайындаған кәмелетке толмаған адамға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асырады.

2. Пробация қызметі кәмелетке толмаған адамды есепке қою кезінде ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің, ал қажет болған кезде – педагогтің немесе психологтің қатысуымен осы Кодекстің 69, 169 және 174-баптарына сәйкес шаралар кешенін іске асырады.

3. Пробация қызметі осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген шаралармен қатар, кәмелетке толмағандарға қатысты:

1) іздестіруге кәмелетке толмаған адам ұстап алынған кезде сұрақ қою және жазаларын өтеуден жалтаруға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау үшін ата-аналарын немесе өзге де заңды өкілдерін дереу шақыртады;

2) қорғаншылық және қамқоршылық органының өкілдерімен бірлесіп, тоқсан сайын кәмелетке толмағандардың тұрғын үй жағдайларын зерттеп-қарауды акт жасай отырып, жүргізеді.

Ескерту. 20 - бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.12.2016 № 39-
VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21-бап. Пробациялық бақылау шарттары

1. Өзіне қатысты пробациялық бақылау белгіленген адам әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек алудан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда, бас тарту актімен ресімделеді.

2. Өзіне қатысты пробациялық бақылау белгіленген адам:

1) сот үкімі немесе қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап он тәулік ішінде есепке қою үшін пробация қызметіне келуге;

2) осы Кодексте белгіленген жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын өтеу шарттары мен тәртібін сақтауға;

3) профилактикалық әңгімелесуге қатысу үшін пробация қызметіне келіп тұруға;

4) жұмыс орнының және (немесе) тұрғылықты жерінің өзгергені туралы пробация қызметіне жазбаша хабар беруге міндетті.

3. Жазаның және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының максатына қол жеткізу үшін пробация қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

4. Жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар өзіне қатысты пробациялық бақылау белгіленген адамға пробация қызметі әзірлеген жеке бағдарламаға сәйкес әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетеді.

22-бап. Пробация қызметінің өкілеттіктері

Пробация қызметі:

1) өздеріне қатысты пробациялық бақылау белгіленген адамдарды есепке алуды жүргізеді;

2) сот жүктеген міндеттерді орындау және оларды орындамағаны үшін жауаптылыққа тарту тәртібін түсіндіреді;

3) пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату және пробациялық бақылау тәртібін бұзғаны үшін жауаптылыққа тарту тәртібі мен шарттарын түсіндіреді;

4) әлеуметтік-құқықтық көмек беру және оны алудан бас тарту тәртібін түсіндіреді;

5) адамның тұрғылықты жерін, оның денсаулық жағдайын, білім деңгейін және еңбекпен қамтылуын, сондай-ақ оған әлеуметтік-құқықтық көмек беру көлемін айқындау үшін қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.12.2016 № 39-

VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23-бап. Пробациялық бақылау шарттарын сақтамау салдарлары

Адам пробациялық бақылау шарттарын сақтамаған жағдайда, пробация қызметі жазбаша ескертуден кейін сотқа ұсыну жібереді.

2-БӨЛІМ. ЖАЗАЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ - ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАЙТЫН МЕКЕМЕЛЕР МЕН ОРГАНДАР. ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ

6-тарау. ЖАЗАЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ - ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАЙТЫН МЕКЕМЕЛЕР МЕН ОРГАНДАР. СОТТАЛҒАНДАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

24-бап. Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдар

1. Айыппұл, сондай-ақ мүлікті тәркілеу түріндегі жазаларды мүліктің тұрған жері бойынша және сотталған адамның жұмыс орны бойынша әділет органдары орындайды.

2. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындауды сотталған

адамның тұрғылықты жеріндегі пробация қызметі не бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау кезінде мекеме жүзеге асырады.

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімін сотталған адамның жұмыс орны бойынша ұйым әкімшілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілі бір қызметпен айналысуға берілген рұқсатты қайтарып алуға құқығы бар органдар орындайды.

3. Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру туралы сот үкімінің орындалуын уәкілетті мемлекеттік органдар бақылайды.

4. Қамаққа алу түріндегі жазаны ішкі істер органдары және әскери полиция органдары орындайды.

5. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы жазаны Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары мен ішкі істер органдары орындайды.

6. Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыру бөлігінде сот үкімін атақты, сыныптық шенді, дипломатиялық дәрежені, біліктілік сыныбын берген лауазымды адам орындайды. Мемлекеттік наградаларды оларға қоса берілген құжаттармен бірге алып қоюды олар тұратын жердегі пробация қызметі жүргізеді.

7. Түзеу жұмыстары, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаларды сотталған адамның тұрғылықты жеріндегі пробация қызметі орындайды.

8. Өлім жазасы түріндегі жазаны мекемелер орындайды.

9. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны мекемелер, сондай-ақ шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін қалдырылған немесе жіберілген сотталғандарға қатысты тергеу изоляторлары орындайды.

10. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды олардың тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдары жүзеге асырады.

11. Шартты түрде сотталған және бас бостандығын шектеуге сотталған адамдар пробация қызметінің пробациялық бақылауында болады.

12. Жазасын орындау кейінге қалдырылған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлер пробация қызметінің бақылауында болады.

13. Шартты түрде сотталған және бас бостандығын шектеуге сотталған кәмелетке толмағандар пробация қызметінің пробациялық бақылауында болады.

14. Пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі өзара іс-қимылы қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-
V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

25-бап. Жазаны өтеу орны туралы хабарлама

Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі сотталған адамның жазаны өтеу орнына келгені туралы сотталған адамның таңдауы бойынша оның жұбайына (зайыбына), туыстарының біріне не заңды өкіліне екі жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберуге міндетті.

26-бап. Сотталғандарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану

1. Бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларға сотталған, алкоголизмнен, нашақорлықтан және уытқұмарлықтан, сондай-ақ есі дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуынан (ауыруынан) зардап шегетін адамдарға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

2. Бас бостандығынан айыруға сотталған, алкоголизмнен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан емделуге мұқтаж деп танылған адамдарға мекемелер сот үкімі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданады.

3. Егер бас бостандығынан айыруды өтеу кезінде сотталған адамның осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген аурулардан зардап шегетіні анықталса, мекеме әкімшілігі сотқа оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы ұсыну жібереді.

4. Бас бостандығынан айыруға сотталған, емделудің толық курсынан өтпеген туберкулезбен немесе инфекциялық аурумен ауыратын адамдарға мекеме медициналық комиссияның шешімі бойынша міндетті ем қолданады.

5. Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты мекеме әкімшілігі оларда психикалық ауытқушылықтар мен сексуалдық зорлық-зомбылыққа бейімділіктің

бар (жок) екендігі туралы мәселені шешу үшін жазаны өтеу мерзімі аяқталғанға дейін алты айдан кешіктірмей сот-психиатриялық сараптама тағайындау үшін сотқа материалдарды жібереді. Осы бөліктің ережелері сотталған адамдардың есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуының анықталуына байланысты соттың шешімі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылатын сотталғандарға қолданылмайды.

Мекеме әкімшілігі сот-психиатриялық сараптама нәтижесі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау, ұзарту, өзгерту немесе тоқтату туралы мәселелерді шешу үшін сотқа ұсыну жібереді.

Мекеме әкімшілігі соттың қаулысын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымына медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын орындау үшін жібереді.

Өзіне қатысты соттың шешімімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы белгіленген, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның мекемелерден босатылғаны туралы хабарлама босатылғанға дейін бес жұмыс күні бұрын тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымына және ішкі істер органына жіберіледі.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-
VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

7-тарау. ЖАЗАЛАРДЫ ОРЫНДАЙТЫН МЕКЕМЕЛЕР МЕН ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

27-бап. Сот бақылауы

1. Сот жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру, сотталған адамның ауруына байланысты жазадан босату, жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлердің жазасын өтеуін кейінге қалдыру, сондай-ақ мекеменің түрін өзгерту туралы мәселелерді шешу кезінде жазалардың орындалуын бақылайды.

2. Сот сотталғандар мен өзге де адамдардың жазаларды орындайтын мекемелер мен органдар әкімшілігінің әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдарын қарайды.

3. Жазаларды орындайтын мекемелер мен органдар екі жұмыс күні ішінде үкім шығарған сотқа сотталған адамның қоғамдық жұмыстарды, түзеу жұмыстарын, бас бостандығын шектеуді, қамаққа

алуды, бас бостандығынан айыруды өтеуінің басталғаны және орны туралы және белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру, мүлкін тәркілеу, өлім жазасы түріндегі жазалардың орындалуы туралы хабарлама жібереді.

28-бап. Ведомстволық бақылау

Жазаларды орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жоғары тұрған басқару органдары мен олардың лауазымды адамдары тарапынан ведомстволық бақылау жүзеге асырылады. Ведомстволық бақылауды жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

29-бап. Мемлекеттік бақылау және қадағалау

Жазаларды орындайтын мекемелер мен органдардың қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-бап. Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу заңдылығының сақталуын қадағалау

Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу заңдылығының сақталуын жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының прокуратура органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31-бап. Қоғамдық бақылау

1. Қоғамдық байқау комиссиялары және ұлттық алдын алу тетігі қызметі нысанындағы қоғамдық бақылау осы Кодекстің 8 және 9-тарауларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мыналар қоғамдық бақылау қағидаттары болып табылады:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау;

2) заңдылық;

3) объективтілік;

4) азаматтардың қатысу еріктілігі;

5) жазаны орындау жағдайларын ескере отырып, іс-шаралар мен нәтижелердің ашықтығы мен айқындылығы;

6) кезенділік пен жеделдік;

7) нәтижелерді жазбаша құжаттау міндеттілігі;

8) мемлекеттік билік органының қоғамдық бақылаудың нәтижелері бойынша жазбаша қорытынды ұсынуға ден қол міндеттілігі;

9) азаматтың қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қатысуына байланысты оны қудалауға тыйым салу.

3. Мыналар қоғамдық бақылаудың міндеттері болып табылады:

1) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындаудың және өтеудің нормативтік құқықтық актілері мен құқық қолдану практикасын жетілдіру кезінде қоғамдық мүдделерді ескеруге жәрдемдесу;

2) жазаны орындайтын мекемелер мен органдар қызметінің жұртшылық үшін айқындылық деңгейін арттыру;

3) сотталғандардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің қорғалу деңгейін арттыру;

4) сотталғандардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына ықпал ететін себептерді және жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану;

5) жазаны орындайтын мекемелер мен органдар, сондай-ақ олардың жоғары тұрған органдары қызметінің тиімділігін бағалауға қатысу.

32-бап. Мекемелерге бару

1. Мекемелерге арнайы рұқсатсыз:

1) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегіндегі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері;

2) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оған бағынысты прокурорлар;

3) нақты істер бойынша іс жүргізу барысында судьялар;

4) қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органдарының қызметкерлері;

5) Адам құқықтары жөніндегі уәкіл;

6) осы Кодексте көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыруына байланысты ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары;

7) Бала құқықтары жөніндегі уәкіл баруға құқылы.

2. Қоғамдық байқау комиссияларының мүшелері осы Кодексте көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыруына байланысты Қазақстан

Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мекемелерге барады.

3. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, діни бірлестіктердің дін қызметшілерінің және өзге де адамдардың мекемелерге осы мекемелер әкімшілігінің не олардың жоғары тұрған органдарының арнайы рұқсаты бойынша ғана баруға құқығы бар.

4. Күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың қауіпсіздігі мен күзетін қамтамасыз ететін объектілерде кино-, фото- және бейнетүсіру жүргізу мекемелер әкімшілігінің рұқсатымен жүзеге асырылады.

5. Сотталғандарды кино-, фото- және бейнетүсіру, олармен сұхбат жүргізу, оның ішінде аудио-, бейнетехника құралдарын пайдалана отырып жүргізу олардың келісімімен жүзеге асырылады.

6. Мекемелерге бару қағидаларын қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 501-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-тарау. ҚОҒАМДЫҚ БАЙҚАУ КОМИССИЯСЫ

33-бап. Қоғамдық байқау комиссиясы қызметінің негіздері

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық байқау комиссиясы жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің қамтамасыз етілуіне, оларды ұстау жағдайлары, медициналық-санитариялық қамтамасыз ету, еңбегін, оқуын және бос уақытын ұйымдастыру бөлігінде қоғамдық мониторинг жүргізу үшін құрылады.

2. Қоғамдық байқау комиссиясы заңды тұлға болып табылмайды.

34-бап. Қоғамдық байқау комиссиясын құру тәртібі

1. Қоғамдық байқау комиссиясы азаматтардың немесе қоғамдық бірлестіктердің бастамасы бойынша құрылады.

Қоғамдық бірлестіктер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әрбір қоғамдық байқау комиссиясына бір кандидаттан ұсынуға құқылы.

2. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана аумағында өз қызметін әкімшілік-аумақтық құрылым шегінде жүзеге асыратын бір қоғамдық байқау комиссиясы құрылады.

3. Қоғамдық байқау комиссиясы үштен тоғыз адамға дейінгі құрамда күнтізбелік екі жыл мерзімге құрылады.

Қоғамдық байқау комиссиясының жұмыс кезеңінде оның мүшелерінің ауыстырылуы жүргізілуі мүмкін, бұл отырыс хаттамасында тіркеледі.

4. Қоғамдық байқау комиссиясы жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарға алты ай бойы бармаған жағдайда, оның қызметі тоқтатылды деп есептеледі.

5. Қоғамдық байқау комиссиясын оның мүшелерінен көпшілік дауыспен сайланатын, оның қызметіне басшылықты жүзеге асыратын төраға басқарады.

6. Жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың жоғары тұрған органдарына қоғамдық байқау комиссиясының дербес құрамы бекітілетін және оның төрағасы сайланатын өзінің бірінші отырысының хаттамасын беру қоғамдық байқау комиссиясы қызметінің басталуы болып табылады.

7. Қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, оның төрағасы он күн ішінде тиісті құжаттарды беру мерзімдері мен тәртібін көрсете отырып, бос орынға конкурс туралы жариялайды.

35-бап. Қоғамдық байқау комиссиясының мүшелеріне қойылатын талаптар

1. Қазақстан Республикасының жиырма бір жасқа толған азаматы қоғамдық байқау комиссиясының мүшесі бола алады.

2. Мыналар:

1) заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар;

2) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдікті немесе айыпталушы;

3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

4) судьялар, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың жұмыскерлері;

5) психиатрда және (немесе) наркологта есепте тұрған адамдар қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері бола алмайды.

3. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9) – 12) тармақтары және 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған, теріс себептер бойынша мемлекеттік немесе әскери қызметтен, құқық қорғау

органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған, адвокаттық қызметпен айналысуға берілген лицензиядан айырылған адамдар да қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері бола алмайды.

4. Нақ бір адам бір мезгілде бірнеше қоғамдық байқау комиссиясының мүшесі бола алмайды.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-
V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

36-бап. Қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің құқықтары мен міндеттері

1. Қоғамдық байқау комиссиясының мүшесі:

1) осы Кодексте белгіленген тәртіппен, құрылған топ құрамында жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарға баруға;

2) жазаларды орындайтын мекемелер мен органдардың лауазымды адамдарымен кездесуге, олардан қоғамдық байқау комиссиясының қызметіне қатысты мәселелер бойынша ақпарат алуға;

3) осы Кодекстің 38-бабы үшінші бөлігінің ережелерін ескере отырып, жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандармен куәларсыз, жеке немесе қажет болған кезде аудармашы арқылы әңгімелесуді жүргізуге, олардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылу мәселелері бойынша өтініштер қабылдауға;

4) сотталған адамның жазбаша келісімімен оның өтініш жасауына байланысты материалдармен танысуға;

5) жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты мәселелер бойынша олардың әкімшілігіне, жоғары тұрған органдарға, прокуратура органдарына өтініш жасауға;

6) қоғамдық байқау комиссиясы қызметінің аясына жататын мәселелерді қарау кезінде сот отырыстарына қатысуға;

7) жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігіне өз қызметінің нәтижелері туралы жазбаша нысанда хабар беруге құқылы. Жазаны орындайтын мекеме немесе орган анықталған кемшіліктерді жоймаған жағдайда, бұл жөнінде олардың жоғары тұрған органдарына және (немесе) прокуратура органдарына хабар беруге;

8) прокуратура органдарымен келісу бойынша олар жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жүргізетін тексерулерге қатысуға құқылы.

2. Қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері өз өкілеттіктерін орындау кезінде жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға, олардың әкімшілігінің заңды талаптарына бағынуға міндетті.

3. Жазаны орындайтын мекемеге не органға бару жөніндегі топқа кіретін қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің бейтараптығына күмән туғызатын мән-жайлар болған кезде, ол оған қатысудан бас тартуға міндетті.

37-бап. Қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің өкілеттіктерін тоқтату

1. Қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің өкілеттіктері оның жұмыс істеу мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ:

- 1) өз өкілеттіктерін доғару туралы жазбаша өтініш берілген;
- 2) ол қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
- 3) оның кандидатурасын ұсынған қоғамдық бірлестік таратылған;
- 4) оның кандидатурасын ұсынған қоғамдық бірлестік кері шақырып алған;
- 5) осы Кодекстің ережелері бұзылған;
- 6) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 7) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;
- 8) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 9) қоғамдық байқау комиссиясының жұмысына үш ай бойы қатыспаған;
- 10) заңда көзделген өзге де жағдайлар басталған кезде тоқтатылады.

2. Комиссия төрағасы жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың жоғары тұрған аумақтық органына үш жұмыс күні ішінде қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің өкілеттіктері тоқтатылғаны туралы хабар береді.

38-бап. Қоғамдық байқау комиссиясы қызметінің нысандары

1. Мыналар қоғамдық байқау комиссиясы қызметінің нысандары болып табылады:

- 1) жазаны орындайтын мекемелер мен органдарға бару;
- 2) жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандармен оларды ұстау жағдайларына шағымдары бойынша кездесулер;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өтініштер жіберу;

4) жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға сенімхат бойынша сотқа шағымдар мен талап арыздарын дайындау және жіберу, сотта сөз сөйлеу;

5) жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандарға сауалнама жүргізу, пікір сұрау және олармен сұхбат жүргізу;

6) қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органымен келісу бойынша жобалар мен бағдарламаларды іске асыру;

7) жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің қамтамасыз етілуіне, оларды ұстау жағдайлары, медициналық-санитариялық қамтамасыз ету, еңбегін, оқуын және бос уақытын ұйымдастыру бөлігіндегі қоғамдық мониторингтің нәтижелері туралы жұртшылыққа хабар беру.

2. Қоғамдық байқау комиссиясының жазаны орындайтын мекемелер мен органдарға баруын құрамында кемінде екі мүшесі бар топтар жүзеге асырады.

Қоғамдық байқау комиссиясы кемінде бір тәулік бұрын жазаны орындайтын мекеменің немесе органның бастығын жоспарланып отырған бару туралы хабардар етуге міндетті.

3. Қоғамдық байқау комиссиясы мүшелерінің жазаны орындайтын мекемеге және органға барған кездегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету олардың әкімшілігіне жүктеледі.

Қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің сотталған адаммен оңаша әңгімелескен кезде өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуден бас тартуы жазбаша ресімделеді.

4. Қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері барған кезде адамның жеке өмірі туралы өздеріне мәлім болған мәліметтерді оның келісімінсіз жария етуге құқылы емес.

Көрсетілген талапты бұзу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

5. Жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне қоғамдық байқау комиссиясы мүшелерінің араласуына жол берілмейді.

6. Жазаны орындайтын мекемеде немесе органда ерекше жағдайлар режимі енгізілген кезеңде қоғамдық байқау

комиссиясының оларға бару жөніндегі өкілеттіктері тоқтатыла тұрады.

9-тарау. ҰЛТТЫҚ АЛДЫН АЛУ ТЕТІГІ

39-бап. Ұлттық алдын алу тетігі

1. Ұлттық алдын алу тетігі ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметі арқылы жұмыс істейтін, азаптаудың және қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі түрінде қолданылады.

2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары өз қызметі шеңберінде жазаны орындайтын мекемелер мен органдарға барады.

3. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ Үйлестіру кеңесі іріктейтін, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық байқау комиссияларының және қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары болып табылады.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіреді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қажетті әлеуеті мен кәсіптік білімін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады.

5. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала бару жөніндегі шығыстарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

40-бап. Үйлестіру кеңесі

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанынан Үйлестіру кеңесі құрылады.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қоспағанда, Үйлестіру кеңесінің мүшелерін Адам құқықтары жөніндегі уәкіл құратын комиссия Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан сайлайды.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл:

1) Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені;

2) ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларын іріктеу тәртібін;

3) алдын ала бару үшін ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан топтар құру тәртібін;

4) алдын ала бару жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды;

5) алдын ала бару қорытындылары бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау тәртібін бекітеді.

3. Үйлестіру кеңесі Біріккен Ұлттар Ұйымы Азаптауға қарсы комитетінің азаптаудың және басқа да қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі кіші комитетімен өзара іс-қимыл жасайды.

41-бап. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына қойылатын талаптар

1. Мыналар:

1) заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар;

2) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдікті немесе айыпталушы;

3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

4) судьялар, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері;

5) психиатрда және (немесе) наркологта есепте тұрған адамдар ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.

2. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9) – 12) тармақтары және 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған, теріс себептер бойынша мемлекеттік немесе әскери қызметтен, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған, адвокаттық қызметпен айналысуға берілген лицензиядан айырылған адамдар да ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.

Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-Ү Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

42-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының құқықтары

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы:

1) алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандардың саны, осындай мекемелердің саны және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алуға;

2) алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ оларды ұстау жағдайларына қатысты ақпаратқа қол жеткізе алуға;

3) құрылған топтардың құрамында белгіленген тәртіппен алдын ала баруды жүзеге асыруға;

4) алдын ала болуға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен кұаларсыз, жеке немесе қажет болған кезде аудармашы арқылы, сондай-ақ ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының пікірі бойынша тиісті ақпарат бере алатын кез келген басқа адаммен әңгімелесу жүргізуге;

5) алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдарды кедергісіз таңдауға және соларға баруға;

6) азаптаудың және қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы хабарлар мен шағымдарды қабылдауға құқылы.

2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы заңды қызметін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болып табылады.

43-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының міндеттері

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары өз өкілеттіктерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне араласуына жол берілмейді.

3. Алдын ала бару жөніндегі топқа кіретін ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының бейтараптығына күмән туғызатын мән-жайлар болған кезде, ол алдын ала баруға қатысудан бас тартуға міндетті.

4. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары азаптаудың және қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы қабылданатын хабарлар мен шағымдарды Адам құқықтары жөніндегі уәкіл айқындайтын тәртіппен тіркеуге міндетті.

Қабылданған хабарлар мен шағымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қарауына беріледі.

Қабылданған және берілген хабарлар мен шағымдар туралы ақпарат алдын ала бару нәтижелері жөніндегі есепке енгізіледі.

5. Осы Кодекстің ережелерін бұзған ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары заңда белгіленген жауаптылықта болады.

44-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының өкілеттіктерін тоқтату

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының өкілеттіктері:

- 1) осы Кодекстің ережелері бұзылған;
- 2) өз өкілеттіктерін доғару туралы жазбаша өтініш берілген;
- 3) ол қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
- 4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 5) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;
- 6) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 7) заңда көзделген өзге де жағдайлар басталған кезде тоқтатылады.

45-бап. Алдын ала барудың түрлері мен кезеңділігі

1. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала баруы былайша бөлінеді:

- 1) төрт жылда кемінде бір рет тұрақты негізде жүргізілетін кезеңдік алдын ала бару;
- 2) алдыңғы кезеңдік алдын ала бару нәтижелері бойынша ұсынымдардың іске асырылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың әкімшіліктері тарапынан ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары әңгімелесу жүргізген сотталғандарды қудалаудың алдын алу мақсатында, кезеңдік алдын ала бару аралығындағы кезеңде жүргізілетін аралық алдын ала бару;
- 3) азаптаудың және қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы келін түскен хабарлардың негізінде жүргізілетін арнаулы алдын ала бару.

2. Үйлестіру кеңесі бөлінген бюджет қаражаты шегінде алдын ала бару мерзімдері мен алдын ала баруға жататын мекемелердің тізбесін айқындайды.

46-бап. Алдын ала бару тәртібі

1. Алдын ала баруды Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан құратын топтар жүргізеді.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының ешқайсысын алдын ала бару үшін топтарды құру кезінде тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне

байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшыратуға болмайды.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың әкімшілігіне жүктеледі. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының құқыққа сыйымсыз әрекеттері орын алған жағдайда, алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдар әкімшілігінің басшысы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге жазбаша хабар береді.

4. Әрбір алдын ала барудың нәтижелері бойынша топтың атынан Үйлестіру кеңесі бекіткен нысан бойынша жазбаша есеп жасалады, оған алдын ала баруды жүзеге асырған топтың барлық мүшелері қол қояды. Ерекше пікірі бар топ мүшесі оны жазбаша түрде ресімдейді және есепке қоса береді.

47-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасы

1. Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасын олардың алдын ала бару нәтижелері бойынша есептерін ескере отырып дайындайды.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасына:

1) уәкілетті мемлекеттік органдарға алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандармен қарым-қатынас жағдайларын жақсартудың және азаптау мен қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөнінде ұсынымдар;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар да енгізіледі.

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасына өткен жылғы алдын ала бару жөніндегі қаржылық есеп қоса беріледі.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасы қарау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберіледі және оны Үйлестіру кеңесі бекіткен күннен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің интернет-ресурсында орналастырылады.

48-бап. Құпиялылық

Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары алдын ала бару барысында өздеріне мәлім болған сотталған адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз жариялауға құқылы емес.

Көрсетілген талапты бұзу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

49-бап. Уәкілетті мемлекеттік органдардың ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларымен өзара іс-қимылы

1. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына олардың заңды қызметін жүзеге асыруына жәрдем көрсетеді.

Бірде-бір мемлекеттік орган немесе лауазымды адам азаптау мен қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылу фактілері туралы ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына хабарлағаны үшін азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін шектеуге құқылы емес.

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының заңды қызметіне кедергі келтіретін лауазымды адамдар заңда белгіленген жауаптылықта болады.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдар ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасын алтын күннен бастап үш ай ішінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілге алынған баяндамаларды қарау нәтижелері бойынша қолданылған шаралар туралы жазбана нысанда хабар береді.

3. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала бару нәтижелері бойынша есептері негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді қозғау не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау туралы өтінішхатпен жүгінуге құқығы бар.

Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-У Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Қазақстан Республикасының қылмыстық – атқару құқығының ұғымы мен міндеттері	4
1.1 Қылмыстық – атқару құқығының түсінігі	4
1.2 Қылмыстық – атқару құқығының қағидаттары	6
1.3 Қылмыстық – атқару құқығы ғылымы	8
1.4 Қылмыстық – атқару құқығы курсының жүйесі және оның пәні	10
2 Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесінің тарихы	11
2.1 Қазақстанның түрмелерінің тарихи – құқықтық негіздері	11
2.2 Қазақстанның түзеу колонияларының тарихи-құқықтық негіздері.	22
2.3 Қазақстанның тәрбиелеу колонияларының тарихи-құқықтық негіздері.	29
3 Қазақстан Республикасының қылмыстық – атқару заңнамасы	38
3.1 Қылмыстық – атқару заңнамасының түсінігі, мақсаттары, міндеттері мен нысандары және қайнар көздері	38
3.2 Қылмыстық – атқару құқығы нормаларының түсінігі, мәтіні, түрлері мен құрылымы.	40
3.3 Қылмыстық – атқару құқық қатынастары	43
4 Қазақстан Республикасындағы сотталғандардың құқықтық жағдайы	46
4.1 Қылмыстық жазасымен сотталған адамдардың құқықтық жағдайының түсінігі	46
4.2 Сотталғандардың негізгі құқықтары мен міндеттері	47
4.3 Сотталғандардың ұсыныстарын, өтініштерін және арыздарын қарау тәртібі	50
5 Мемлекеттік органдардың жазаларды және өзге де Қылмыстық – құқықтық ықпал ету шараларын орындау саласындағы құзыреті	53
5.1 Мемлекеттік органдардың құзыреттері	53
5.2 Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті	55
5.3 Пробациялық бақылауды жүзеге асыру	56
6 Жазаларды және өзге де қылмыстық – құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдар	58
6.1 Жаза атқаратын мемлекет мекемелері мен органдардың түрлері және міндеттері	58

6.2 Сотталғандарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану	59
6.3 Жазаларды орындайтын мекемелер мен органдардың қызметін бақылау	61
Әдебиеттер	66
А қосымшасы ҚР Қылмыстық - атқару кодексі (жалпы бөлік)	68

Г. Б. Ахмеджанова, С. К. Бастемиев

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ – АТҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ**

Оқу құралы

Техникалық редактор З. Ж. Шокубаева
Жауапты хатшы З. С. Искакова

Басуға 26.04.2019 ж.

Әріп түрі Times

Пішім 60x90/16. Офсеттік қағаз

Шартты баспа табағы 5,93. Таралымы 300 дана

Тапсырыс № 3413

«Toraighyrov University» Баспасы

С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар к., Ломов к., 64